

Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.  
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.



# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**12/2015 ЖЕЛТОҚСАН**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

## МАЗМҰНЫ

### *Ғылыми ойлар отауы*

Н.ДҮЙСЕНБЕКОВА.	Оқушылардың даму жетістіктері - сындарлы оқытуды ұйымдастыру барысы ең маңызды факторы.....	3
А.САДЫҚОВА.	Қазақ және орыс тілдеріндегі айырмашылықтар және оларды салыстыра оқытудың мемлекеттік тілде сөйлеуге үйретудегі маңызы.....	9
М.СҰЛТАНҒАЛИЕВА.	Кәсіптік қазақ тілі: оқытудағы өзекті мәселелер.....	15
Г.СМАҒҰЛОВА.	Жаңа Қазақстандық патриотизм - жастар жүрегінде.....	29

### *Тарихи тұлға тағзылымы*

Р.ТЕМІРОВА.	Мағжан мен Елбасының жастарға деген сенімділігінің сабақтастығы.....	36
-------------	---	----

### *Абай Құнанбайұлының туғанына 170жыл!*

А.ҚҰМАРОВА.	«Жасаулы деп, малды деп байдан алма...».....	39
-------------	---	----

### *Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті*

Г.ИСКАКОВА.	Ғабит Мүсірепов. «Тимка - Димка» әңгімесі.....	49
А.АСРЕПОВА.	Ахмет Байтұрсынұлының И.А.Қрыловтан аударған «Аққу, шортан Нәм шаян» мысалы.....	52

### *Әдістеме әлемінде: қазақ тілі*

Р.ЖАҚСЫҒҰЛОВА .	Отбасындағы әке мен баланың қарым-қатынасы.....	58
А.УТКЕЛЬБАЕВА.	Ұлттық тағамдар.....	82
Н.ТАСТАНБЕКОВА.	Нәтиже сабақ.....	87
А. ДОБАРОВА.	Көлік түрлері.....	89
Г.ТҰРСЫНОВА.	Шай. Кофе ішу.....	93
Л.ҮСЕНЖАНОВА.	Қазақстан табиғаты.....	99
А.ҚҰМАРҒАЛИЕВА.	Менің отбасы мүшелерім қай тілде сөйлейді? Септік жалғауы. Жіктік жалғауы.....	101

### *Білім негізі - бастауышта*

Г.МҰҚАНОВА.	Сусындар.....	104
Д.КӨПШІЛБАЕВА.	Сүт тағамдары.....	108

### *Сайыс сабақ*

А.МҰХАМЕДЬЯРОВА.	Ана тілі - арын бұл!.....	114
------------------	---------------------------	-----

### *Білім сынағында*

Ш.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.	Диктант түрлері.....	118
-------------------	----------------------	-----

### *Сыныптан тыс шара*

М.ӘБЖАНОВА.	Тәуелсіздік тұғыры биік болсын!.....	125
Ғ.ЖАҚАЕВА.	Достықты бағалай біл.....	130
Д.ЖАНАБЕКОВА.	Мемлекеттік тіл.....	136

### *Мүғалімдерге көмек*

И.ҚАЗЫМБЕК.	Даланың дара ұстазы.....	140
-------------	--------------------------	-----

Н.ДҮЙСЕНБЕКОВА,  
№252 Г.Н.Ковтунов атындағы  
орта мектеп.  
Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданы

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАМУ ЖЕТІСТІКТЕРІ - СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған.

Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген. Сындарлы теорияның тиімділігін жақтаушылардың басым бөлігі дайын білім беруге негізделген оқыту тәсілдерінің білімді меңгеру былай тұрсын, олар бойынша терең түсінік қалыптастырып, бастапқы білімді жаңа біліммен өзара байланыстыруға да мүмкіндік тудыра бермейтінін тілге тиек етеді.

Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған

өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жәй ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, содай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі.

Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен сенімдері жайында

ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды.

Әлеуметтік-сындарлылық тұрғыдан білім беруді түсіну «Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Әлеуметтік-сындарлылық идеяларының қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері «Диалог негізінде оқыту және оқу» мен «Қалай оқу керектігін үйрету» ретінде қолданылады. Себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде білім беру мен білім алу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. «Қалай оқу керектігін үйрету» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

«Білім алуды үйретудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. «Метатану» деп

индивид қалай ойлайтынын, оқытынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін айтамыз.

Мұғалімнің оқушының оқу үлгерімін ғана, түсініп оқуын ескеретін оқу үдерісі материалды терең игеруге ықпал етеді.

Оқу дағдылары

Түсіну

Метатану

«Метатану» термині оқушылардың саналы білім алуы мен ойлауын дамытуға ықпал ететін бірқатар үдерістерге қолданылады (білу, түсіну, реттеу). Әдетте мұғалімнен үнемі көмек сұрайтын бірнеше оқушы болады. Ол жай оқушының мұғалімге тәуелділігін көрсетеді: метатануды игермеген оқушылар қиындық кездескен кезде үнемі басқа адамнан көмек сұрайды. Метатану әдістерін меңгерген оқушылар білім беру мен оқудың үздіксіз үдерісінің жалпы мүддесінде мұғалімдермен тең әрекеттеседі және ақыр соңында мұғалімнің функциясын өздері атқарады. Егер оқушылар өзінің оқу үдерісін бақылауды үйреніп, шын қажет болғанда ғана көмек сұраған жағдайда, мұғалімдерде оқу үдерісін өнімді қылу үшін оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге уақыт табады.

Сөз соңында айтатыным: Оқушылар алған білімдерін мәңгі жадында сақтап, оны кез келген жерде қолдана алса онда білім сапалы болады. Ал егер алған білімдері механикалық түрде есте сақталып, мән-мағынасы терең меңгерілмесе онда оқушы оны өмірде пайдалана алмайды және ол білімдері керексіз

болып қала береді. Сондықтан жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындағаннан гөрі көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты білім беруге ерекше көңіл бөлуіміз қажет.

“Маған айт, мен оны ұмытамын, көрсет, мүмкін, есімде сақтармын, мені қызықтыр, мен сонда түсінемін».

Дәстүрлі оқыту	
Мұғалімнің әдістері	Оқушының іс-әрекеті
Тақырыпты түсіндіреді.	Мазмұнын айтып береді.
Тақырып туралы айтып береді.	Мінездеме береді.
Тақырыптың идеясын анықтайды.	Оқулық бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.
Көркемдік ерекшелігін мысалдар арқылы түсіндіреді.	Негізгі сөздерді тауып, айтып береді, дәптерлеріне жазады.
Тақырыпқа байланысты жаттығу тапсырады.	Орындайды.
Сабақты қорыту сұрақтары қойылады.	Жауап береді.

Сындарлы оқыту	
Мұғалімнің әдістері	Оқушының іс-әрекеті
Топқа бөліп, ой қозғайды	Ұжыммен жұмыс жасайды
Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.	Мәтінмен өздері танысады
Тақырыптағы ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады.	Әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді.
Негізгі ерекшеліктерін тануға бағыттайды.	Жеке талдайды, қарайды, салыстырады.
Ерекшелігі туралы сұрақ қояды.	Ізденеді, жауап береді.
Өз ойларын жазуды ұсынады.	Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.
Ойларын қорытуға бағыттайды.	Өз тұжырымдамасын жасайды.

1. Оқушылар күні бұрын берілген тапсырма мен сабақ үстінде берілген тапсырмалармен қосымша ізденеді, өз бетімен дайындалады.

2. Оқушы ой қиялының дамуына, пікір айтуына еркіндік беріледі.

3. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді.

4. Өзгенің пікірін тындап, оған өз көзқарасын қоса білуге үйренеді.

5. Шыншылдық, әділдікке дағдыланады.

6. Өзгенің пікірімен санасуға үйренеді.

7. Әр түрлі шығармашылық жұмыстарға дағдыланады.

8. Өз пікірін қорғай, дәлелдей алады.

9. Топпен жұмыс істеуге үйренеді.

10. Жан дүниесін тәрбиелейді.

А.САДЫҚОВА,  
№9 ЖББОМ.  
Семей қаласы

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САЛЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

(Жалғасы. Басы №11-санда)

Көмекші сөздер көмекші есімдер және көмекші етістіктер деген екі салаға бөлінеді. Бұлар бірде негізгі сөз ретінде қолданылса, енді бірде көмекші сөз қызметін атқарады. Орыс тілінде көмекші есімдер жоқ. Қазақ тілінде көмекші сөздерге шылау (жалғаулық, септеулік, демеулік), одағай, еліктеу сөздер, модаль сөздер, орыс тілінде жалғаулықтар (союзы), септеуліктер (предлоги), демеуліктер (частицы), одағай (междометие) жатады. Олардың мағынасы әр түрлі амал-тәсілдер арқылы беріледі. Орыс тілінде еліктеу сөздер одағай сөздермен бірге қарастырылады. Ал, модаль сөздер орыс тілінде ешқашанда сөз табына жатпайды. Шылаулардың жазылу емлесі де, тыныс белгілері де грамматикамен байланысты. Орыс мектебінде қазақ тілінің синтаксисі де өтіледі. «Синтаксис қазақ тіл білімінің ең қиын тарауы екені мәлім.» Синтаксистің басты объектісі екеу. Бірі-сөз тіркесі, екіншісі-сөйлем. Сөйлемсіз ойды жеткізу мүмкін емес. Ал, сөйлеу әрекеті сөйлемнен тұрады. Адамның ең қысқа ойы да адамға сөйлем арқылы жеткізіледі. Сондықтан оқушы өз ойын

### АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

*Мұғалім. Бұл адамның ардақты аты,*

*Білімдік бар биікке шығар саты.*

*Ең алғаш басталады осы адамнан,*

*Сүйеді сондықтан да жақын, жаты...*

*Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді,*

*Сыйлайды, мәңгі бақи беріп төрін.*

*Сәбит Мұқанов.*

*Мұғалім-мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі.*

*Я.А.Коменский.*

*Жалғыз екенсің, артыңнан ерген ізбасарың жоқ екен, онда құның шамалы, шәкіртсіз ұстаз да бұтақсыз ағаш сияқты.*

*Ыбырай Жақаев.*

жеткізу үшін сөйлемнің қалай құралатынын білу керек. Ал, сөйлем сөз тіркестерінен тұратын болса, сөз түрлендіруші қосымшалармен тікелей байланысты. Сөз түрлендіруші қосымшалардың қолдану дағдысы тек сөз тіркестерінде қалыптастырылады. Мысалы, “*Азамат мектепке жаяу келді*” деген сөйлемді алар болсақ, олар жеке-жеке “*Азамат, мектеп, жаяу, келу*” сияқты сөздерден тұрады. Сондықтан оқушы өз ойын екінші адамға дұрыс жеткізу үшін белгілі грамматикалық ережелерді меңгеруі тиіс. Лексикалық тақырыптар мен грамматикалық тақырыптардың келісті жұптастырылуы көп нәтиже береді. Оқушының тілін дамыту лексикалық және грамматикалық тұлғаларды меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру, сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы тілдік әрекетке жетелеу болып табылады.

Синтаксисті оқытуда сөздердің сөйлемдегі орны туралы анық мағлұмат беру өте қажет. Сөз тіркестерінде сөздердің грамматикалық байланысуы қазақ тілінде жалғау, шылау, орын тәртібі және интонация арқылы жүзеге асады.

Орыс тілінде тек (род) категориясы, септік жалғаулары, жекеше, көпше түрде бір-бірімен байланысады (золотые часы, жастық шақ).

Сөйлемдердің айырмашылығы:

1. Орыс тілінде сөйлемдегі сөздердің тәуелдік жалғаулары арқылы байланысуы шектеулі. Мысалы, *отчий дом, лисья шуба*.

2. Қазақ тілінде интонация арқылы байланысу шектеулі.

Жай сөйлемдерді өткенде, екі тілде де сөйлем жай сөйлем, құрмалас сөйлем болып жіктелетінін және де

құрылысы жағынан да бір құрамды, екі құрамды болып келетініне тоқталып өтеміз. Сөйлем мүшелерін өткенде кездесетін кедергі-оқушылардың баяндауышты тек етістіктен жасалады деп түсінуі. Сөйлем мүшелеріне келсек, екі тілде де анықтауыштан басқа мүшелердің қызметі бірдей. Ал анықтауышқа байланысты айырмашылықтар бар.

Орыс тілінде анықтауыштың (согласованное определение), қиыспайтын анықтауыш (несогласованное определение), айқындауыш мүше (приложение).

Орыс тілінде сөйлем баяндауыштан да бастала беруі заңды құбылыс болса, қазақ тілінде бастауыш сөйлемнің басында, баяндауыш соңында қолданылатын, әр сөйлем мүшесінің сөйлемде тұрақты орын болатынын оқушы білумен бірге, сөйлемдерді сол заңдылыққа қарай құрай білу дағдысын игереді. Сол сияқты сөйлемнің түрлерін білгізумен бірге, оларды сөйлемде қолдану дағдысы да тілді оқу кезінде қалыптастырылады. Сонымен, қазақ тілінің грамматикасын оқытуда, ол екінші тіл болғандықтан, практикалық бағыт басым болады.

Грамматикалық мәліметтің бәрін сөйлеуде дұрыс қолдануға үйрету керек. Ұлт мектебінде грамматиканы оқыту дұрыс сөйлеу үшін ғана емес, ол ойын қазақша дұрыс жаза білуде де қажет. Сондықтан оқушының қазақша тілі ауызша да, жазбаша да дамуы міндетті болып саналады. Грамматиканы оқытудың осы мақсатқа жетуде атқаратын қызметі бар. Жазу көпшілік жағдайда грамматикаға негізделеді. Ф.Оразбаева жазылым әрекеті ұғымның түсіндіруде оның әдістемелік ерекшелігіне тоқтала келе, былайша түйіндеген “Жазылымның әдістемелік ерекшелігі-графика мен орфографияны,

жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту”.

Сонымен бірге Ф.Оразбаева қазақ тілін сауатты үйрету үшін, оқушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлау маңыздылығына ерекше мән береді. Профессор Н.Оралбаева айтқандай, жаттығулар жеңілден басталып, бірте-бірте күрделенуі тиіс. Мысалы, қазақ жазуының емлесі көбіне морфологиялық принципке негізделген. Ол принцип бойынша сөздің түбірі сақталып жазылады. Бұл түбір морфеманы, сөз құрамын білуді қажет етеді, ал ол-сөзжасам, орфография, грамматиканың мәселесі.

Әр түрлі тапсырмалар арқылы бірыңғай ұлттық тестке дайындау кезінде 11-сынып оқушылары екі тілдегі айырмашылықтарды табуға тырысады. 2013-2014 жыл қорытындысы бойынша салыстыра оқытудың дәлелі ретінде 11 а,б сыныптарының білім сапасын айтуға болады.

Өткен оқу жылының үлгерім сапасын салыстырмалы түрде көрсететін болсақ, сыныптардың білім сапасы да жоғары дәрежеде, ерекшелігі, құндылығы оқушылардың білім сапасын едәуір арттыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың қажетті дәрежеде меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оқушылардың ойынша, екі тілдегі грамматиканы салыстыра оқыту уақытты үнемдейді және өте жеңіл, тез ұғынуға көмектеседі.

Құрмалас сөйлемдерге келсек, қазақ тілінде құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен шылаулар, есімше, көсемше, шартты рай тұлғалары, интонация арқылы байланысса, орыс

тілінде жалғаулық шылаулар мен интонация арқылы байланысады. Екі тіл де құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем аралас құрмалас сөйлем деп аталады. Қазақ тілінде көп компонентті құрмалас сөйлемдердегі басыңқы,бағыныңқы сөйлемдер бір-бірімен, негізінен салаласа, сабақтаса байланысса, орыс тілінде салаласа, сабақтаса, жалғаулықсыз байланыса береді екен. Тестілеуге дайындық кезінде оқушылар осы айырмашылықтарды білгені жөн. Тілдік материалдармен қоса қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтарында мақал-мәтелдерді көп қолданған жөн сияқты. Мақалдарды екі тілде салыстыра отырып, біріншіден, оқушының өзіне таныс ана тілі арқылы сөздік қорын байыту. Екі тілде кездесетін мақал-мәтелдерді қатар қолданған тиімді. Екіншіден, мақал-мәтелдер-өмір тағылымы, олардың мән-мағынасының екі тілде де ұқсас болуы, оқушының логикалық ойлау қабілетін жетілдіріп, өзіндік ой пайымдауына мүмкіндік беру. Үшіншіден, екі халықтың мәдениеті, әдебиетімен танысу, мақал-мәтелдердің әр тілде қолдану ерекшеліктерін аңғарту.

Төртіншіден, меңгерген мақал-мәтелдерін өзінің күнделікті өмірінде пайдалануға дағдыландыру.

Екі тілді салыстыра келе оқушыларға көрсете білу-бұл сауатты да, білімді оқушыларды көбейте білу, бөтен тілді ұғындыра білу, оқи алу, түсіну және де сол тілде сөйлей білуге үйрету. Салыстырмалы түрде оқыту оқушының санасына тез орнығады. Бұның тағы бір ұтымды тұсы-екі тілді қатар алып жүру, демек, оқушы бір ғана емес, екі бірдей тілдің грамматикалық құрылымын салыстыра оқыту бұл-тілді жеделдете үйретудің басты жолы. Себебі, салыстыра оқыту барысында оқушылар

түрлі грамматикалық я болмаса лексикалық тұлғаларды есінде тез сақтап қалады.

Тіл-мәдениет айнасы. Тіл арқылы тек қана адам және оның қоршаған ортасы, өмірінің әлеуметтік жағдайы емес, сонымен қатар халықтың қоғамдық танымы, дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы көрінеді. Қорыта келгенде, орыс тілді мектептерде қазақ тілін орыс тілімен салыстыра отырып оқыту өте тиімді.

Әдебиеттер:

1 Қазақ, орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы. Авторлары Жағыпар Мұсаұлы. Раушан Әміренова Көкшетау, 2003 жыл.

2 Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. “Ана тілі”, 1994 жыл.

3 Вопросы сочетания главных членов предложения в русском и казахском языках. Мектеп, 1985 жыл.

4 Қазақ және орыс тілдеріндегі айырмашылықтар және оны салыстыра оқыту. Е.Қауысқызы.”Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде“ журналы, №12,2005 жыл.

5 Әлметова Ә. Айтылым-сөйлеу әрекеттің өнімді түрі. “Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде” №3, 2005.

6 Қазақ тілі мен орыс тілінің фонеткалық жүйесінің салыстырмалы мінездемесі. К.Исмаилова. “Қзақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде” №1, 2005 жыл.

7 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. Алматы, 2005 жыл.

8 Досымбекқызы Ж. “Жаңа кезеңдегі қазақ тілін оқытудың басты бағыттары”“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде” №6, 2005 жыл.



М.СҰЛТАНҒАЛИЕВА,  
Рудный индустриялық  
институты.  
Рудный қаласы

## КӘСІПТІК ҚАЗАҚ ТІЛІ: ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада жоғары оқу орындарындағы кәсіптік қазақ тілін оқытудағы өзекті мәселелер: студенттерге кәсіптік терминдерді меңгерту, мәтіндермен жұмыс түрлері, кәсіби тілдік ортаны қалыптастырудағы атқарылып жатқан жұмыстар сөз болады. Терминологиялық сөздікпен жұмыс жасауда қол жеткен табыстар мен кездесетін қиындықтар туралы мәселе қозғалады, осы мақсаттарға жетуде сабақта қолданылатын интерактивті әдістер мысалға алынады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» ана тіліміздегі терминология саласын қазіргі талаптарға сай, қазақ тілін іс жүзінде мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру жолындағы келелі міндет болып отырғаны айтылған. Бүгінгі күні жаңа технологиямен халықаралық стандартқа сай мамандар дайындаумен қатар техникалық инженер кадрларды мемлекеттік тілді кәсіби маман ретінде даярлау - өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда ЖОО-ның оқыту бағдарламасына практикалық қазақ тілін оқытумен қатар кәсіптік қазақ тілі пәні енгізілді.

Пәннің негізгі мақсаты – студенттерді кәсіби тілдік дайындықпен қамтамасыз ету, кәсіби тілде арнайы



терминдерді қолдана отырып, еркін қарым-қатынас жасай алуға бағыттау. ЖОО оқытушысы ретінде осы мәселені шешуде мүмкіндігімізше қызмет атқарып келеміз. Өз бетімізше оқу-әдістемелік құрал жазып, мамандыққа қатысты мәтіндер құрастыру, күнделікті сабақта терминдермен жұмыс жасау үйреншікті іске айналып келеді. Дегенмен, оның да өзіндік шешілмеген тұстары жеткілікті, осы еңбегімде сол мәселелерге тоқталғым келеді.

Қазақстанның білім беру жүйесінде мемлекеттік тілге, соның ішінде кәсіптік қазақ тіліне берілген сағат саны да, сонымен қатар студент қауымының тілді үйренуге деген талпынысы да әр түрлі. Соңғы жылдарда біздің де студент-шәкірттеріміздің басым көпшілігі өздерінің кәсіптік мамандықтарына қарай бейімделген деңгейде тіл үйренгілері келеді. Осы мақсатта берілген сағаттың басым көпшілігі мамандық әлеміне алғашқы қадам - термин сөздерді игеруден басталады. Алғашқы сабақтардың өзінде-ақ терминологиялық сөздіктермен танысып, мамандықтарына қатысты терминдерді, әсіресе, етістіктерді жазып аламыз. Осы жұмыста оқытушыға көбіне студенттердің өздері көмектеседі. Олай дейтінім, тіл маманы инженер емес, сондықтан осы кезде шәкірттеріміздің өз мамандығын, өз саласын қалай білетіні көп көмек. Бүгінгі әңгіме - кен ісі, металлургия инженерлерін даярлаудағы кәсіптік қазақ тілінің мәселесі туралы болмақ. Алдыңғы сабақтарда қолдарына қазақша-орысша, орысша-қазақша кен ісі және металлургия саласының терминологиялық сөздігін ұстаған студенттеріміз өздерінің термин сөздерін іздей бастады. Термин сөздерді жазып қана қоймай олардың оқылуын, ондағы қазақ тілі дыбыстарының айтылуын, жазылуын талдап еске сақтауға үйренді.

Біздің мақсат - сөздерді құр жаттатып қана қоймай, сол сөздерді тәжірибеде қолдануға үйрету. Жаңа терминдерді өткен грамматикамен байланыстырып түрлендіру, олармен сөз тіркестерін жасау, сөйлемдер құрастыру сияқты жұмыс түрлері жаңа сөздерді есте сақтауға көп септігін тигізеді. Айталық, мынандай термин сөздерді жазып алдық: *кен ісі (горное дело), жарылғыш зат (взрывчатое вещество), қазанишұңқыр (карьер), тау жыныстарының бекемдік коэффициенті (коэффициент крепости горных пород)*, т.б. Әуелі осы сөздердің дыбысталуын дұрыс тындап, игеріп аламыз. Содан соң сөздердің жасалу тәсіліне көңіл аудару шарт: алғашқы сөз екі қарапайым сөздің тіркесуі арқылы жасалса, келесі сөз «жарылу» етістігіне «ғыш» жұрнағы жалғануы арқылы сын есім жасалып, содан соң ғана зат сөзімен тіркесіп жаңа термин жасап тұрғандығын түсінеміз. Содан соң сөз тіркесін сөйлем құрастырамыз, әр студенттің сөйлемін тындау, оны түсіну, талдау барысында сөздер қайталанып санамызда жаттала бастайды, есте сақталады. Осындай жұмыстар арқылы негізгі термин сөздерін үйренген студенттерге мамандыққа байланысты кәсіби мәтіндер беріледі.

Кәсіби мәтіндер – мамандыққа қатысты лексикалық минимумдарды қамтитын, белгілі бір мамандықты игеру үшін қажет кәсіби білім беретін күрделі қатысымдық бірлік. Кәсіби мәтінмен жұмыс жүргізудегі мақсат – студенттердің мәтінді түсініп қана қоймай, мәтінде пайдаланылған жаңа сөздерді тәжірибе жүзінде қолданып, оларды өзара байланыстырып сөйлесімде пайдалану. Кәсіби мәтіндер – мазмұндық, тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленіп, пәрменді лексика нормасына құрылған, мамандыққа қажетті ақпаратқа толы, кәсіби терминдері мол, студенттердің білім деңгейіне сай болуы керек. Бұл мамандықтарға

арнайы оқу құралы болмағандықтан негізгі қазақ тіліндегі әдебиеттен мәтін жинау, оны студенттің түсінуіне икемдеп оқулық мәтініне айналдыру жұмысы тіл маманының еншісінде. Мамандыққа байланысты әдебиеттерден алынған мәтіндерді таңдап беру арқылы қазақ тілін оқуға студенттерді ынталандыру, оның тілге деген қызығушылығын арттыру - басты міндет. Студент өз мамандығына байланысты мәтінді қызыға оқиды, ол арқылы келешек мамандығы бойынша өте қажетті, пайдалы мәлімет алады. Келешек инженер кадрларды даярлауда мамандыққа байланысты танымдық мәтіндердің алатын орны ерекше. Танымдық мәтін дегеніміз - келешек маманға өз мамандығына қатысты жана ақпарат беретін, маманның келешегі барлығына студенттің көзін жеткізетін, оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналаса алатынына сенімділігін арттыратын, мамандық таңдауда қателеспегеніне, маман ретінде әлеуметтік жағдайының жақсаратынына сенімділігін қамтамасыз ететін мәтіндер. Мысалы, тау-кен инженеріне Қазақстанда қандай кен орындарының бар екендігі, олардың әлемде алатын орындары, Қазақстанның көмір қоры бойынша ТМД елдерінде 3-орында, сол көмір қорының 800 жылға жететіні туралы ақпаратты білуі – оның мамандығының келешегі бар екендігіне сенімін арттырады. Сондықтан ол өз мамандығын толық игеруге мүдделігін арттырады, нақты маман болып шығуына толық мүмкіндігін пайдалана алады. Мен өз тәжірибемде болашақ кеншілерге қаламыздың басты өндірісі – Соколов-Сарыбай кен орнының тарихымен, оның жетістіктерімен үнемі таныстырып отырғанды жөн санаймын. Олардың ішінде «Соколов-Сарыбай кен орны қалай ашылды?», «Кеншілер қаласы», «Қаныш армандаған оқу орны», т.б. мәтіндері

бар. Мысалы «Қаныш армандаған оқу орны» атты танымдық мәтін облыстық «Қостанай таңы» газетінен алынса, оның авторы өз институтымыздың профессоры бұрынғы РМПИ кафедрасының меңгерушісі, ардагер ұстаз Т.И.Маулябаев екендігі мәлім болған сәтте-ақ өзіне деген қызығушылығын тудырады. Ал мәтін қазақ тілінде болғандықтан онымен танысу үшін әуелі аударма жұмысымен айналысуды керек етеді, аударма бастағанда Қ.Сәтбаевтың армандаған оқу орны – біздің институт екендігі студенттерді одан әрі қызықтырып, нәтижелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Осындай мәтіндердегі терминдерді игерудің тағы бір ерекшелігі олар ғылыми-техникалық ұғымдарды қалыптастырады, сол сияқты адамның сөйлеу қабілетіне де өз ықпалын тигізеді. Осылайша бүгінгі инженер ғылыми-техникалық өзгерістермен деңгейлес болуы үшін өз мамандығына байланысты термин сөздерді жан-жақты игеруі тиіс. «Термин – тек шартты атау сөз емес, ол белгілі бір ұғымды қалыптастыратын тұлға», Жалпы ұғым болсын, жалқы ұғым болсын сөз немесе сөз тіркестерімен беріледі. Ғылыми ұғымдардың атауы болып табылатын ондай сөздер мен сөз тіркестері терминдер деп аталады. Терминдерді пайдаланудың негізгі міндеті – студенттерді қазақ тілінде сөйлету болуы тиіс. Осы тұрғыда әр саладағы терминологиялық сөздіктердің көмегі өте зор. Мысал үшін, Алматыдағы республикалық мемлекеттік «Рауан» баспасы 2000 жылы шығарған 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің 19-томы «Кен ісі және металлургия» саласына арналған. Сөз жоқ, бұл сөздік болашақ маман кадрларды дайындауда көп көмегін тигізеді анық. Мұнда басты айта кететін жағдай, осы мамандыққа сәйкес 5000 мыңға жуық сөз бен сөз

тіркесі қамтылған, сондықтан бұл сөздіктен болашақ маман өзіне керекті кез-келген сөзді таба алады деген сенім мол. Бұл сөздікте қазіргі мамандар арасында қалыптасқан екі түрлі пікірге көңіл бөлінген. Олардың бірі – термин атаулының бәрін өз тілімізге аудару болса, ал екіншісі – халықаралық терминдерді аудармай, сол қалпында қабылдау. Бұл сөздікті құрастыруда осы екі пікір арасынан дұрыс жол таңдалған: әр терминге өз тілімізде терезесі тең балама табылған, олай болмаған жағдайда халықаралық қолданыстағы сөздер тіліміздегі ішкі заңдылықтарға сәйкестендеріліп алынған. Тағы бір айта кететін жағдай, сөздіктің бірінші қазақша-орысша бөліміндегі сөздер бірінші орысша-қазақша бөлімінде қайталанбайды. Сол себепті студенттер кейбір сөздерді бір бөлімінен таба алмаса, келесісінен табуы әбден мүмкін. Осылайша, студенттердің терминологиялық сөздікпен жұмыс жасаудағы дағдылары мен біліктері өз мамандықтарын меңгеруде көп көмегін тигізеді.

Жоғарыда термин белгілі бір ұғымды білдіреді деп атап кеттік, және де ол адамға түсінікті болуы шарт деп өз оймызды білдірдік. Өкінішке орай, кейбір терминдердің мағынасы орыс тілді студенттерге ғана емес, өмір бойы қазақ ортада өсіп, қазақша оқыған мамандарға да түсініксіз болып жатады. Мысалы, осы сөздіктегі «опрокидный скип - аударылмалы төңгіршек» сөз тіркесіндегі «төңгіршек» сөзі, сол сияқты «сварочный стан – пісірімді орнақ», «бункир - шанап», «пропеллерный насос - ебелекті сорғы», т.с.с. сөз тіркестерін осылайша аударғанмен, оларды түсініп еске сақтау мүмкін емес, себебі бұл сөз тіркестерінің екінші сыңарлары мүлдем түсініксіз болғандықтан қандай ұғымды елестетеріңіз белгісіз. Сондықтан осындай сөздері бар мәтін сөздік қорды толықтыру үшін емес,

шатастыру үшін керек пе деп қаласыз. Мұндай сөздерді кездестіргенде кейбір терминдерді аудармасыз алу дұрыс па деген пікірді қолдауыңыз сөзсіз. Сол сияқты «насос (сорғы), ванна (былау), каска (дулыға), штрек (қуақазы), шлак (қож) сөздері басқа тілден енген сөз ретінде берілгені дұрыс па еді деп ойлайсыз. Мұндай мысалдар арқылы әрбір ғылыми термин екі түрлі қызмет атқарады, оның бірі – термин ғылыми ұғымның атын білдірсе, екіншісі сол ұғымның мағынасын, мәнін өз бойына жинақтайды деген пікірімізге қайшы келеміз. Осылайша, кәсіптік қазақ тілі пәнінде термин сөздермен жұмыстың өзіндік «қызықтары мен шыжықтары» жеткілікті. Дегенмен Мәңгілік Еліміздің - мәңгілік тілін өскелең ұрпаққа меңгертуде өз тәжірибеміз бен білік-дағдымызды аянбай қолдануымыз қажет деп ойлаймыз.

Термин сөздерді еске сақтау, пысықтау кезінде түрлі грамматикалық жаттығулармен қатар ойын жаттығулардың да көмегі өте зор. Бұндай ойындарды негізінен әр тараудың қорытындысы, үйренген сөздік қорды бекіту ретінде жүргізуге болады. Ойын-жаттығулар айту дағдысын, лексикалық, грамматикалық дағдыларды қалыптастырады. Кейбір ойын үлгілерін қарастырып көрейік:

1. Лексикалық ойындар: «Қанша сөз?» Мақсаты: Өтілген тақырып лексиканың белсенділігін арттыру.

Ойын барысы: Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Әр команда берілген тақырыпқа мүмкіндігінше көп сөз айтулары тиіс. Тақырыпқа байланысты ең көп сөз айта алған команда жеңімпаз аталады. Ойынды жазбаша да жүргізуге болады, командалар сөздерін тақтаға жазады, мұнда олардың сауаттылығы да тексеріледі.

2. «Сөз». Мақсаты: Үйренген лексика белсенділігі.

Ойын барысы: Командалар әр түрлі әріптер жазылған

карточкалар алады, мұғалім белгілі тақырыпқа сөз айтады, ал қолдарында сол сөзде кездесетін әріптері бар оқушылар оны тез құрастырулары қажет.

3. «Сурет бойынша әңгіме». Мақсаты: Әр түрлі тақырып лексикасының белсенділігін арттыру.

Барысы: Ойыншылар жұп құрайды. Әр жұп мамандыққа байланысты суреттері бар карточкалар алады, сол бойынша әңгіме құрастырулары шарт.

4. «Мамандар не істейді?» Мақсаты: Мамандыққа байланысты сөздік қорды бекіту.

Барысы: Мамандық аттары жазылған карточкалар алған студенттер олар немен айналысатындығы туралы етістіктерді пайдаланып айтып береді.

5. «Жұмысқа алу». Мақсаты: қазақ тілінде пікірталастыруға үйрету.

Барысы: Ойыншылар 2 топқа бөлінеді. Әр топ бос орынға кімді алулары керектігін шешеді. 4 өтініш қарастырылады. Әр топтың басқарушысы өз талдауларын түсіндіруі тиіс. Әр топтың жауаптарын салыстыра келе түпкілікті шешім қабылданады.

6. «Жарнама». Мақсаты: үйренген сөздік қорды өз пікірін айтуда пайдалана білу.

Барысы: Әр жұп кез келген жарнамалық хабарландыру немесе тауар алады. Ойыншылар оның мазмұнын айтып берулері тиіс.

Бұл ойындардың барлығы да өз кезектерінде үйренген сөздік қорды бекітуге, сөйлем құрастыра білуге, сол арқылы өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тілінде еркін сөйлеуге талпындырады.

Термин сөздерді бекітуде жаңа технологияларды орынды пайдалану өз нәтижесін береді. Олардың ішінде Ассоциация, Кластер, Венн диаграммасын пайдалану туралы айта кетейін. Мысалы: «Соколов –

Сарыбай кен орны қалай ашылды?» мәтіні бойынша ассоциация құрайық. Онда біздің ойымызға мынандай термин сөздер түсер еді: кен, байлық, барлау, темір, Сургутанов, ұшқыш, бос жыныс, бұрғы, ашық әдіс, т.б. Келесі кезекте осы сөздерді пайдаланып мәтінді әңгімелеуге тырысу.

Ал Венн диаграммасын жасауда қандай да болмасын екі мәтін алынады. Мысалы, «Көмір өндіру» және «Темір өндірісі», әуелі бұл екі мәтінде ортақ айтылатын не, сосын әр мәтіннің өзінше беретін мәліметтері сөз болады. Жаңа технологияның тек тілді оқытуда ғана емес, оқушы жауабын тексеруде де алатын орны ерекше. Неміс әдіскер П.Дойенің айтуынша, осы уақытқа дейін оқушы білімін тексеруге қажетті көңіл аударылған жоқ. Оның ойынша, оқушының білімін, дағдысы мен іскерлігін, қандай дәрежеде білім алғандығын өте тез, әрі объективті бақылау, тексеру – бұл тестілеу.

Тестік тапсырмалардың тиімділігі: студенттердің белсенді ойлау үдерісін дамытады, аз уақытта студент білімін тексеруге мүмкіндік береді, студентті жинақылыққа, ұшқырлыққа тәрбиелейді. Оқушы білімін бақылауда мынадай тест түрлері пайдаланылады: қосымша, еске түсіру, альтернативті, таңдау, аралас (комбинированный), мамандыққа байланысты, т.б.

1. Тест – қосымша. Сөздер, қосымшалар, цифрлардың орны нүктемен белгіленген тапсырмалар. Бұл тапсырма түріне бір ғана дұрыс жауап болуы тиіс. Мысалы: Өндіріс шығыны мен табыстың айырмашылығы ... (пайда), т.с.с.

2. Тест – еске түсіру – бір ғана тура жауапты талап ететін сұрақ. Мысалы:

- Қаныш Сәтбаев кім? (ғалым, белгілі кенші)
- Қазақстанда үлкен темір кені қай облыста табылды?

(Қостанай)

3. Альтернативті тест – қандай да болмасын мағлұмат беретін сөйлемдерден тұрады, оның дұрыс-бұрыстығын студент айтуы керек. Бұл тесті құрастыруда көмекші сөздерден (подсказка) аулақ болу шарт, сөйлемдер қысқа және нұсқа болуы тиіс, ал тестің жауабын студенттер «иә, жоқ» немесе (+), ( - ) белгілері арқылы бере алады. Мысалы:

- а) Қазақстан Ресеймен шекаралас – иә
- в) Орыс тілі – мемлекеттік тіл - жоқ
- с) Бәріміз салық төлейміз – иә

4. Тест – таңдау. Дұрыс та, бұрыс та жауаптары бар тапсырмалардан тұрады, жауапты студент өзі таңдау керек, оның түрлері 4-тен көп болмауы тиіс. Мысалы: Салық дегеніміз не?

- а) сұраныс;                                  в) жоспар;
- г) төлем;                                      д) өнім.

Аралас тест - әр түрлі жаттығуларды қамтыса, мамандыққа бағытталған тест қандай да болмасын мамандыққа қатысты маңызды ақпаратты қамтиды. Тест сұрақтары оқушыға өзіне керекті нұсқаны таңдай білуге, өздігінен жұмыс жасауға, ойлау, есте сақтау, аударма сияқты дағдыларын тереңдетуге мүмкіндік береді. Дегенмен жауапты тек тестілеуге әкеліп соқтыруға болмайды, тіл үйренуде көзбе-көз сөйлесу, айту дағдысының маңызды екенін ұмытпауымыз керек.

Тағы бір алға қоятын мақсатымыз – студентті сөздікпен жұмыс істеуге үйрету. Олай дейтінім, студенттердің көпшілігі мамандыққа байланысты мәтіндер қиын болатындықтан оларды аударуды көптеген түсінбеушілікке кездеседі де аударма жұмысына деген құлшыныстарын жойып алады. Аударма жұмысына кіріспестен бұрын өзімнің іс-

тәжірибемнен жинақталған «Қазақ тіліндегі аударма дағдысы» деген дәрісімді түсіндіріп өтемін. Мұнда аударма жұмысын қалай бастау керек, әуелі нендей жағдайларға көңіл бөлу керек, қазақ тілі мен орыс тіліндегі сөздердің орын тәртібі еске түсіріледі. Кейбір студенттер әр сөзді аударып алады да, оларды бір сөйлемге біріктіре алмай әлек болады. Себебі, олар сөздерді байланыстыратын септік жалғауларына көңіл бөлмейді. Кей жағдайда сөздіктегі сөздердің басқа мағынасын ала отырып, мүлдем басқа түсінік береді. Қазақ тіліндегі сөздердің көп мағыналылығын ұмытып кетеді. Мысалы: Қазіргі таңда жас мамандарға сұраныс көп - деген сөйлемді «сегодня утром возрастному специалисту много спроса» деп аударулары мүмкін. Неге десеніз: таң-сөзі «утро, день» деп, ал жас-сөзі «молодой, возраст» деп аударылады. Сол сияқты өз тәжірибемде тек қазақшадан орысшаға емес, орысшадан қазақшаға аудару жұмыстарына да көңіл бөліп отырамын. Сөзімнің дәлелі ретінде «Металлургия» мамандығы бойынша орысша дайындалған кәсіби бағдарлық парақтың (буклеттің) аудармасынан бірнеше сөйлемді назарыңызға ұсынамын:

1) Специальность остро дефицитная, широко востребованная, универсальная, хорошо оплачиваемая. – Мамандық - өте қажетті, әмбебап, жоғары жалақылы, сұранысы көп.

2) Обогащение одна из самых интересных отраслей промышленности и науки нашего времени – Кен байыту - біздің заманымыздағы ғылым мен өнеркәсіптегі ең қызықты салалардың бірі. Бұл жұмыста топ студенттері аударма жұмысын білу қабілеттеріне сай шағын топшаларға бөлінеді. Топшада нашар «аудармашылар» да, «жақсылары» да болуы керек, себебі біреулері

сөздерді сөздіктен іздеп, дайындық жұмысын жүргізсе, «мықтылары» сөздерді біріктіріп, орын тәртібінің ережесіне сай орналастырады. Егер студент қазақша мәтінді аударып дағдыланса, оған орысша мәтінді аудару көп қиынға түспейді, дегенмен бұндай мәтіндер өте жеңіл болуы шарт. Бұндай буклетті аударып өз жемісін көрген, өз күштеріне сенген студенттер келесіде аудармаға шын ықыласпен кірісетін болады. Бұл жұмыс оқытушыдан шыдамдылықты, өз пәнін жақсы білуді ғана емес, шәкіртіне тез және жылдам көмекке келуге дайындығын, сонымен қатар сол мамандыққа байланысты терминдерден хабардар болуды да талап етеді. Жоғарыдағы айтылған, талданған мәселелерден осы бағытта ешқандай шешілмеген проблема қалмады деген жаңсақ пікір тууы мүмкін, олай дейтініміз, ең өзекті мәселе - жоғарғы оқу орнында техникалық мамандарды мемлекеттік тілде дайындайтын оқулықтың жоқтығы. Оқулықтар болған жағдайда, ондағы тақырыптардың типтік бағдарлама тақырыптарына сәйкес келмеуі. Сондықтан да оқытушылар өз уақытының басым көпшілігін күнделікті сабаққа мәтін дайындаумен өткізеді. Мәтіндерді Интернеттен іздеу, оны қысқарту, кей жағдайда тіл үйренушіге түсінікті тілде қайта жазу (себебі, олар қазақ тілді аудиторияға арналған). Өкінішке орай, көп жағдайда қажетті тақырыптағы мәтіндердің қазақ тіліндегі нұсқасы табылмайды. Ол кезде орыс тілді мәтіндерді аударып пайдаланамыз. Осы кезде пәннің типтік бағдарламаларында, әсіресе тіл үйретуде тақырып еркіндігін неге бермеске деген ой келеді. Себебі, біз ол студентті өз кәсіби сөздігін, терминдерін пайдалана отырып, сөйлесімге, тіл дамытуға ғана үйретеміз. Ал бұл жұмысты қандай тақырыптағы мәтін арқылы меңгерту оқытушының

білімі мен тәжірибесіне тапсырылса дейміз. Осы сияқты мәселелер шешілмей, алдағы мақсат та орындалмақ емес, оған бірнеше себептер де бар: біріншіден, жоғарғы оқу орнында кәсіби қазақ тілін оқытуға тек қана бір семестр - 45 практикалық сағат бөлінген, оны аптаға талдайтын болсақ, аптасына 2 сағаттан ғана, екі сағаттық оқудың қандай нәтижесі болары белгілі нәрсе. Екіншіден, кәсіптік қазақ тілі әр мамандықта әр түрлі семестрде оқытылады. Егер, пән 3-семестрде болса, онда студенттер өз мамандығы туралы өте аз біледі де, жаңа да қиын мәтіндерді, терминдерді меңгеріп кетуі қиынға соғады. Ал 4,5 семестрде болса, олар практикалық қазақ тілін 2 семестрде аяқтайды, осы уақыт ішінде қазақ тілін ұмытып қалады. Дегенмен жақсы жағы – ол өз мамандықтары туралы көп мағлұмат біледі. Бұл өз кезегінде аударма, терминді меңгеруде оң әсерін тигізеді. Біздің алдымызда осындай мәселелер шешу міндеті тұр, атам қазақ «көш жүре түзеледі» демей ме, осы мақсаттарды жүзеге асыруда өз біліміміз бен тәжірибемізді жұмсап келеміз. Сөз соңында, шағын ғана бір мақалада мемлекеттік тілде маман даярлаудың барлық мәселелерінің шешілуін қамтып қарастыру мүмкін емес екендігін айтамын, алдағы уақытта да бұл жауапты мәселеге қажетті көңіл бөлініп, шешімін табар деп сенемін.

Әдебиеттер:

1 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. «Мұрагер», Алматы, 2005

2 Тұрсынова Г. Техникалық мамандарды мемлекеттік тілде дайындаудың өзекті мәселелері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, № 11, 2002.

3 Рақымқұлова А. Қазақ тілін оқытуда кәсіби мәтінді қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті, № 1, 2006

4 Сарсенбаев А.С. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. «Рауан», Алматы, 2000

Г.СМАҒҰЛОВА,  
Рудный индустриалдық  
институты.  
Рудный қаласы

### **ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРЕПОДАВАНИЯ**

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы в изучении профессионального казахского языка в высшем учебном заведении: усвоение студентами профессиональных терминов, виды работ с текстами, попытки создания языковой среды. Интерактивные методы, выбранные согласно программных тем, сопровождаются примерами из уроков, определяются пути достижения цели в работе с терминологическими словарями.

### **PROFESSIONAL KAZAKH LANGUAGE: CURRENT ISSUES IN TEACHING**

This article discusses the topical issues in the study of professional Kazakh language in higher educational institution: the acquisition by students the professional terms, types of work with texts, attempts to create a language environment. The interactive methods, selected according to the program, subjects are followed by examples of the lessons, the ways of achievement of the purpose in working with terminology dictionaries are determined.



### **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ- ЖАСТАР ЖҮРЕГІНДЕ**

Аталмыш мақалада қазіргі таңда өзекті тәрбие мәселесі-жаңа қазақстандық патриотизмді студент жастар бойына сіңіру жайлы ой қозғалады. Ата-баба салты-тарихымыздың үлесі ұлттық тәрбие негізінде егеменді ел жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, елін, тілін құрметтейтін азаматтарды тәрбиелеу туралы айтылады. Жаңа Қазақстандық патриотизмді жастар бойына ұялату-мақаланың басты тақырыбы болып табылады.

Бүгінгі күні жеке тұлғаны Қазақстандық патриотизм мен отансүйгіштік рухта тәрбиелеу барысында Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев: “Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Оның басты құндылықтары – ана тілі, ұлттық рух, діни наным-сенімдермен тығыз байланысты. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері.

Әл-Фараби өзінің “Азаматтық саясат”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу”, “Риторика”, “Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері” атты трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелермен бірге көркемдік, сұлулық, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, олардың негізгісін

дәлелдеп берген.

Патриотизмнің тарихи элементтері туған жерге, ана тіліне, салт-дәстүріне сүйіспеншілік түрінде ықылым заманнан қалыптаса бастаған. “Патриот – Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам. Олар – өз Отанының жалынды патриоты, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығының озаттары.

Өз Отанын, халқын шексіз сүюшілік – барша күш-жігерін Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының ұлы, жазушы Бақытжан Момышұлы “нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Шынайы патриот қазақ ата жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр адамдар” деп дәріптейді.

Ата-баба салты – тарихымыздың үлесі халқымыздың баға жетпес мұрасы. Төл жәдігеріміз – ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, қанатты сөз, өлең, жыр, терме, ана әлдиі, ата тілегі – ұлттық тәрбие бесігі.

Егемен ел жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйетін, ана-тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету бүгінгі мектептің басты мақсаты деуге болады.

Біздіңше патриотизм – ол өзінің туған жеріне, ана тіліне, мемлекетке деген сүйіспеншілік сезімі, сол мемлекеттің, Отанының гүлденуіне, өсіп өркендеуіне өз үлесін қосу, қызмет ету. Қандай бір халық болмасын Отанын, елін, жерін сүймейтіні жоқ. Соның ішінде қазақ халқы да жалпы шығыс, оның ішінде түркі тілді халықтардай Отанын, жерін, суын, табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келеді.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың “Тарих толқынында” деген еңбегінде негізінен халықтардың, оның ішінде

түркі мәдениетіне, қазақ топырағында түрлі діндердің болғанын айтқан. Бұл еңбек қазақстандық ұлттық, ұлтаралық татулықтың, қазақстандық патриотизмнің темірқазығы іспеттес.

Қазақстандық патриотизмнің негізі – ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз, ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері-қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады.

Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып, ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүниетанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да.

Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулыққа тәрбиелеудің жолдары мен құралдары – ол түрлі іс-шаралар, тәрбие сағаттары, гуманитарлық пәндердің мазмұны.

«Қазақ баласын ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу, білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен, жоғары оқу орнына дейінгі барлық ұйымдардың міндеті. ХХІ ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады» – деп атап кетті Н.Ә.Назарбаев.

Қай заманда болса да адамзат өз алдына – есті, еңбек сүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеуді қояды. Соның ішінде қазақ халқы өз ұрпағын, үлкенді құрметтейтін адал, инабатты, әділ, ержүрек, намысшыл, ізгі ниетті болып өсуін қалайды. Бұл қасиеттер дұрыс тәрбие арқылы қалыптасады.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин тәрбиенің басты құралы етіп – дінді алған да, оның тиімді жақтарын өмірмен ұштастыра



білгеннің артықшылығы жоқ деген. Ата-баба салтының Жер-Анаға деген ыстық сезімі бірінші кезеңде тұрады. Сондықтан да бұл әр адамның ойындағы қасиеті, дарыны ата-баба жерімен тығыз байланысты. Міне, осылардың барлығы жалпыадамдық педагогиканың бір бөлігі ретінде ұлттық тәрбие жүйесінің ізгілікті де игі бастауларын құрайды. Республикадағы ұлттар мен ұлыстардың ешқайсысын алаламай, бәрінің де толыққанды дамуына нақты жағдайлар туғызып, көп этносты елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету қазақстандық патриотизмнің туындауына негіз бола алады. Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл мәселенің ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан-жақты қарастырылып отырған мәселе – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту мәселесі. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Орыс аудиториясында қазақ тілі сабағын жүргізу мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда. Бұл еңбектердің авторлары Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов,

Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, Ф.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаева т.б.

Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат – өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық отандастардың отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі.

Білім беру жүйесінің даму бағдарлама жобасында бұл мәселе жөнінде былай делінген:

- Жоғары Қазақстандық ұлтжандылық, жоғары мәдениет, ымырашылдық және адамдардың құқығы мен бостандығын сыйлауға тәрбиелеу;

- Облыс жұртшылығының тіл мәдениетін дамытып, үштілділік принципін іске асыру, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгеру.

Міне, бүгінгі біздің күн тәртібімізде тұрған өзекті мәселелердің бірі осылар. Алдында аталып өткен авторлардың еңбегінің зор екендігін айта келе, өзімнің жұмысымда Ә.Жүнісбектің үндестік заңы технологиясы және Е.И.Пассовтың және бұл әдісті қазақ тілін үйретуге бейімдеген Ф.Оразбаеваның қатысым әдіс технологиясын басшылыққа алып келемін. Сонымен қатар, қазақ тілі сабақтарында қатысымдық әдісін қолданып, аймақтық компонентін кеңінен пайдаланамын. Неліктен қатысымдық әдіске тоқталдым? Мәселені дұрыс ашу үшін ең бірінші қатысымдық әдістің негізін құрайтын принциптерін көрсетейік. Ф.Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. «Отан отбасынан басталады» десек, туған облысымыздың,

қаламыздың көрнекі жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор.

Жұмыс барысында нәтижеге тек қатысымдық әдіспен қатар, басқа да жаңа инновациялық технологиялардың элементтерін қолданып, солардың жақсы нәтижесін оқушыларымның жетістіктерінен көріп келемін. Біріншіден, оқушыларым дыбыстық ерекшеліктерді жақсы меңгерген, яғни, айтылым дағдылары жақсы. Екіншіден, ауызекі сөйлеу дағдылары жақсы. Күнделікті жұптап, топтап жұмыс істеудің нәтижесінде оқушылар берілген тақырыпқа, соның ішінде бүгінгі өзекті деген аймақтық компоненттер тақырыбына сұрақ қоя білу, жауап беру дағдылары даму үстінде.

Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың «берік денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындатарлық болса, баланың тәрбие алып, шын адам болатындығы» деген қағидасы өміршең болып отыр. Дәл осындай игі қасиеттерді бойына сіңірген жалпы адами құндылықтарды меңгерген, қоғамның жоғары мұратты мақсаттарына сай клетін жеке тұлғаны қалыптастыру – баршамыздың алдында тұрған міндетіміз.

Адам махаббаты қандай мәңгі болса, оның патриотизмі де сондай мәңгілік. Адамзат махаббатсыз, мұратсыз өмір сүре алмайды, оны теріске шығару еш нәтиже де, жеміс те бермейді. Олай болса, қазақстандық патриотизмсіз біз де өркениетті ел бола алмаймыз. Сол үшін азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге ғана емес, ертеңге керек, болашаққа да керек.

Қорыта айтарымыз, қазақстандық патриотизм-бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі Отан-ортақ, тарих-ортақ, салт-дәстүр-ортақ, қазақтың тілі-ортақ. Басқа ұлт өкілдері қазақтың тілін білуі тиіс. Қазақстандық патриотизм – мемлекеттік патриотизм идеясы. Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқы этностық патриотизм сатысынан өтті. Қазақтар

осыдан екі жыл бұрын өткен халық санағы бойынша 63 пайыздан асты. Ол енді өзі құрған мемлекеттің дамуына мүдделі болғандықтан, барлық ұлт өкілдерінің ұйытқысына айналып, жасампаздыққа бастаушының міндетін атқаруға кірісті.

Сондықтан қазақстандық патриотизм – бүкіл қазақстандықтарды кемел болашағына сендіру, оларды жасампаз еңбекке шақыру, береке-бірлікті, баянды ынтымақты орнықтыру. Отанды сүюді әркім өз қалыбына салып өлшейді. Бауыржан Момышұлының қалыбына салсақ, бұл “Отан үшін отқа түс, күймейсің!” деген өмірлік қағида болар еді. Ал Мұхтар Әуезовше айтқанда, “Ел боламын десең, бесіңді түзе” деген тұжырымға саяды. Патриот – елінің, мемлекетінің жетістігін жеке басының жеңісіндей қабылдай алатын, сол үшін қуана да, жұбана да алатын азамат.

#### **Новый казахстанский патриотизм в сердцах молодежи**

В данной статье ведется рассуждение об актуальной проблеме воспитания студенческой молодежи к новому казахстанскому патриотизму. Также рассказывается о воспитании молодых людей, на основе традиции предков, воспитывать чувство любви к Отчизне, с уважением относится к родной земле и языку. Основной темой доклада является привитие чувства нового казахстанского патриотизма у молодежи.

#### **New Kazakhstan patriotism in the hearts of young people**

Said article being reasoning about the actual problem of education of students to the new Kazakhstani patriotism . Also describes the education of young people , based on the traditions of their ancestors , cultivate the feeling of love for the Motherland , with respect for the native land and yazyku.Osnovnoy theme of the report is to impart a sense of the new Kazakhstan patriotism among young people.

Әдебиеттер:

1 Патриоттық және азаматтық ұстаным-2011 жылғы «Егеменді Қазақстан» газетінен.

2 Нагиева Ш. Қазақ тілі сабақтарында қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу.

**Р.ТЕМІРОВА,**  
**№13 орта мектеп.**  
Қарағанды облысы,  
Саран қаласына  
қарасты Ақтас кенті

## **МАҒЖАН МЕН ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАСТАРҒА ДЕГЕН СЕНІМДІЛІГІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ**

Мағжан Жұмабаев жиырмамыншы ғасырдың басында «Мен жастарға сенемін» деген өлеңін жазған еді. 1918 жылы Қызылжарда шығып тұрған қазақтың жастар баспасөзінің тұңғышы «Жас азамат» газетінің бірінші санында, бірінші бетте «Мен жастарға сенемін» деген тақырыппен көпке тараған өсиет өлеңі жарық көрді. Қазақ жерінде заман ауысып, үлкен өзгерістер болып жатқан кезде, ескіні қиратып, жаңа тұрмыс құруға ел кірісіп жатқанда ұлтжанды ақын алдағы бар болашақты жастармен байланыстырып, соларға үміт артқан еді. Айналасындағы жастарды да «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» қалыпта көргісі келді.

*«... Жас қырандар-балапан,  
Жайып қанат, ұмтылған.  
Көздегені көк аспан,  
Мен жастарға сенемін!..*

Халықтың келешегі үшін күресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындайтын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар. Ақын жастардың бойынан

қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен сүйкімді мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көрді.

*Жұмсақ мінез жібектер,  
Сүттей таза жүректер.  
Қасиетті тілектер –  
Мен жастарға сенемін!*

Халықтың болашағы үшін күресетін негізгі күш – жастар. Олай болса, өмір бойы «алаш ұранын көтеріп өткен. Алаш атын аспанға шығарар олар «мен жастарға сенемін» деп жырлаған еді...

Ақынның жастарға қайрылуы, ұлт тағдырын солардың ісімен байланыстыратыны бекер емес. Өйткені жастар жігерге толы, жаңалыққа құмар, жасампаз еңбекке ынталы, жаңалықты қабылдауға зерек, қайрат-жігері мол. Сондықтан да ақын жастарға үміт артты, соларға сенді. Мұны «Мен жастарға сенемін!» деп жырға қосып, бар дауыспен халыққа үн қатты.

Ал жиырма бірінші ғасырдың басында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» халықтық - демократиялық партиясының кезекті ХІІІ съезінде, жылдағы дәстүрлі Жолдауларында осы сөзді қайталап, жастарға арнайы қайрылып үн қатты. Елбасы да өз кезінде Мағжан Жұмабаев сияқты жастарға айрықша үміт артады. Жастарды елдің ертеңі деп қарайды.

Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама бүгінгі күнде де өзекті бағдарлама десе, қате деп ойламаймын.

Бұл өлеңнің кейбір шумақтарын келтірейік:

*Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты –*

*Қырандай күшті қанатты.  
Мен жастарға сенемін!..*

*...Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!*

*Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға?!  
Иман күшті оларда,  
Мен жастарға сенемін!..  
«Алаш» - айбынды ұраны,  
Қасиетті құраны,  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін!  
Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!  
... Мен сенемін жастарға.  
Алаш атын аспанға  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!*

Смағұл Садуақасов айтып, ел аузында қанатты сөзге айналған: «Мағжан – қазақ жастары ой-санасының әміршісі» деген бағаның түп-тамыры, бәлкім осы бір отты-жалынды өлеңде жатқан шығар...



Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл!

**А.ҚҰМАРОВА,**  
**№16 лицей-мектебі.**  
Павлодар қаласы

## **«ЖАСАУЛЫ ДЕП, МАЛДЫ ДЕП БАЙДАН АЛМА ...»**

Абай өзінің халқына, келер ұрпағына өшпес әдеби мұра қалдырды.

Бұл өте бай мұраның тақырыбы, жанры сан алуан болғанымен оның негізгі идеясы – біреу. Ол – нұрлы ағартушылық идея. Ақынның қай шығармасын, қай өлеңін, қай бір өлең жолдарын алсақ та тәлім-тәрбиелік мәні зор асыл қазына.

Ұлы Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер заман ұрпағына арнады. Сондықтан да жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына әлеуметтік тұрғыдан қарады. Соның бірі үйелмен тәрбиесіндегі жастарды жұбайлық өмірге баулу мәселесі болатын. Абай мән берген бұл проблема қазірде заманымыздың көкейесті (актуальді) мәселесі болып отыр.

Жастар тәрбиесінің бар тамырын басып байқаған сезімтал ақын жұбайлық өмірлерінің дұрыс, даярлықпен басталуын олар көрер бақыттың басы деп білді. Сол бақытқа жету жолындағы іс-әрекетке педагогикалық-этикалық тұрғыдан талдау жасады, бағдар ұсынды.

Көреген ақынның осы мәселеде ой толғаған ағартушылық пікірлері бүгінгі талап-тілектерге өте

жақын екені оны таныған сайын айқындалып келеді.

Абай заманында аталмыш мәселеге жауапкершілік тек ата-анада болса, біздің заманымызды бұл мәселені қоғамымызда қолға алып, ең әуелі мектеп пен мұғалімдерге үлкен міндет жүктеп отыр.

Біріншіден, отбасылық өмірдің жалпы әлеуметтік рөлін түсіндіруде Абай ерлі-зайыптылардың некелесудегі мақсатын, әрқайсысының жауапкершілігін түсіндірді. Абай отбасының екі мүшесін де жұбайлық өмірді үлкен саналықпен, жауапкершілікпен бастауын, ол үшін ішкі мүмкіндіктерді бір-біріне сай болуы керектігін ескертті.

Абай әсіресе қыз балаларды отбасылық өмірге ертерек баулу керектігіне ата-аналардың назарын аударды. Қыз күнінде сырттай әжептәуір болып жүріп, үй болғанда берекесі кетіп, азып-тозып, салақ әйел атануы жастайынан үй ішіндегі еңбек әрекетіне баулынбағаны деп білді. Әсіресе шолжаң болып өскен бай қыздарының барған елінде беделсіз болатыны, үй-іші тірлігіне ерте баулынбағанынан деп ескеріпті. Өзінің «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат» өлеңінде:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,

Кедей қызы арзан деп құмарланба,

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма,-

деп, жігіттердің жар таңдау мәселесінде аса құнды пікір айтты: Ол қазақта «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деген мақалға сай, «тәрбиелі жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағала,

өмірлік жолдас ет» деген ойы еді. Өйткені ұлы ақын тәрбиелі адамның, еңбекқор адамның өз бақытын өзі жандандыратынына кәміл сенді.

Ұй болам деген жігіттерге қыздардың көркінен гөрі табиғи жақсы қасиеттерін бағалау керектігін ерекше атап көрсетті. Бұл жерде ақын қыз баланың мінезінің жағымды болуына басты назар аударды. «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат» өлеңінде:

*Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,*

*Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.*

*Әйел жақсы болмайды көркіменен,*

*Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме,-*

деп жазды. Қалыңдықты тек түр-түсіне, сымбатына ғана қарап бағалатпай, бәрінен бұрын оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан-дүниесіне, ақыл-парасатына, көрегендігі мен тәрбиелілігіне көңіл бөлдірді. Осы өлеңде асыл жардың психологиясын, адамгершілік парасатын:

*Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,*

*Бүлк еткізбес, қалайша соқса тамыр.*

*Жар көңіліне бір жанын пида қылып,*

*Білместігің бар болса, қылар сабыр,-*

деп көрсетті. Екіншіден, Абай некелік – үйелмендік өмірдің этикасына өте жоғары мән берді. Ол махаббат иесі жастардың жұбайлық өмірі этикалық талаптарға сай болуын талап етті. Жастар бұл өмірді тек қызықты, тәтті өмір деп қана түсініп қоймай, оның елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты женуге жастар әзір болуы керектігін көрсетті. Абай махаббат сезімін стихиялы сезім емес (ес-түсінен айырыла сүю емес) саналы сезім екенін, оның шешек атып, салтанат құруына үлкендер әрдайым жол

сілтеп, қадағалап отыруын құптады.

Абай некелескен (ол замандағы некесі қиылған) жастардың бір-бірімен үйелмен мүшелерінің басқа кісілерімен, жора-жолдас, туған-туыс, ауыл-аймақпен сыпайы қарым-қатынаста болуын, жастардың құрметті болуы өздерінің мінез-құлқы, іс-әрекетіне байланысты екенін ашып көрсетті. Әсіресе бұл жерде жаңа түскен келінге қояр талаптың жоғары екенін:

*Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,  
Сызданбасын қабақпен имендіріп.*

*Ері сүйген кісіні о да сүйіп,*

*Қызмет қылсын, көңілі таза жүріп, -*

деген ойы арқылы жеткізді. Ақын «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат» атты өлеңінде:

*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз*

*Жетпесе біріңдікін бірің жеткіз ...*

*Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,*

*Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып,*

*Біріңді бірің гиззат, құрмет етіс,*

*Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып, -*

деп жас жұбайларға жарасымды инабат иірімдерін ұсынды. Үшіншіден, Абай некелік өмірдің басталуы, табиғи тірегі, яғни, құқылық негізі жастардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі деп біледі. Абай жастардың тең құқылығы махаббат бостандығының іс жүзіне асуы – олардың некелесуі деп қарады. Сондықтан ол өзінің көптеген өлеңінде осы идеясын паш етті.

Сүйген жүрек өз өмірін бөтен, өзі сүймеген адамға қимай, тіпті жас өмірін өз махаббатының құрбаны ететінін «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында»

өлеңінде:

*Етімді шал сипаған құрт жесін деп,*

*Жартастан қыз құлапты терең суға, -* деп, жас қызды өз бақытының құрбаны етіп көрсетуі ақынның махаббатты-өмір деп бағалауын танытты.

Төртіншіден, Абай үйелмендік өмірдің психологиялық-эстетикалық мәнін махаббат жырларында өрнектеді. Өзінің басынан кешкен, оқып-білген, көріп байқаған жәйттерін түкпірінен жарып шыққан мөлдір бұлақтай төгілдірді. «Көзімнің қарасы», «Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол», «Жігіт сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Жастықтың оты, қайдасын», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қызарып, сұрланып», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Махаббат, достық қылуға», «Мен сәлем жазамын», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім, нені сезесің», т.б. өлеңдерінде шын махаббат не, ол адам психологиясына қалай әсер ететіндігін байката отырып, жастарды сүйіспеншілік қасиеттің сыршыл әуенін түсіне білуге баулиды.

Абай шаңырақ көтерер жастардың іңкәрлік сезімдерін өз өлеңдерінде шеберлікпен жеткізді. Шын махаббат сөзбен емес, сезіммен, жүрек лүпілімен, бір-бірін қас-қабағынан танып білуі деп білді.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңінде:

*Ғашықтың тілі – тілсіз тіл*

*Көзбен көр де, ішпен біл.*

*Сүйісер жастар қате етпес,*

*Мейлің илан, мейлің күл, -* деп жазды. Жоғарыда айтып өткендей ұлы Абай сүйіскен жастардың махаббат бақыты – олардың өмір бойы бірге болу одағы – некелесу деп білді. Сондықтан некелесу

бір ғана адамды шын сүйіп, сонымен өмір кешу екенін өзінің «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат» өлеңінде былай көрсетті:

*Қызды сүйсең бірді-ақ сүй, таңдап тауып ...  
немесе*

*Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүретін,* - деп жастардың некелесуіне үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Абай махаббаттың қартаймайтын мәңгілік сезім екенін, оны қолдан шығарып алмай, өмір бойы аялау керектігін ескертті. Ақын пікірінше некелескен жұбайлар бірін-бірі өмір бойы ұғынып, бірін-бірі құрмет тұтып, бір-біріне жанашыр етене жақын туыс адамдай болып кететінін танытты. Отбасылық өмірде қуаныш та мол, қиындық та болып қалатыны, сол сәтте шын махаббат қиындықтар барысында шыңдала түсетінін, ал жалған махаббат (құмарлық) әлсіреп, суына беретінін көрсетті. Абай махаббат сезімінің адамгершілік парасатқа ұласуын қуаттады. Өзінің соңғы жылдары есейген шағында жазған «Домбыраға қол соқпа» өлеңінде:

*Онан да жылы жүзіңмен,  
Кел, жарым, қара бетіме.  
Жылы тәтті жауап айт  
Іштегі қайғы дертіме,  
Іштегі ескі жалынды,  
Сөндір жаңа қылықпен.  
Сөйлеші жақсы жағымды,*

*Мендей көңілі сынықпен,* - деп, асыл жардың азаматқа сүйеу, көңілге медеу боларлық жанашыр достығын, қартаймайтын махаббатын паш етті.

Ақын жүрекпен сүйіскен жастардың қылығы

сырттай қарағанда бір түрлі ерсі болып көрінетінін, бірақ бұл көріністің махаббатқа тән қасиет өзінің «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңінде аса сезімталдықпен танытты. Ол:

*«Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,  
Жүдетер безгек ауру сықылданып.*

*Тұла бойы тоңар, суыр, үміт үзсе,*

*Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып»-* деп көрсетсе,

«Қызарып, сұрланып» өлеңінде:

*Қызарып, сұрланып*

*Лүпілдеп жүрегі.*

*Өзгеден ұрланып,*

*Өзді-өзі керегі.*

*Екі асық құмары,*

*Бір жолдан қайта алмай.*

*Жолықса ол зарлы*

*Сөз жөндеп айта алмай,-* деп махаббат психологиясының бейкүнә кейпін, адамның батылдығынан, бағдарлылығынан, ақыл-есінен айырылған күйімен салыстырады. Ақын махаббат сезімінің адам көңілін толқытар асқақ та жағымды күй тудыратын сәттерін «Көзімнің қарасы» өлеңінде:

*Қайғың – қыс, жүзің – жаз,*

*Боламын көрсем мәз.*

*Күлкіңіз бойды алар,*

*Бұлбұлдай шықса әуез.*

*Исің-гүл аңқыған,*

*Нұрың-күн шалқыған.*

*Көргенде бой еріп,*

*Сүйегім балқыған,* - деп тамаша суреттейді.

Ақын өз шығармаларында шын махаббаттың бар сырын жайып сала отырып, жастарды жалған

махаббат, яғни, уақытша құмарлықтан сақтандырды. Өзінің «Ғашықтық, құмарлықпен-ол екі жол» өлеңінде шын ғашықтық пен жалған құмарлықтың өз алдына екі түрлі сезім екенін:

*Ғашықтық, құмарлықпен-ол екі жол,*

*Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол,* - деп көрсете, «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат» өлеңінде:

*Көп жүрмес, жеңсікқойлық әлі-ақ тозар,*

*Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қонар,* - деп, олардың тұрақсыз, тұрлаусыз сезімдерін жек көрді. Әрі қарай «Ұяламын деген көңіл үшін» өлеңінде:

*Жалығу бар, шалқу бар, іш нысу бар,*

*Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар.*

*Ар мен ұят ойланбай тәнін асырып,*

*Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар,* -

деп, құмарлықтың уақытша екенін, ол адамда азапсыз басталып, тез ұмытылатын құнсыздығын әшкере етті. Сондай-ақ үйелмендік өмірдегі қиындықтар кезінде шын сүйіскен жандарда махаббаттың мерейі аса түсетінін, керісінше жалған сезімнің суып, алыстай беретінін айрықша жеткізді.

Бесіншіден, ақын отбасылық өмірдің физиологиялық-гигиеналық мәніне ерекше назар аударды. Ол некелескен жастардың жұбайлық өмірі дер кезінде басталуын қалады. Әсіресе жігіттердің көпке дейін үйленбей жүріп алуын жақсылыққа жорыған жоқ. Бұл ойын өзінің «Ғабидоллаға» өлеңінде былай білдірді:

*Мен –дағы көп естідім жастың назын,*

*Қол жетпеске қол созар, бар ма лажың?*

*«Боламынмен» жүргенде, болат қайтып,*

*Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім,* -

деп, жастық шақтың негізгі шаруасы жастардың бас қосып, үй болуы деп көрсетті. Сезімтал Абай некелескен екі адамның жас мөлшері бір-бірінен алшақ болмау керектігін өзінің «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

*Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,*

*Епке көнер ер жүрек сату емес.*

*Кімде кім үлкен болса екі мүшел,*

*Мал беріп алғанымен қатын емес,* -

деп, некелескен ерлі-зайыптылардың арасында 25-30 жылдай алшақтық болуы физиологиялық жағынан бір-біріне ай еместігін көрсете отырып, осы өлеңінде бұл ойын әрі қарай дәлелдей түседі:

*Біреу – көк балдырған, бірі – қурай,*

*Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз.*

немесе:

*Екі көңіл арасы – жылшылық жер,*

*Оны қайтіп қосады ол ант ұрған,* -

деп, мұндай некенің психологиялық жағынан да, биологиялық жағынан да үйлеспейтінін ескертті.

Алтыншыдан, Абай жастардың өз алдына шаңырақ көтерген кездерінде шаруашылық-экономикалық есебіне ыждағатты болуы керектігін естеріне салады. Екі жастың да отбасы қаржысын үнемді пайдалануын, адал еңбегінің құнын өмірлік қажетіне ғана жаратуға үндеді. Мақтан үшін артық дүниелікке қызықпай, не болмаса қолапаш сөзге қарық болып, қолындағысын орынсыз шашпай үнемшіл болуға үйретті. Өзінің «Қуанбандар жастыққа» өлеңінде ол ойын былай білдірді:

*Адалдан тапқан тиынды,*

*Сал да сақта қапшыққа.*



*Қолдағыңды қорғап бақ,*

*Мал арзан деп аптықпа,* - деп қолда бар қорды сақтап ұстауға, оны арзан дүниеге айырбастамай, тек мұқтаж-қажетіне жаратуларына кеңес берді. Үй болғаннан соң еткен еңбегіне қарай жиналған қаражат-қоры болуын мұқият тапсырды. Осылайша, Абай жастарды жұбайлық өмірге баулуда мына мәселелердің шегін ашып береді:

1. Жар таңдауда тәрбиелі, ақылы ажарына сай, еңбекқор, адамгершілігі мол, таза жүректі адаммен бас қосқан абзал екенін танытты.

2. Жастық шақ адам өмірінің ең қызық, ең жауапты, ең мағыналы шағы екенін, басты ерекшелігі: алданғыш көңіл, албырт сезім, сенгіш жүрек, батыл әрекет, қызыққа құмар, қызылға өш өткінші мезгіл екенін қатты ескертті.

3. Жастық шақта отбасы болу, мақсат қуу, білім алу, еңбек қарекетіне төселу қажетіне, сонымен қатар бұл шақ-адамдықтың басталу шағы екенін, оны қалайда дұрыс бастау қажетін ескерте айтты.

4. Абай үй болу бақыты екі адамның тілек-мүддесінің бірлігі деп білді. Жастар өз бақытының қожасы, мұны берік дәстүрге айналдыру өз қолдарында екеніне сенді.

Қорыта келгенде, Абай өзінің қол артқан үміті жастардың жұбайлық өмірді алдын ала даярлықпен бастауына ерекше мән берді. Ол өз кезіндегі үйелмен құрылымының барлық жай-жапсарын, жетістік-кемістігін түк қалдырмай алдарына жайып салды. Жақсысынан үйренуге, жаманынан жиренуге бар қолынан келген үгіт-насихатын арнады.



Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

**Г.ИСКАКОВА,**  
**Әлімхан Ермеков атындағы**  
**№2 ЖББОМ.**

Қарағанды облысы,  
Қарқаралы қаласы

## **ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. «ТИМКА-ДИМКА» ӘНГІМЕСІ**

Мақсаты: сабақта тәрбиелік-психологиялық жағдай жасау. Ғ.Мүсірепов шығармашылығына ана тақырыбына жазылған әңгімелері ерекше орын алатынына түсінік беру. Ғ.Мүсірепов шығармаларынан ана туралы үзінді оқу.

Міндеттері: білімділік- Ғ.Мүсіреповтің «Тимка-Димка» әңгімесін оқи отырып мазмұнын меңгеру, идеясы мен тақырыбын ашу; дамытушылық-әңгімені негізге ала отырып, оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке, қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Сабақ түрі: қалыпты, аралас сабақ.

Әдісі: баяндау, сұрақ жауап, талдау, мәнерлеп оқу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, таныстырылым.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу.

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Үй жұмысына шолу.

Топқа бөлу.

Жаңа сабақ: оқушылардың қызығушылығын ояту, ой шақыру.

Мұғалім сөзі: -Біздің құрметтейтін адамымыз, өмірге алып келген бір жан бар. Ол кім?

Балалардың жауабы: -Ана.

«Ана» тақырыбына балабақша бүлдіршінінен бастап,

әйгілі қаламгерге дейін өз шығармаларын арнап келеді. Себебі не? (Балалардың жауабы, өз ойларын айтқызу).

Бүгін Біз сондай қаламгердің бірімен танысамыз.

Ол – Ғабит Мүсірепов.

Таныстырылым арқылы Ғабит Мүсірепов туралы түсінік беру.(34 минут)

Тапсырма: кітаппен жұмыс. Мәнерлеп оқу.

Берілген үзінді бойынша жазушының туған күні, отбасы туралы не айтуға болады.

Балалардың жауабы.

-Бүгін біз «Тимка-Димка» әңгімесін өтеміз. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. «Тимка-Димка» әңгімесін мәнерлеп оқу.

1. Әңгіменің мағынасын ашу «Тимка-Димка» кім деген сұраққа мәлімет аламын.

2. Сөздікпен жұмыс. Әңгіме мазмұнында кездесетін сөздердің мағынасын ашу.

*Тыртиған артық*

*Денсаулығы қыл үстінде*

*Қызыға киініп көрмеген*

*Қарыз*

*Кезек*

*Сорлы*

*Жалтақтау*

3. Топпен жұмыс.

I топ. Әңгіменің мазмұнына байланысты жоспар құру.

II топ. Әңгіме мазмұнына байланысты сұрақ дайындап, басқа топтардан жауап алу.

III топ. Әңгіме мазмұнының сюжеттік құрылысын талдау.

4. Мәтінді меңгеру кезеңі.

I топ.

Әңгіме неліктен «Тимка-Димка» деп аталған?

II топ. Тимка-Димканың портреттік сипаттамасын беріңдер.

«Тимканың мінезі адамгершілік қасиеттері» топтастыру.


III топ. Қарапайымдылық пен қайырымдылық дегенді қалай түсінесіңдер? Әңгімені негізге ала отырып, дәлелдеңіз.

5. Сабақты қорытындылау.

Рефлексия (интерактивті тақтада).

1. Біз бүгін сабақта қай жазушы туралы түсінік алдық?

2. Әңгімені оқи отырып қандай ой түйдік?



6. Үйге: «Адалдық-адамзат сәні» әңгіме құрастыру.

7. Бағалау.



**А.АСРЕПОВА,**  
**№ 26 орта мектебі.**  
Қарағанды облысы,  
Осакаров ауданы,  
Молодежный кенті

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ И.А.КРЫЛОВТАН АУДАРҒАН «АҚҚУ, ШОРТАН ҺӘМ ШАЯН» МЫСАЛЫ**

*(6-сынып)*

Мақсаты: білімділік-оқушыларды Ахмет Байтұрсынұлының аударма өлеңімен таныстыру; дамытушылық: ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту. Ізденімпаздыққа және топпен жұмыс істеуге үйрету; тәрбиелік: ауызбірлікке, татулыққа, ынтымақ-достыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдар: интерактивті тақта, оқулық, суреттер. Әдісі: әңгімелеу, түсіндіру, оқу, топпен жұмыс, «ой толғау», көрініс қою.

Түрі: жаңа сабақ.

Пәнаралық байланыс: орыс әдебиеті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезені:

- Бүгін сыныпта кім кезекші?
- Қазанның нешесі?
- Аптаның қай күні?
- Сыныпта кім жоқ?

- Үй тапсырмасына не берілді?

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Мақал-мәтелдерді сұрау.

Тақырыбы: «Достық, бірлік, ынтымақ»

III. Жаңа сабақ:

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын жұмбақ шешу арқылы анықтайтын боламыз.

Слайд ашу.

Жұмбақ шешу.

1. Су бетін сызып, Ақ құман жүр жүзіп. (Аққу)
2. Қомағайлық жасайды, Шабақтарды асайды. (Шортан)

3. Мойны жуан, Жұқалтаң қабақты. Тірсегі ұзын, Қоян тобықты. Іс тікпейді, бірақ Тастамайтын бізін, Білесің бе ...?

(шаянды)

- Ендеше, балалар, бүгінгі сабақта Иван Андреевич Крыловтың Ахмет Байтұрсынұлы аударған «Аққу, шорман һәм шаян» деген мысалымен танысамыз.

Сабақтың мақсаты:

1. Мысалмен танысу.
2. Топпен жұмыс істеуге үйрену.
3. Ауызбіршілікке, татулыққа, ынтымақ-достыққа үйрену.

Сөздікпен жұмыс:

Мысал – басня;

Аққу – лебедь;

Шортан – щука;

Шаян – рак;

Һәм –және – и;

Ғибрат – пример;

Жүк – груз;

Бар күшімен тарту – тянуть изо всех сил;

Машақаты – хлопоты;

Ынтымақсыз іс – разобщенное дело.

- Ал, енді, балалар, біз бүгін «Аққу, шортан һәм шаян» мысалын аударған А.Байтұрсынұлының өмірбаянымен танысайық.

- Слайд ашу (А.Байтұрсынұлының өмірбаяны)

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1873 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. 1909 жылы Орынбор қаласында «Қырық мысал» атты кітабы жарыққа шыққан. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған. Солардың бірі, И.А.Крыловтың «Аққу, шортан һәм шаян» мысалы.

Оқушыларды үш топқа бөлу.

- Балалар, сендер 3 топқа бөлініп отырсыңдар.

Бұл: 1-топ-Аққу;

2-топ-Шортан;

3-топ-Шаян.

Топпен жұмыс: әр топ берілген мәліметті оқып, дәптерлеріне кластер құрастырады.

Құрастырған кластерлерін тақтаға шығып, жазады.

Слайд ашып отыру:

1топ - Аққу;

2топ – Шортан;

3топ - Шаян.

1-топ.

Аққу

Аққу-өте ірі және күшті құстардың бірі, ол сонау көне заманнан бері сұлулық пен махабаттың тазалық пен нәзіктің белгісі болып саналады. Оны көп халықтар киелі құс санап, ерекше құрметтеген. Аққулар аңыздар мен ертегілерде жырланды.

Аққу түрлері: сұңкылдақ аққу, карақу және сыбырлауық аққу.

Аққулар – қалың қамыс арасында ұялайды. Олар ерекше сезгіш және сақ құс. Балапандарын ата-енесі бірлікте тәрбиелеп өсіреді.

2-топ.

Шортан

Шортан - еліміздің өзен, көлдерін түгелдей мекендейтін ірі балық. Оның ұзындығы 1,5 метрден, салмағы 35 килограмнан асып түседі.

Әдетте ірі шортандардың салмағы 6-8кг тартады.

Шортан –жыртқыш балық. Ол ұсақ шабақтарға да, ірі балықтарға да шабуылдай береді. Үйрек-қаздардың балапандарын талғамай жұтып жібереді. Шортан ең алдымен ауру, әлсіз балықтарды ұстап, өзен-көлдерде ауру тарауына бөгет жасайды.


3-топ

Шаян

Шаян-өрмекші тектес буынаяқтылардың көне топтарына жатады. Оның салмағы 50г-нан 200-ға дейін болады. Шаяндар кішкентай балықтармен қоректенеді. Тропикада да, шөл далаларда да тіршілік етеді. Түнгі мезгіл де түрлі жәндіктерді бір орнында қозғалыссыз тұрып, өз жемтігін ұлы ұстап алады. Адам шаянның

шаққанынан өліп кетпесе де қатты ауырып, шаққан жері ісіп, қалтырап тонады. Шаяндар ұзақ уақыт, бірнеше ай бойы тамақ ішпей жүре алады.

Тақтадағы кластермен салыстыру және өз жазғандарын толықтыру. Слайд ашу.



III. Оқулықпен жұмыс:

1. Мұғалім мәнерлеп оқып береді. Бейнебаянды көру.

Сұрақтар бойынша жұмыс жасау.

- Мысалдың кейіпкерлерін атаңдар.
  - Аққу, шортан, шаян.
  - Аққу қандай құс? Ол қайда мекендейді?
  - Аққу киелі құс. Ол көкте мекендейді.
  - Шортан деген не? Ол қайда жүзеді?
  - Шортан – ол балық. Ол суда жүзеді.
  - Ал шаян ше?
  - Шаян – жәндік. Ол Тропикада, шөл далаларда мекендейді.
2. Тізбектеп оқу.
  3. Мысал бойынша көрініс көрсету.
    - Балалар, осы көрініс арқылы біз нені байқадық?
    - Аққу, шортан, шаянның жүкті үш жаққа тартып тұрғанын.
    - Жүкті үш жаққа тартқан кезде бірлік пен ынтымақ бола ма?
    - Жоқ.
- Яғни, әр істе ауызбіршілік, татулық, достық, бірлік болу керек.
- Қорытындылау: «Ой толғау» стратегиясы.
- Мұғалім: - Балалар, осы мысал арқылы ақын-жазушылар бізді неге үйретеді?  
(ауызбірлікке, ынтымақ, достыққа шақырады)
- Мұғалім: - Бірлік, ынтымақ достық туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
- Мақал-мәтелдер.
1. Ынтымақ болмай, іс болмас.
  2. Көп біріксе ел болар, көп тілегі көл болар.
  3. Татулық –табылмас бақыт
  4. Бірлігі жоқ ел тозады,  
Бірлігі күшті ел озады.
- Үй тапсырмасы: Ахмет Байтұрсынұлының И.А.Крыловтан аударған «Аққу, шортан һәм шаян» мысалын мәнерлеп оқу, сурет салу.
- Бағалау.

**Р.ЖАҚСЫҒҰЛОВА,**  
**№21 жалпы орта білім**  
**беретін мектеп.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы

## **ОТБАСЫНДАҒЫ ӘКЕ МЕН БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

*(Жалғасы. Басы №11-санда)*

**1. Оқылым.** Отбасы – адамның алтын ұясы, өйткені адам өз отбасында ұрпақтарын тәрбиелеп өсіреді. Отбасы мүшелерінің бірі үлкен, бірі кіші болса да, олардың ортақ мақсаты, ортақ міндеті бар.

Отбасы – шағын мемлекет тәріздес, сол себепті де әр отбасының өз дәстүрі, саясаты, қаржысы болады. Қазақ отбасында әке – әулет басшысы. Ол – өз ұрпағының қамқоршысы, олардың тәрбиешісі.

Әр бала өз отбасында тәрбиеленеді. Оның ақылы мен ойы, намысы мен ұяты, адамдармен қарым-қатынасы қалыптасып отырады.

Әке-шешенің үйі «қара шаңырақ» деген ұғыммен байланысты. Сондықтан балалары оны біздің «үлкен үйіміз», «қара шаңырағымыз» деп атайды. Ал осы қара шаңырақтан тараған ұлдардың үйі «отау үй» деп саналады.

Қазақ халқы: «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», - деген. Қазақ отбасында қыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударады. Қыздың тәрбиесіне анасы жауапты болады.

Ал әкенің мінез-құлқы, оның өнері мен білімі, басқа адамдармен қарым-қатынасы үнемі ұл балаға үлгі болған, сондықтан ол атасы мен әкесінің өнегелі ақылдарын тыңдап, олардың ізгі іс-әрекеттеріне қарап өскен.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқыңдар.
2. Мәтін бойынша жоспар құраңдар.

### **2. Айтылым.**

«Өз ойыңды ортаға сал».

1. «Ұрпақ», «отбасы», «әулет» деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?

2. Отбасының ортақ мақсаты мен міндеті бола ма?

3. Отбасы – шағын мемлекет пе? Қалай ойлайсыңдар?

4. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай?

Тірек сөздер:

Әулет

Қарым-қатынас

Ұрпақ

Қара шаңырақ

Отау үй

Дәстүр

Саясат

Қаржы

Тапсырма: берілген жаңа сөздерді оқыңдар, сөз тіркесін құраңдар, мәтіннен тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

### **3. Жазылым.**

1-жаттығу. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрап жазыңдар.

Әулет -  
Қарым-қатынас -  
Ұрпақ -  
Қара шаңырақ -  
Отау үй -  
Дәстүр -  
Саясат -  
Қаржы –

Грамматика. Синоним, антоним, омоним.

Синоним – айтылуы әр түрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын сөздер. Синоним сөздердің белгілері: 1) әр түрлі дыбысталады; 2) бір ұғымды білдіреді; 3) бір сөз табына қатысты болады; 4) сөйлем ішінде бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы, ас, тағам, тамақ, ауқат.

Антоним – мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы, аласа – биік, ұзын – қысқа, жақын – алыс.

Антоним қолданылатын орындар: 1) қос сөздер (жоғары – төмен, ақ – қара); 2) тіркескен сөздер (күй да төк, ал да бер); 3) Антонимдер ойды әсерлі, бейнелі жеткізу құралы ретінде мақал-мәтелде жиі қолданылады. Мысалы, Көз - қорқақ, қол - батыр.

Омоним – дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер. Мысалы, «Жақ» сөзінің омонимдік мағыналары: 1) адамның жағы; 2) от жақ; 3) оң жақ; 4) маған жақ; 5) қара бояу жақ;

Омонимдердің жасалу жолдары:

1. Жұрнақ арқылы: шығыс (шық + ыс), жастық (жас + тық);
2. Кірме сөз арқылы: бақ (парсы. «бақт»);

3. Дыбыстық өзгеріс арқылы: біз (бігіз);  
2 - жаттығу. Синонимдерді сәйкестендіріңдер:

әулет	өнеге
өсу	дүниеге келу
қалжың	көңіл аудару
туу	отбасы
үлгі	ер жету
назар аудару	әзіл

3-жаттығу. Мақал-мәтелді аяқтаңдар.

- 1.Әдепті бала – арлы бала, ... (бала – жапырақ)
- 2.Жақсыдан үйрен, ... (ақыл басқа бітеді)
- 3.Ұлдың ұяты әкеге, ... (ұшқанда соны іледі)
- 4.Ата – бәйтерек, ... (жаманнан жирен)
- 5.Қына тасқа бітеді, ... (әдепсіз балы–сорлы бала)

4-жаттығу. Берілген сөздерден сөйлемдер құраңдар.

1. Бала, алады, әкеден, мейірім, анадан, ақыл.
2. Асыраушысы, отбасының, әке, қамқоршысы, тірегі.
3. Ана, ошағының, бөлейді, жылуы, шуағы, жақсы, ұйытқысы, әкеліп, ана, береке, отбасына, бақытқа.
4. Қай, білімді, ата-ана, парасатты, болмасын, мәдениетті, баласының, қалайды, тәртіпті, болуын, әдепті.

**4. Тілдесім.** Жағдаяттық сұрақтарға жауап беріңдер.

I. Әкең саған «Дүниеде ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма?» десе, қалай жауап берер едің?

II. Бүгін әкеңнің туған күні. Тілек айту кезегі саған да келіп жетті. Қандай тілек айтасың? Мына сұрақтар бойынша тілегіңді айт.

1. Әкең қандай адам?
2. Әкеңнен нені үйрендің?
3. Әкеңе қандай өмір тілейсің?

4-модуль бойынша нәтиже сабақ «Қазақстанның белгілі ғалымдары».

### 1. Оқылым.

Қаныш Сәтбаев 12 сәуірде 1899 жылы дүниеге келді. Ол бала кезінен зерек болып өсті. Алты жасынан бастап ауыл мектебінде оқыды. Ауыл мектебінде арабша хат танып, араб тілін үйреніп, парсы, түркі әдебиетінің үлгілерімен танысады.

1912 жылы Қаныш Павлодар қаласындағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түседі. Қаныш бұл мектептің жарық жұлдызы болып көрінеді. Ән салып, гитара, домбыра тартып, Абай мен орыс ақындарының жырынан қызықты үзінділер оқиды.

1914 жылы Қаныш Семейдің семинариясына түсіп, онда төрт жыл оқиды. Семинарияны бітірген соң 1918–1919 жылдары Қаныш Семей қаласындағы екі жылдық педагогика курсының оқытушысы болып тағайындалып, онда жаратылыстану пәнінен сабақ береді. Бірақ семинариядан алған білімге көңілі көншімей, жоғары білім алғысы келеді. Біраз дайындықтан кейін Қаныш комиссия алдында емтихан тапсырып, Томскідегі Технология институтына түседі. 1921 жылы студенттер қатарына Қаныш Сәтбаев қосылды. Алғашқы күндерден бастап оның назары геологиялық-барлау мамандығына ауды. Екінші курстан кейін ол өз ұстазы М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысады.

Институтты бітіргеннен кейін Қ.И.Сәтбаев өзінің

туған Қазақстанына оралып, бүкіл өмірін геологияны зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат базасын жасауға арнады. Еңбек жолын Атбасар түсті металдар тресінде бастап, инженер-геолог, бас инженер-геолог болды.

Қ.И.Сәтбаев 1943 жылы Ұлттық Ғылым академиясының көреспондент-мүшесі болып сайланды, ал 1946 жылы толық мүшесі болып сайланды.

Қаныш Сәтбаев дарынды адам еді. Ол – 640-тан астам ғылыми еңбектің авторы. «Жезқазған руда кеніші» деген ғылыми еңбегі үшін Қ.И.Сәтбаев Ленин орденімен марапатталды.

1964 жылы қаңтар айында ғұлама көз жұмды.

Қаныш Сәтбаев – көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқыңдар.
2. Мәтін бойынша жоспар құраңдар.
3. Жоспар бойынша әңгімелендер.

### 2. Айтылым.

«Ой қозғау»

- «Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес» мақалы кімдер туралы айтылған?

- Бұл мақалды ұлы тұлғаларға қатысты айтуға бола ма?

Тірек сөздер:

Тағайындалу.

Жаратылыстану.

Геологиялық-барлау.

Ғұлама.



Шикізат.

Көз жұмды.

Тапсырма: берілген жаңа сөздерді оқындар, сөз тіркесін құраңдар, мәтіннен тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

3. Жазылым.

1-жаттығу. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрап жазыңдар.

Тағайындалу –

Жаратылыстану -

Геологиялық-барлау -

Ғұлама -

Шикізат -

Көз жұмды –

Грамматика. Дыбыс үндестігі. Ілгерінді ықпал. Кейінді ықпал. Біріккен сөз.

Дыбыс үндестігі – қатар тұрған екі дыбыстың бір-біріне ықпал етіп үндесуі.

1. Ілгерінді ықпал – түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысқа тигізетін әсері.. (12). Мысалы, бала-лар, жол-дар, тұз-ға.

Ілгерінді ықпал сөз тіркесінің және біріккен сөздердің аралығында да болады.



Жазылуы	Айтылуы
Алып бер	Алып пер
Ала кел	Ала гел
Алмасбек	Алмаспек

2. Кейінді ықпал – түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы дыбыстардың соңғысының

алдыңғы дыбысқа тигізетін әсері. Мысалы, түндік + і – түндігі, тәртіп + і – тәртібі.

Біріккен сөз – екі немесе одан көп сөз бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз.

Мысалы, Тасбақа (тас + бақа), Екібастұз (Екі + бас + тұз).

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазыңдар. Кейінді ықпал емлесін естеріңе түсіріңдер.

Әсет... доп...

Әке ... тымақ ...

Айнұр ... қуыршақ ...

Әже ... көйлек ...

Ана ... жүрек ...


3-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, ілгерінді және кейінді ықпалда тұрған сөздердің астын сызыңдар.

Отырар қаласының кітапханасы ірі болған екен. Ғалым жастық шағында сапарға шығуды, жол жүруді ұнатқан. Ол қыпшақ елін көп аралаған. Әл-Фараби ғылыми еңбектерін араб тілінде жазып қалдырған.

4-жаттығу. Сөздерді көшіріп жазып, қандай түбірлерден бірігіп жасалғанын үлгідегідей дефиспен бөліп көрсетіңдер.

Халықаралық, пәнаралық, жаратылыстану, ақсақал, ешқашан, әлдекім, шығыстану, көпқырлы.

5-жаттығу. Сызба бойынша мәтін құрыңыздар.



5-модуль бойынша нәтиже сабақ «Қазақстан мемлекеті және оның құрылымы».

### 1. Оқылым.

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні деп аталды. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті болды. Тәуелсіз еліміздің өз мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар.

Қазақстанның аумағы өте үлкен. Қазақ елі Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерімен шектеседі. Қазақстанның шекарасы батыстан шығысқа дейін 2800 шақырымды алып жатыр.

Батысында Каспий теңізі орналасқан. Каспий теңізінде мұнай және газ кеніштері бар. Қазақстанның оңтүстігінде көкөніс, жеміс-жидек көп өседі. Солтүстігінде егін жақсы өседі. Ал шығыс аймағы түрлі-түсті металға бай. Орталық Қазақстанда көмір шығарады.

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Ол еліміздің солтүстігінде орналасқан. Қазақстан халқының саны 17 миллион.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқыңдар.
2. Мәтін бойынша сұрақтар құраңдар.

### 2. Айтылым.

«Ой қозғау»

Тапсырма. Тірек сөздерді қолдана отырып, мәтінді дамытыңыздар.

Қазақ елінің жері кең, аумағы үлкен. Қазақстан елінің шекарасы ... ..

Тірек сөздер: Ресей, Қытай, шектеседі, батысында, теңіз, мұнай, егін, металл, көмір, бас қала, халық, саны, бай.

Тірек сөздер:

Қоғам  
Тәуелсіз  
Халық саны  
шекара  
Аймақ  
Кеніш  
Кент  
Шаһар

Тапсырма: Берілген сөздерден сөйлем құраңдар.

### 3. Тілдісім.

Тапсырма. Сұхбатты сұрақтармен толықтырып, екеуара сөйлесіндер.

- ... ?
- Біз, қазақтар, ежелден еркіндікті сүйетін елміз.
- ... ?
- Қазақтар өр мінез, ақкөңіл, мейірбан келеді.
- ... ?
- Қазақтар ақындықты, ән айтуды, күй тартуды ұнатады.
- ... ?
- Қазақтар достықты, татулықты қадірлейді.
- ... ?
- Бүгінгі Қазақстан – тәуелсіз, егемен ел.

### 4. Жазылым.

Грамматика. Есімше. Көсемше. Тұйық етістік.

Есімше – есім сөздің де, етістіктің де қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. Есімше септеліп, тәуелденіп, көптеліп, есім сөздің және жіктеліп етістіктің қызметін атқарады.

Есімшенің жұрнақтары:

1. -ған,-ген,-қан,-кен: алған, келген;
2. -ар,-ер,-р,-с: барар, жүрер;

3. -атын,-етін,-йтын,-йтін: алатын, санайтын;

4. -мақ,-мек,-бақ,-бек,-пақ,-пек: бармақ, келмек, жазбақ;

Көсемше – пысықтауыш пен баяндауыштың қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. Көсемше іс-әрекеттің жай-күйін білдіріп, жіктеліп немесе көмекші етістікпен тіркесіп, баяндауыш болады.

Көсемшенің жұрнақтары:

1. -а,-е,-й: барады, келеді;

2. -ып,-іп,-п: шығып, санап;

3. -ғалы, гелі,-қалы,-келі: алғалы, бергелі;

Тұйық етістік – шақпен, жақпен байланысы болмай, қимылдың атауын ғана білдіретін етістіктің түрі.

Тұйық етістік – у жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы, қара + у; алма +у.

Тұйық етістік көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Мысалы, тексерулер, айтуым, білудің.

1-жаттығу. Сөйлемдердің ішінен есімшені тауып, қандай септік жалғауында тұрғанын айтындар.

1) Оқығанның күні жарық. 2) Сөз тапқанға қолқа жоқ. 3) Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес. 4) Қаһарлы сөз қамал бұзар. (Мақал-мәтел) 5) Білмекке кетті көңілі жөнін сұрап. (Ы. Алтынсарин)

2-жаттығу. Мәтіннен көсемше тұлғалы етістіктерді тауып оқындар және жасалу жолдарын анықтаңдар.

3-жаттығу. Берілген сөздерді сөз құрамына талдаңдар.

Тәуелсіздігін, еліміздің, аумағы, мемлекеттерімен, шекарасы, оңтүстігінде, кеніштері.

4-жаттығу. Тұйық етістіктерді тауып, қандай тұлғада тұрғанын ажыратындар.

1) Отанды сүю отбасынан басталады.

2) Жақсының қасиеті – жарастыру,

Жаманның қасиеті – таластыру.

3) Сөз – ұлы құдірет, ұлылығы – сөзбен адамдарды табыстыруға болады.

4) Ана тілін құрметтемеу – анадан да сыйламау деген сөз.

5-жаттығу. Мақал-мәтелдерден етістіктің есімше, көсемше түрлерін тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын және қалай түрленгенін айтындар.

1) Ақылды кісі азбайды,

Асыл бұйым тозбайды.

2) Білмегенді кісіден сұра,

Үлкен болмаса, кішіден сұра.

3) Көре-көре көсем боласың,

Сөйлей-сөйлей шешен боласың.

4) Ақылды адам арын қорғайды,

Сараң адам малын қорғайды.

6-модуль бойынша нәтиже сабақ «Сенің есімің қандай мағына береді?»

**1. Оқылым.** *Азан* араб тілінде шақыру, жариялау, хабарлау дегенді береді. Азан шақырып ат қою қазақ дәстүрінде кездеседі. Жаңа туған сәбиге ауыл ақсақалдарын жинап, азан шақырып ат қойғызады. Үш рет қайталап, сәбидің құлағына айқайлайды. Сәбиге лайықты ат қоюға ерекше көңіл бөлген. Әрине алдымен жақсы есімдер мен елге әйгілі адамдардың атын қойған.

Қазақта балаға ат қоюдың жолы көп. Шөп шауып жатса, Шөптібай деп, наурыз айында туса, Наурызбай деп, мамыр айында туса, Мая немесе Мамырхан деп, қыстың боранды күндері туса, Боранбай, айт күні туса, Айтбай, Рамазан, табиғат құбылыстарына байланысты Күнтуған, Айтолқын, Жұлдыз, Жаңбырбай деп те қоя салады. Сол сияқты дүниеге қыз бала келе берсе,

Ұлболсын, Ұлтуған, Ұлмекен дейді.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқыңдар.

2. Мәтін бойынша сұрақтар құраңдар.

## 2. Айтылым.

«Ой қозғау»

Атаңның баласы болма,

Адамның баласы бол.

• Атаңның баласы болу деген не?

• Адамның баласы болу дегенді қалай түсінесіз?

Тірек сөздер:

Жариялау

Хабарлау

Құлағына айқайлау

Табиғат құбылысы

Дәстүр

Шөп шабу

Тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдер құраңдар.

## 3. Жазылым.

Грамматика. Қос сөздер. Қысқарған сөз. Тіркесті сөздер.

Қос сөз – екі сөздің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөз. Қос сөздің екі сыңары дефис арқылы жазылады. Қос сөздің екі түрі бар: қайталама қос сөз және қосарлама қос сөз.

А) Қайталама қос сөз – сыңарлары бір түбірден, яғни бір түбірдің қайталануынан жасалатын қос сөз. мысалы, көзбе-көз, өз-өзінен, тау-тау, ап-ащы, кісі-місі.

Ә) Қосарлама қос сөз – әр түрлі сөздердің қосарлануынан жасалатын қос сөз. Мысалы, үлкен-кіші, тәлім-тәрбие, бала-шаға, саяси-әлеуметтік.

Қысқарған сөз – күрделі атаулардың және шартты

белгілердің қысқартылып жазылған түрі. Мысалы, ТМД, ҚазҰМу, пединститут, Қазмұнайгаз, см, АН-24.

Тіркесті сөз – екі немесе одан көп сөздер тіркесіп келіп, бір ұғымды білдіретін күрделі сөздің түрі.

Тіркескен сөздің екі түрі бар: еркін тіркес және тұрақты тіркес. Олардың ерекшеліктері төмендегідей:

1) Еркін тіркестің құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға болады. Мысалы, оқып отыр /оқып жүр, ұзын бойлы/ бойы ұзын.

2) Тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Тұрақты тіркестің құрамындағы сөздер бірігіп, бір ғана мағына береді. Мысалы, қас пен көздің арасында деген тіркесті кірпік пен көздің арасында десек, «тез» деген мағына бермейді.

1-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңдер. Диалог құрыңдар.

- Сенің атыңды кім қойған?

- ... .

- Сенің атыңды қойғанда түрлі ырым, тілектер ескерілген бе?

- ... .

- Сенің атың тағдырыңа әсер ететініне сенесің бе?

- ... .

- Сен біреуге ат қойып көрдің бе?

- ... .

- Ат қойып көрсең, ат қою оңай болды ма?

- ... .

2-жаттығу. Сөйлемдердің сыңарын мағыналарымен сәйкестендіріңдер.

1	Қазақтың дәстүрінде нәресте дүниеге келген кезде	адамдардың айтқаны бұлжымас заң.
2	Қазақ дәстүрінде үлкен	жас нәресте есімін өздері таңдайды.
3	Кейде ата-аналары	ата-анасы құрметті, сыйлы адамға сәбидің есімін қойғызады.

3-жаттығу. Төменде берілген сөздермен көрсетілген сызбалар бойынша сөз тіркестерін құрастырындар.

зат есім + етістік  
сын есім + зат есім  
есімдік + зат есім  
үстеу + етістік  
сан есім + зат есім

Үлгі: әкені сыйлау (зат есім + етістік)

Ежелгі, есімдер, олардың, қазір, миллиондаған.

Жетістіктері, уақыт, таңғалмайсың, адам, ұмытылмайды.

3-жаттығу. Берілген қос сөздерді пайдаланып, сөз тіркесін жасаңдар.

Үлгі: ойын-тойдың сәні, ...

Ойын-той, оқу-тәрбие, ән-күй, аяқ-қолы, артық-кем, үлкен-кіші, ойлы-қырлы, үш-төрт, ат-арба, қып-қызыл.

4-жаттығу. Төмендегі қысқарған сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрап жазыңдар.

Үлгі: см – сантиметр, ..

См, кг, пединститут, педколледж, медпункт, ТУ-104.

5-жаттығу. Төменде берілген сөздерді жіктеңдер. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар.

*Қырық қасық су құю, суға шомылдыру.*

#### 4. Тілдесім.

1. Баланың өмірге келуі қуаныш па?
2. Баланың өмірге келуі бақыт па?
3. Баланың өмірге келуі ұрпағымның жалғасы ма?

#### 4. Баланың өмірге келуі үлкен байлық па?

7-модуль бойынша нәтиже сабақ «Мен оқитын газет-журналдар».

#### 1. Оқылым.

Баспасөз – мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы.

Мерзімді баспасөзге тұрақты атауы, ағымдық нөмірі бар және кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень жатады. Мерзімді баспасөздің ең негізгі әрі көне түрлерінің бірі – газет.

Баспасөздің екінші түрі – мерзімсіз басылымдарға кітаптар, кітапшалар, плакаттар, күнтізбелер, ноталар, т.б. жатады. Оның ең негізгі әрі көне түрі – кітап.

Қазіргі кезде Қазақстанда 2756 мерзімдік басылым жарық көреді. Сондай-ақ әр түрлі меншіктегі 260-тан астам баспадан мыңдаған таралыммен кітаптар, бүктеме мен плакаттар, т.б. шығады.

Республикадағы Баспасөз жүйесінің қызметі Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңымен реттеледі.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқыңдар.
2. Сұрақтарға жауап беріңдер.
  - А) Бұқаралық ақпарат құралдарына не жатады?
  - Ә) Қандай баспасөз түрлерін білесіңдер?
  - Б) Қазақ тіліндегі басылымдарды оқисыңдар ма?

#### 2. Айтылым.

«Ой қозғау». Үзіндіні түсініп оқып, өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Бүгінгі қазақ баласы өз ана тілінде шығатын көркем кітаптар мен газет-журналдарға зәру. Олардың көретін мультфильмдері мен кинолары, оқитын кітаптары мен газет-журналдары, ойнайтын ойыншықтары

мен компьютерлік бағдарламалары негізінен, орыс тілінде. Қазақ балалар әдебиетінің заманға сай дами алмай отырғанын айтпағанның өзінде, біздің баспасөз нарығында балалар басылымдарының үлесі тым аз екендігі өкінішті жайт ...

Тірек сөздер:

Баспасөз

Мерзімді / мерзімсіз

Таралым

Дүңгіршек

Күнделікті

Апталық

Айлық

Қоғамдық

Саяси

Жалпыұлттық

Тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдер құраңдар.

### 3. Жазылым.

Грамматика. Бірыңғай мүшелер.

Бір сұраққа жауап беріп, бір ғана қызмет атқарып, бір ғана мүшемен байланысатын екі не одан да көп мүшелер сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп аталады.

Бірыңғай мүшелер барлық сөз таптарынан жасалады және олардың арасына үтір қойылады.

Мысалы, *ауа тұп-тұнық, тап-таза, жібектей жұмсақ.*

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына септік жалғауларын қойып жазыңдар. Бірыңғай мүшелерді табыңдар.

«Дружные ребята» - балалар мен жасөспірім... арналған газет. «Дружные ребята» - Орта Азиядағы балалар... арналған жалғыз орыс тілді басылым. Газет мектеп оқушылары... өмірі туралы жазады.

Газет соғыс және еңбек ардагерлері... көмек, қоршаған ортаны қорғау, спорт жаңалықтары, мәдениет жаңалықтары, жануарлар... қорғау шараларын жүргізеді. Бұл шаралар оқырмандарды туған жер... сүйеге, Отан... сүйеге, табиғат... аялауға, үлкендер... сыйлауға, салт-дәстүр... құрметтеуге тәрбиелейді.

2-жаттығу. Сөздерді етістіктермен сәйкестендіріңдер.

Журналға пайдаланамын

Сабаққа жазыламын

Есте қалуына шешемін

Сөзжұмбақтарды көмектеседі

Достар үйрендім

Ойымды ашық айтуға таптым

3-жаттығу. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңдар.

Журналға жазылу, оқып тұрамын, оқырмандар, маған ұнайды, жасөспірімдер, әртістер мен музыканттар, жаңалықтар.

4-жаттығу. Өзіңіз оқитын газет туралы айтыңыз.

### 4. Тілдесім.

Мына сұрақтарға жауап беріп, сұхбат құрыңдар.

- Сендер қандай басылымдарға жазыласыңдар?

- ... .

- Қандай басылымдарды сатып алып оқисыңдар?

- ... .

- Қазақ тілді қандай басылымдарды білесіңдер?

Оларды оқисыңдар ма?

- ... .

- Балаларға арналған басылымдарға көңілдерің тола ма?

- ... .

- Балаларға арналған басылымдардың қандай болғанын қалайсыңдар?

- ...

8-модуль бойынша нәтиже сабақ «Мен мамандық таңдаймын».

### 1. Оқылым.

Мамандық таңдау деген өзіңнің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ «Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: соның бірі – мамандық таңдағанда» деп бекер айтпаса керек. Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін, ең алдымен, мамандығыңа деген сүйіспеншілік керек. Сүйіспеншілікпен істелген жұмыс қана нәтиже береді. Өз жаныңа жақын мамандықты іздеп табу да барынша күрделі жұмыс. Өз қалауыңды білесің, бірақ сол мамандықтың қалай аталатынын білмейсің. Бұндай жағдайда мектеп психологтары, мұғалімдері, оқу орындарының оқытушылары, ата-аналарың, туған-туыстарыңның көмектеріне жүгінгенің жөн. Дегенмен, ең алдымен жүрегіңнің үнін тыңдағаның дұрыс. Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүргендердің де, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді түсініп оқыңдар.

2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

А) Адам қандай жағдайда қателеспеу керек екен?

Ә) Өз ісінің нағыз маманы атану үшін не істеу қажет?

Б) Мамандық таңдауда кімдердің көмектеріне жүгінуге болады?

### 2. Айтылым.

«Ой қозғау». Жағдаятты оқып, ондағы берілген ақпаратқа өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Қазір жастардың мұғалім, агроном, аспаз, т.б.

мамандықтарды таңдағысы келмейді. Неге?

Тірек сөздер:

Қателеспеу керек

Бекер айтпау

Білекті

Жығады

Таңдау

Тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдер құраңдар.

### 3. Жазылым.

Грамматика. Туынды зат есім.

Зат есімдер қазақ тілінде түбір зат есімдер және туынды зат есімдер деп екіге бөлінеді. Туынды зат есімдер басқа сөздерге жұрнақтар қосылу арқылы жасалады. Мысалы, *-шы/-ші: мал+шы, -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік: дос+тық, жылдам+дық*. Қазақ тілінде зат есімдер бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен және сөздерді қысқарту жолдарымен де жасалады. Мысалы: *тасбақа, ата-ана, Сарыарқа*, т.б.

1-жаттығу. Мақалдың мағынасын түсіндіріңдер.

- Білекті – бірді жығады, білімді – мыңды жығады.
- Жеті жұрттың тілін біл,  
Жеті түрлі білім біл.

2-жаттығу. Сөйлемдердің ішінен туынды зат есімдерді табыңдар. Олардың қандай жолдармен жасалғанын анықтаңдар.

1. Ескі дәуірдегі серілік өнерді бастаушы – Қорқыт ата.

2. Олар тек әнші, ақын, күйші ғана емес, керемет зергер де болған.

3. Жерге орналастыру мына жұмыстарды қамтиды: кәсіпорындарға, ұжымдарға, шаруашылықтарға жер бөлу.

3-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, «Келісемін (+)» немесе «Келіспеймін (-)» деп жауап беріндер.

Сөйлемдер	+	-
1. Мамандық таңдаудың еш қиындығы жоқ		
2. Жақсы маман болу үшін мамандығыңа деген махаббат керек.		
3. Өз мамандығын ұнатпайтын жұмыскерлер бар.		
4. Өзім ұнатпайтын мамандыққа бармаймын.		
5. Маған ата-анам қай мамандықты таңда десе, сол мамандықты таңдаймын.		
6. Тек ақшаның күшімен оқып шығуға болады.		

4-жаттығу. Мына әріптердің өзгеріске ұшырауына сәйкес келетін кейінді ықпалдағы сөздерді жазыңдар.

П-б,қ-ғ, к-г, п-у.

5-жаттығу. Мәтіннен қос сөздер мен біріккен сөздерді табыңдар.

Республикадағы мұнай-газ саласының ғылыми тұрғыда кең зерттеле бастауы соғыстан кейінгі кезеңге сәйкес келеді. Ал 1970-1980 жылдарда мұнай-газ іздестіру бағытындағы зерттеулер қазақ жерінің жерасты байлықтарының ұшан-теңіз екендігін танытты. Жетібай мен Өзен, Қаражамбас пен Қаламқас, Құмкөл мен Қарашығанақ, Теңіз бен Жаңажол секілді алыптар – осы жылдардағы іргелі зерттеулер жемісі.

#### 4. Тілдесім.

Сұхбатты оқып, өздерің таңдаған мамандықтарың туралы көршілеріңмен әңгімелесіндер.

- Аружан, сен қандай пәндерді ұнатасың?
- Мен тарих, әдебиет пәндерін ұнатамын. Ал саған қандай пәндер ұнайды?
- Мен жаратылыстану пәндерін ұнатамын. Қандай маман иесі болғың келеді?

- Мен журналист болсам деймін.
- Әрине, журналист – өте қызықты мамандық. Бірақ журналист болу үшін газет-журналдарға мақала, әңгіме жазбаушы ма еді?
- Дұрыс айтасың. Менің жарияланған мақалаларым бар ғой.
- Солай ма? Мен білмеймін. Қандай тақырыпта жазып едің?
- Соңғы жазған мақалам «Менің болашақ мамандығым» деп аталады. Онда армандарым туралы жазған болатынмын.
- Сен журналист болуға жақсы дайындалып жүр екенсің. Ендеше жолың болсын, талабыңа нұр жаусын! Жақсы журналист болуыңа тілектеспін.

- Рақмет. Сенің де қалаған мамандығыңның иесі болуыңа тілектеспін.

- Рақмет, Аружан.

9-модуль бойынша нәтиже сабақ «Мен болашақта қандай жұмыс істеймін?»

#### 1. Оқылым.

Біздің шаштаразда ерлер және әйелдер залы бар. Біз шаш қиямыз, шаш бояймыз. Маникюр жасаймыз.

Шаш қалыпты, құрғақ, майлы болып үшке бөлінеді. Қалыпты шаш – қайызғағы жоқ, жылтыр болады. Мұндай шаш ерекше күтімді қажет етпейді. Құрғақ шаш – жеңіл және жұмсақ, тез сынғыш болып келеді. майлы шаш – жуғаннан кейін-ақ тез майланып кетеді. Жұқа шаштың диаметрі – 0,05 мм-ден кем болады, орташа шаш – 0,05 мм, қалың шаш – 0,07 мм.

Әдемі шаш – адамның көркі. Шаш күтімі дегенде шашты жуып, бұйралау деп қана түсінбеу керек. Шаштың түрлеріне қарай дұрыс сусабын таңдап, мамандардан кеңес алып тұрған жөн.



2. Мәтін бойынша үш деңгейлі тапсырмаларды орындандар.

III деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Шаштаразда әйелдер залы бар ма?
2. Шаштаразда ерлер залы бар ма?
3. Шаштаразда қандай қызмет көрсетіледі?
4. Құрғақ шаш қандай болады?
5. Майлы шаш қандай болады?
6. Қалыпты шаш қандай болады?

2. Сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар.

Шаштың, майлы.

II деңгей.

1. Сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құраңдар.

Шаштараз, сусабын, құрғақ, майлы, шаш қию, бояу, ерлер залы, әйелдер залы.

2. Сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар.

Майлы, мамандардан, бояймыз.

I деңгей.

Басқақандай мамандықтар туралы білесіңдер? Өздерің таңдаған мамандықтарың туралы толығырақ айтыңдар.

### 1. Оқылым.

Мен – медициналық орталықтың дәрігерімін. Біздің медициналық орталық жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Жаңа талаптарға сай жұмыс істейді. Күрделі биологиялық анализдерді өзіміз жасаймыз. Медициналық орталықта күндізгі стационар, хирургиялық бөлім, зертхана, диагностикалық орталық, дәріхана жұмыс істейді. Сондай-ақ, рентгендік техника-компьютерлік томограф, рентген аппараты, маммография қондырғысы науқастарға қызмет жасайды. Біздің медициналық орталық-медициналық қызмет көрсетудегі үлгілі мекеменің бірі.

2. Мәтін бойынша үш деңгейлі тапсырмаларды орындандар.

III деңгей.

1. Орыс тіліндегі сөздерді қазақ тілі сөздерімен сәйкестендіріңіз.

- |                       |              |
|-----------------------|--------------|
| 1) оборудованный      | қорытынды    |
| 2) пациент            | жабдықталған |
| 3) принимать          | кеңес        |
| 4) перерыв            | қабылдау     |
| 5) консультация       | жас маман    |
| 6) молодой специалист | үзіліс       |
| 7) протокол           | хаттама      |
| 8) заключение         | емделуші     |
| 9) медсестра          | медбике      |

2. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар дайындандар.

II деңгей.

1. Етістіктерді болымсыз түрде жасаңыз.

- 1) Қабылдау - .....
- 2) Беру - .....
- 3) Өткізу - .....
- 4) Жазу - .....
- 5) Шығару - .....

2. Диаграмманы толтырыңыз. Медицина терминдерін жазыңыз.

Медицина терминдері.

I деңгей.

Бір мамандық бойынша берілген жоспар негізінде презентация дайындандар.

1. Мамандық.
2. Маман не істейді?
3. Оның қызметінің нәтижесі неге алып келеді?
4. Маман қандай жағдайда жұмыс істейді?

**А.УТКЕЛЬБАЕВА,**  
**Қорғалжын мектеп-гимназиясы.**  
 Ақмола облысы,  
 Қорғалжын ауданы

## ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты:	<p>Білімділік - қазақтың ұлттық тағамдары жайлы біледі, ұлттық тағамдар маңызды екенін түсіне білуге және түсінгендерін айта білуге дағдыланады.</p> <p>Дамытушылық - оқушылардың өзара пікір алысу, ортақ ой тұжырымдау, оны көпшілік алдында айта алу дағдылары жетіледі. Ұжымда өзара әрекеттестікте жұмыс істеу біліктіліктерін дамытады.</p> <p>Тәрбиелік - оқушы бойында ізгілік, мейірім, адамгершілік сапаларының жетекші сапалар ретінде қалыптасуына құлшыныс туады. Қазақ халқының ұлттық тағамдарын білуге, қонақжайлылыққа тәрбиеленеді.</p>
Оқыту нәтижесі:	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сынып ұжымының қоғамдағы тіл мәдениеті жайын біледі.</li> <li>• Әр сөзді орнымен қолданады, сөйлемді әсерлі құрады, сөзді кестелі, бейнелі етіп құрады.</li> <li>• Тақырып аясында берілген тапсырмаларды сауатты орындайды.</li> <li>• Әңгіме құруда сауаттылықтары артады.</li> </ul>
Негізгі идеялары:	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сыныптағы оқушылардың іс-әрекеттері, тапсырмаларды орындаулары олардың ұлттық тағамдар жөнінде білімнің қалыптасуына ықпал етеді.</li> </ul>
Негізгі идеялары:	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сыныптағы оқушылардың іс-әрекеттері, тапсырмаларды орындаулары олардың ұлттық тағамдар жөнінде білімнің қалыптасуына ықпал етеді.</li> </ul>

Мұғалім жазбалары.

I. Ұйымдастыру.

Сәлемдесу.

- Сәлеметсіңдер ме? Отырындар.

- Біздің әр өткен сабағымыз қуаныш. Ал қуанышта кеңпейіл халқымыз не істеген?

... Шашу шашқан.

- Шашу дегеніміз не?...Ол тілек, береке. Біз де береке тілеп, шашу шашайық. (Шашу шашылады).

- Кәмпитті жай ғана жемей, менің сұрақтарыма жауап беріңдер.

- Бүгін кім кезекші?

- Сыныпта кім жоқ?

- Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні?

Оқушыларды 2 түсті стикер арқылы екі топқа бөліп отырғызамын.

1-топ: Ас атасы-нан,  
 2-топ: Ас-адамның арқауы. /Әр топтан топ басшысын сайлап алу, әр топқа бағалау парағын беру/

- Сендердің білімдеріңді топ басшысы сабақтың әр кезеңінде бағалап, бағалау парағына баға қояды, сабақ соңында бағаларын айтады.

II. Үй жұмысын тексеру.

- Балалар, мен сіздерге үйге тапсырма ретінде ұлттық тағамдар жайлы презентация жасап келуге берген болатынмын. Орындап келген жұмыстарыңызды ортаға шығып қорғаңыздар.

/әр топтан оқушы шығып, жасаған презентацияларын қорғайды./

– Балалар! Көздеріңді жабыңдар. Мен сендерге бір азық-түлік беремін, оның иісінен, бұл не екенін анықтаңдар. (Қымыз).

- Қымыз туралы кім біледі?

- Қымыз неге жатады? ...(Қазақтың ұлттық тағамдарына).

- Ендеше, бүгін біз ұлттық тағамдар тақырыбын өтеміз.

Сабақтың мақсатымен таныстыру.

III. Қызығушылықты ояту.

1. Жазылым. Әр топқа «Ұлттық тағамдар» және «Ұлттық сусындар» сөздері жазылған ватман беремін. Оқушылар топта тақырыпқа сай білетіндерін ортаға салып топтастырып жазады. Әр топтан бір оқушы

шығып тапсырманы оқып береді.

IV. Мағынаны тану.

2. Оқылым. 2 топқа екі мәтін беру. (Топ ішінде берілген мәтінді оқып, әр топ өздеріне берілген мәтіннің мазмұнын айтып береді.)

3. Жазылым. Тақтаға әр топқа 2 сөйлем жазылады. Сөйлемдерде дауысты, дауыссыз дыбыстар түсіріліп жазылады.

1-топ: «Ас атасы - нан» тобына:

\*Қаза...та ұлт...ық та...амдар ал...ан түрлі.

\*Дастар...андағы д...м, та...амнан а...уыз тимей кетуге болмайды.

2 – топ: «Ас – адамның арқауы» тобына:

\* Тамақ ішуге шақыр...анда, тама...ты к...п құтт...руге болмайды.

\* Қазақта дастар...аннан, д...мнен үлкен н...рсе жоқ.

4. Жеке жұмыс.

Топтың әр мүшесіне тапсырма жазылған кәртгішке беріліп, 2 минут уақыт беріледі.

1 минуттан кейін әрқайсысы жауап береді.

5. Тапсырмалар жазылған кәртгішкелер:

1. Мына сөйлемді аудар:

Из мяса конины готовят казы, карта, жал. (Жылқының етінен казы, карта, жал дайындайды).

2. Мына сөйлемді аудар:

Творог, курт, масло молочные блюда. (Сүт тағамдары -рімшік, сүт, құрт, май).

3. Мақал-мәтелдің аудармасын дұрыс айт:

Когда в семье лад, все вкусно подряд. (Тату үйдің тамағы тәтті).

4. Қазақтың ұлттық дастарқанында тамақтардың негізгі үш түрі бар.

Оларды ата? (ет, сүт, нан тағамдары).

5. Мына сөздерді аудар:

еда, пища- (дәм)

не попробовав- (ауыз тимей)

гость-(қонақ)

гостеприимство- (қонақжайлылық)

6. Мына сөйлемді аудар:

В Казахстане есть санаторий где лечат кумысом. (Қазақстанда қымызбен емдейтін санаторий бар).

6. Бұл қандай тағам?

1. Қаймағы алынған немесе алынбай пісірілген сүтке азырақ су қосып ұйғытылады. Ол- жеңіл және сусындық тағам. /Айран/

2. Кез келген малдың етінен жасала береді,өкпе-бауыр қосып жасайды. Түрлері көп: соғым, өкпе-бауыр, қарын /Қуырдақ/

3. Шай дастарханының басты асы. Ең жоғары сапалы ұннан май, ашытқы қосып жасалады. Әр түрлі пішінде, үш-төрт бұрышты, сопақша, домалақ болады. Түрлері көп. Мысалы: бармақ, жол, ақ, той т.б. /Бауырсақ/

4. Сүттен жасалған ұлттық тағам. Мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіріліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі./ Құрт/

5. Аса кәделі дастарқан дәмі. Ол қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын өте дәмді тағам. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік, мүйіз салып араластырады. /Жент/

6. Жылқы етінің деликатесі. Онша семіз емес салқындалатын жылқы етінен не салқындалатын немесе мұздатылған майдан әзірлейді. /Шұжық/

7. Сергіту сәті

Оңға түзу тұр,

Солға түзу тұр.

Алға бір адым

Артқа бір адым.

Оңға бұрылып,

Солға үңіліп

Жоғары, төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

8. Мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі аудармасымен сәйкестендіру.

Досыңның үйінде, су берсе де ішіп кет.

Где пища водится, там болезнь не заводится.

Ынтымақты үйдің асы тәтті.

Не шагай через блюдо с едой.

Ат-адамның қанаты, ас-адамныңқуаты.

Пример хозяйина за столом вкус еде прибавляет

Ас үстінен аттама, астанүлкенемессің.

В гостях у друга и воду подадут – пей.

Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.  
Конь –крылья человека, а в хлебе-его сила  
Ас- иесіментәтті.  
Хлеб и пшеница –пища, золото и серебро-хлам.  
Алтын, күміс-тас екен, арпа, бидай-ас екен. Когда в семье лад, все вкусно подряд.

9. 2 топқа ортақ тапсырма: «Менің сүйікті ұлттық тағамым» атты тақырыпқа әңгіме құрастырып, оқу.

10. Топтық жұмыс.

I топ: Асқа байланысты жұмбақ, мақал жазу.

II топ: Тамаққа байланысты ырымдар мен тыйым сөздер жазу.

11. Мақал-мәтелдер жарысын ұйымдастыру.

Ұлттық тағамдарға, сусындарға байланысты білетін мақал-мәтелдерін айтып, екі топ жарысады. Жеңімпаз топты марапаттау.

V. Бағалау.

Бағалау үшін топ басшыларына сөз беріледі.

VI. Қорытынды.

Сабағымызды «Дастархан» халық әнімен аяқтайық.

Сөзі: Ж. Боранбаевтікі. Әні: М.Илиясовтікі.

*Бүгінгі ел ішінде,*

*Дәстүрді жалғастырған.*

*Татулық белгісімен,*

*Жағалай малдас құрған.*

*Қайырмасы:*

*Ей, менің асқар тауым,*

*Қазақы дастарқаным.*

*Өзіңсің бақ-берекем,*

*Ақ қайнар бастауларым.*

*Дәм татар талай гасыр,*

*Ұрпақтар абайласын.*

*Кірлетпей таза ұстасын*

*Қазақтың шар айнасын*

VII. Рефлексия.

-Балалар, бүгінгі сабақтан сендер қандай әсер алдыңдар? Сабақтан алған әсерлерінді смайлик арқылы көрсетіңіздер.



**Н.ТАСТАНБЕКОВА,**  
**«№5 орта мектеп мектепке**  
**дейінгі шағын орталығымен»**  
**мемлекеттік коммуналдық мекемесі.**  
Алматы облысы,  
Қапшағай қаласы

## **НӘТИЖЕ САБАҚ**

*(5-сынып)*

Мақсаты: тарау бойынша өткен білімдерін пысықтау. Тақырып бойынша сөйлесе білу, сауатты жазуға және сөйлеуге үйрету. Тест сұрақтарына толық жауап беру.

Қызығушылығын арттыра отырып, танымдық көзқарастарын қалыптастыру. Ойын жағдаяттарында қазақ тілін қолдану арқылы оқушыларды жаңа әлеуметтік тәжірибеге қатыстыру.

Оқушылардың коммуникативтік дағдысының қалыптасуына диалогтік оқытудың әдістерін пайдалануға қолғабыс көрсету.

А, Б, В оқушыларының көрсеткіштері: А-тақырып бойынша өзара сөйлесуге қатысады. Сөздік қоры жеткіліксіз. Б-Тест сұрақтарына жазбаша жауап береді, бірақ тапсырманы түсінуде біраз қиналады. В-баяу жазады. Тест тапсырмаларын түсінбейді.

Күтілетін нәтижелер: сан есімнің мағыналық ерекшелігін біледі. Сан есімнің түрлерімен сөйлем құрады. Жағдаят бойынша сөйлем құра алады.

Түйінді идея: Білімді мыңды жеңеді.

Әдіс-тәсілдер: дамыта оқыту технологиясы

I. Кіріспе бөлім.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Психологиялық оң ахуал туғызу (2 мин.)

Оқушылардың топқа бөлінуіне көмектесу.  
Мақалдардың жалғасын табу арқылы топқа бөлінеді.

1-топ. Білім туралы.

2-топ. Еңбек туралы.

3-топ. Отан туралы.

4-топ. Денсаулық туралы мақалдардың жалғасын табу арқылы топқа бөлінеді. (Бір-біріне сәттілік тілейді.)

Нәтиже сабақтың тапсырмаларымен танысу.

1. Сұрақтарға жауап береді.

2-тапсырма. Тест сұрақтарына жазбаша жауап береді.

Оқылым әрекеті. (Өзін-өзі бағалау)

Тапсырмаларды орындауларына байланысты бағыт беру.

2. Серпіліс.

3. «Ыстық орындық» (СТО).

II. Негізгі бөлім.

1. Сөздік жұмыс. (АКТ)

-«қара-жаз-айт-жаз-тексер» техникасы mp3

Тапсырмаларды жазбаша орындау.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

2-тапсырма. Тест сұрақтарға жауап беріңдер.

«Ойланамыз бірге» стратегиясы (ДО)

Сергіту сәті.

III. Қорытынды бөлім.

Сабақты бекіту. «Сұрақты қағып ал» әдісі (ДО)

Жоғары және төменгі деңгейлі сұрақтарға жауап береді.

Рефлексия. «Даналық ағашы» Оқушылар кері байланыс жапырақтарын толтырады.



## КӨЛІК ТҮРЛЕРІ

Мақсаты: оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау, жазу қабілеттерін дамыту.

Міндеті: білімділік-тақырып бойынша көлік түрлері туралы қазақша сөйлеуге жағдай туғызу, оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру; дамытушылық Сөздік қорын молайтып, сұхбат, жұмбақ, мәтінмен жұмыс істеп, үстеудің түрлерін практикалық жолмен дамыту; тәрбиелік-бірін-бірі сыйлап, білімділікке деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге баулу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: интерактивті әдіс, сұрақ-жауап, түсіндірмелі, талдау, әңгімелеу.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, презентациялар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Амандасу, оқушыларды түгелдеу. Оларды сабаққа бейімдеу.

- Сәлемесіндер ме. Көңіл-күйлерін қалай?

2. «Жылы лебіз» тренингі.

-Балалар, сабақтың басында біз қол ұстасып, шеңберге тұрып, бір-бірімізге жылы лебіз айтамыз.

- Сабағымыз сәтті өтсін.

- Деніміз сау болсын.

- Сабақтан көп білім алайық.

- Бүгінгі сабағымыздың мақсатына жетейік.

3. Кезекшімен сөйлесу.

- Бүгін сыныпта кім кезекші?

- Мен-кезекшімін.(Оқушылар кезекшіге өздерінің сұрақтарын қояды, кезекші жауап береді.)

II. Үй тапсырмасы.

Оқушылардан үйге берілген тапсырманы сұрау.

-Үйге қандай тапсырма берілді?

1. Үстеу-ереже.

2. Көлік түрлері туралы жұмбақтар.

-Үстеу деген не?

-Қандай сұрақтарға жауап береді?

-Үстеу мағынасына қарай қандай болады?

-Үстейдің әр түріне сөйлем құрастырындар.

3. 1-тапсырма. «Артығын алып таста» (E-learning. E-кітапханадан. ЦОР)

4. 2-тапсырма. «Дұрыс-бұрыс». (E-learning. E-кітапханадан. ЦОР)

5. Жұмбақтар. «Ыстық орындық» тәсілі бойынша орындау.

III. Жаңа сабақ.

1. - Ал енді, балалар, бейнеороликті көріп, сабақтың тақырыбы қандай екенін маған айтындаршы? (Бейнеоролик «Көліктер-2» қойылады.)

-Дұрыс, балалар. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы-Көлік түрлері.(Презентация. 3-слайд)

- Сабақтың мақсаты:

1. Тілдік дағдысы мен ойлау, жазу қабілеттерімізді дамыта отырып, көлік түрлері туралы қазақша сөйлеуге үйреніп, білім-білік дағдыларымызды қалыптастырамыз.

2. Сөздік қорымызды молайтып, сұхбат, жұмбақ, мәтінмен жұмыс істеп, үстеудің түрлерін практикалық жолмен дамытамыз.

3. Бір-бірімізді сыйлап, тыңдап, көп білім алуға тырысамыз.(4-слайд)

-Қазіргі заман көлік, техниканың дамыған заманы. XXI ғасыр көлігіне әуе жол көлігі, темір жол көлігі, су көлігі, жер және жер асты көлігі жатадыАлматы қаласында жер асты көлігі(метро) салынды.(5-9-слайд)

- Бүгін біз сендермен «Көлік түрлері» деген тақырыппен жұмыс істейміз. Одан бұрын «Пазл құрастыру» арқылы үш топқа бөлінеміз.

I топ-Темір жол көлігі.

II топ-Әуе көлігі.

III топ-Су көлігі.

Спиккер мен тайм-менеджерді таңдау.

Топпен жұмыс ережесін еске түсіру.

2. Жаңа сөздер.

Көлік-транспорт

Жолаушы-пассажир

Жүк-груз

Өнім- продукция

Шетел-зарубежье, заграница

Тиімді-выгодный

Тасымалдау-перенести, перевозить, перевозка

Мұнай –нефть

Тасу- перенести, перевозить

Қызмет көрсету-оказывать услугу

А) Мен қазақша- орысша оқимын.

Ә)Мен орысша оқимын, оқушылар қазақша айтады.

3. Мәтінмен жұмыс. Топтық жұмыс. 1-тапсырма. (12-слайд)

А) Оқу.

Ә) Аудару.

Б) «Карусель» тәсілі бойынша жұмыс.

4. Диалог құрастыру. 2-тапсырма (13-слайд)

-Осы тақырып бойынша күнделікті өмірде болатын көрініске диалог құрастыру. Құрастырады, оқиды.

I топ-Темір жол вокзалында.

II топ-Әуежайға телефон соғу.

III топ-Өзенде.

5. Сергіту сәті.

6. Дәптермен жұмыс. (Жазбаша)

№1-грамматикалық тапсырма. (14-слайд)

A) Мәтіннен үстеулерді табу.

Ә) Үстейдің түрін анықтау.

B) Үстеуге синоним, антоним табу.

7. №2-грамматикалық тапсырма. (15-слайд)

I топ-«Пойыз» сөзіне фонетикалық талдау жасау, септеу.

II топ- *көлік* сөзін жекеше, көпше түрде тәуелдеу.

III топ- *жолдаушы* сөзін жекеше, көпше түрде жіктеу.

IV. Қорыту. Шығармашылық жұмыс.

-Ал, енді, балалар, бүгінгі сабақ бойынша осы тақырыпты қорыту үшін мен сендерге ватман мен маркерлерді беремін. Сендер онда өз ойларыңды тұжырымдап, қорытындылап жазыңдар.

(Оқушылар кластер бойынша жазады, тақтаға шығып, жұмыстарын қорғайды.)

V. Тұжырымдау.

Оқушылар стикерге сабақ бойынша өз ойларын жазады. САБАҚ ҰНАДЫ МА, ҰНАҒАН ЖОҚ ПА. Жұмыстың қай түрі ұнады?

VI. Бағалау. Оқушыларды білім деңгейлеріне байланысты бағалау.

VII. Үй тапсырмасы. Деңгейлік тапсырма.

«А»-«Көлік түрлері» тақырыбына эссе жазу.

«Б»- «Көлік түрлері тақырыбына диалог құрастыру.

«С»- Жаңа сөздерді жаттау.

Г.ТҮРСЫНОВА,  
№90 мамандандырылған  
мектеп-лицейі.  
Алматы қаласы

## ШАЙ. КОФЕ ІШУ

Мақсаты: Шай, кофенің шығу тарихы мен аңыздарға мән беріп, мәтіндердің мән-мазмұнын ашу.	1. Білімділік: жаңа сөздердің айтылуын, жазылуын үйрету, мәтіндермен жұмыс жасауда тілін жаттықтырып, сөздік қорын байыту. 2. Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту. 3. Тәрбиелік: тарихта болған елеулі оқиғаларды есте сақтауға, құрметтеуге тәрбиелеу.
Әдіс -тәсілдері:	Сыни тұрғысынан ойлау, АКТ, диалогтік оқыту, дарынды және талантты балалармен жұмыс, оқытудағы жаңа тәсілдер, оқу үшін бағалау және оқыту үшін бағалау, жас ерекшеліктері бойынша оқыту.
Түрі:	Аралас
Типі:	Интербелсенді
Пәнаралық байланыс:	Сурет, орыс тілі, әдебиет, тарих
Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі:	Фишкалар, мақал, қара жәшік, суреттер, таныстырылым, кестелер, видео
Өлшемдік ойлау қабілеті:	7 «Б»
Уақыт	Сабақтың барысы:

5 мин.	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Амандасу.</li> <li>2. Топқа бөлу. (кесе мен стакандар арқылы 2 топқа бөлу)</li> <li>3. Психологиялық ахуалын жақсарту. Ойын: Есіміңнің басты әріпі «қандай?» деген сұраққа жауап беріп, өзін сипаттау.</li> <li>4. Фонетикалық жаттығуды орындау: Мақал: Сыйлап берсе, суын іш.</li> </ol>	<p>Мұғалімнің рөлі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Амандасады</li> <li>2. Оқушыларға фишкаларды таңдауға мүмкіндік береді. Фишка суреті бойынша екі топқа бөліп отырғызады.</li> <li>3 Оқушыларға ойын ойнауға ұсынады. Әр оқушы өз есімін атап, бірінші әріпі бойынша өзін бір сын есім арқылы сипаттайды.</li> </ol> <p>Мысалы: <i>Ажар-ақылды.</i></p>	<p>Оқушының рөлі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Амандасады.</li> <li>2. Оқушылар фишкаларды таңдап, топқа бөлінеді.</li> <li>3. Ойын арқылы өздерін сипаттап, қызығушылығын танытады.</li> <li>4. Фонетикалық талдауды орындайды.</li> <li>5. Ережелерді оқып шығады.</li> <li>6. Топ басшылары бағалау парактарын алып, сабақ бойы белсенді оқушыларды белгілеп отырады.</li> </ol>
--------	--	--	--

		<p>4. Фонетикалық жаттығуды орындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мақалды оқушыларға оқытып, аудартады.</li> <li>2. Дауысты дыбыстармен жұмыс.</li> <li>3. Морфологиялық талдау: <i>суын</i></li> <li>4. Мақалдың мағынасын қалай түсінесіздер?</li> <li>5. Топқа қойылатын ережермен таныстырады. Оқушыларға оқытады. Түсіндіреді. Бағалау парактарына назар аударады.</li> </ol>	
--	--	---	--

8 мин.	<p>II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жуан және жіңішке сұрақтармен жұмыс. «Қара жәшік» ойыны.</li> <li>2. Оқушылардың диалогтарымен жұмыс</li> <li>3. Дәптерлерімен жұмыс. Бағалау.</li> </ol>	<p>1. Мұғалім қара жәшікке грамматикалық тақырыптар бойынша сұрақтарды дайындап ұсынады:</p> <p>-Сын есім дегеніміз не? қандай сұрақтарға жауап береді?</p> <p>-Сын есім тұлғасына қарай неше топқа бөлінеді? Ата.</p> <p>- Есім сөзден сын есім тудыратын жұрнақтарын ата. Мысал келтір.</p> <p>- Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтарын ата. Мысал келтір.</p> <p>- Күшейткіш үстеу қандай сұрақтарға жауап береді? Қандай сөздер жатады?</p> <p>Тәуелдік жалғау дегеніміз не? Тәуелдік жалғауларын ата.</p> <p>- Өткен шақ дегеніміз не? Неше түрі бар? Ата.</p> <p>-Туынды сөздердегі түбір мен қосымшаның үндесуі неге байланысты?</p>	<p>1. «Қара жәшіктен» өткен ережелер бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>2. О/О</p> <p>3. Дәптерлерін тапсырады. Өздерін бағалайды.</p> <table border="1" data-bbox="1662 465 1838 532"> <tr> <td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td> </tr> <tr> <td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td> </tr> <tr> <td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td> </tr> </table>																		

		<p>- Лепті, сұраулы сөйлемдер дегеніміз не?</p> <p>- Біріккен сөздердің емлесі, неше топқа бөлінеді, әр тобына сипаттама бер.</p> <p>2. Оқушылар үйде дайындап келген диалогтарын мазмұндайды.</p> <p>3. Дәптерлерін жинап алады.</p>	
--	--	---	--



2 мин.	III. Оқушылардың білімдерін жан-жақты тексеру кезеңі. Сыни тұрғыдан оқыту стратегиясы. АКТ. Таныстырылыммен жұмыс: «Суреттер мен сұрақтар»	Мұғалім жаңа тақырыппен байланыстыру үшін сұрақтар қояды: - Оқушылар мына суреттерге қарап не айта аласындар? Бүгін біз сендермен қандай тақырыппен танысамыз, қалай ойлайсындар?	Оқушылар суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа тақырыпты анықтайды.
3 мин.	IV. Жаңа білімдерін игеру кезеңі: 1. Сөздікпен жұмыс. Аңыз, ойнақ салу, арамза күш, бақташы, беймәлім, дән, сергек, көпес, қою, шығарылу, құрғақ, сіңіру. 2 Мәтіндермен жұмыс 1-топ «Кофенің шығу тарихы» 2-топ «Шай» 3 Топтық жұмыс Сұрақтармен мен ДЖИГСО2 кестесімен жұмыс: ДЖИГСО2 кестесі V (білемін) -(білмеймін) + (мен үшін жаңа ақпарат ? (мені таңғалдырды)	1.Мұғалім жаңа сөздердің айтылуын үйретеді, жазылуына назар аударады. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдерін құратқызады. Жаңа сөздерді кестеге жазып тапсырады. 2. Әр топқа мұғалім бір-бір мәтіннен ұсынады, оқушыларға оқуға уақыт беріп, ДЖИГСО кестесін толтыруды ұсынады. 3. Мәтін бойынша сұрақтарды құрап, қарсылас топқа сұрақтар қойғызады. 4. Мәтіндер бойынша үш деңгейлі тапсырмаларды орындатқызып, әр оқушыға өз бетінше орындатқызып, тексереді.	1. Оқушылар жаңа сөздерді қайталап, сөздікке жазып, сөз тіркестерін, сөйлемдерін құрайды. кеспе қағаздарын сөздікке жабыстырады. 2. Оқушылар іштей бір оқып шығып, кестені толтырады. Толтырып болған соң топтан бір оқушы мәнгерлеп мәтінді оқиды, және қалғандары Джигсо бойынша айтып шығады. 3. Оқушылар мәтін бойынша сұрақтар құрап қарсылас топқа қояды, өздері де жауап береді. 4. Оқушылар үш деңгейлі тапсырмаларды орындап, оқып шығады.
8 мин.			
5 мин.			

8 мин	4 Үш деңгейлі тапсырмалармен жұмыс: III деңгей 1-тапсырма Сөйлемдерді мәтін бойынша аяқта. Септеулік шылаулар қандай сөздермен байланысып тұрғанын нықтаңдар, септік жалғауларын ажыратыңдар. 1 Ешкілер беймәлім бұтаның жемісін жегеннен кейін,..... 2 Кофенің шығу туралы..... 3 XVII ғасырдан кейін ..... 4 Молда бұл жемісті жеп көрген соң,..... 2-тапсырма Сұрақтарға ауызша жауап бер: -Шайдық Отаны қай ел? -Шай нешінші ғасырдан бастап пайда болды? II деңгей 1-тапсырма Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерімен сөйлемдер құра: Беймәлім бұта, ойнақ салу, дән, сергек, тәтті шай, ыстық сумен. 2-тапсырма Ауызша сұрақтарға жауап бер: -Аңыз бойынша молда жолда келе жатып нелерді көреді? -Молда ағаш жемістерімен не істейді? -Қою шығарылған шай қалай әсер етеді? -Шайға арналған ыдыстарды қалай күту керек? I деңгей 1-тапсырма Мәтіндегі шайды дұрыс шығару ережелерін әрі қарай жалғастырыңдар. 1 Шай қайнататын арнайы ыдыс болуы керек. 2 Шәйнекті алдын ала ыстық сумен шаю керек. 3..... ..... 4..... ..... 2-тапсырма Шай мен кофенің адамға пайдасы бар ма? Неде? Өз ойыңды айт.		
-------	---	--	--

3 мин	V Бекіту кезеңі: 1 Жазу дәптерлеріне сүйену 2 «Синквейн» әдісімен жұмыс: Синквейн «шай, кофе» 1 зат есім. 2 сын есім 3 етістік 4 сөзден құралған бір сөйлем. 3 «Қазақ халқы шайды қалай демдейді?» Артық болмас білгенің ..... видеоүзінді	Жазған тапсырмаларын тексереді. «шай, кофе» сөздері бойынша жұмыс 1 зат есім 2 сын есім 3 етістік 4 4 сөзден құралған бір сөйлем Видеоды көрсетіп сұрақтар қояды.	Оқушылар өз жұмыстарын оқып шығады. Өз бетінше тексереді. «Синквейн» әдісі бойынша жауап береді. Оқушылар видеоды көріп, сұрақтарға жауап береді.
3 мин	VI Үй тапсырманы беру кезеңі: ж/с, 1-тапсырма 88-бет, 1-тапсырма 91-бет-мазмұндау, 3-тапсырма 90-бет Рефлексия Бағалау.	Мұғалім үй тапсырмасын түсіндіріп береді. Смайлингтерін таратады. Бағалау парақтары бойынша қорытынды бағасын қояды.	Оқушылар үй тапсырмасын көшіріп жазады. Смайлингтер арқылы өз көңіл күйін білдіреді. Бірін-бірі бағалайды.



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

*Білім - асыл қазыналы сандық,  
Оны ашатын кілт - еңбек.*

*П.БУАСТ*

*Бақыт жолы біліммен табылады.*

*Ахмед ЮГНАКИ*

**Л.УСЕНЖАНОВА,  
М.Мәметова атындағы  
№28 мектеп-лицей.**

Алматы қаласы

## ҚАЗАҚСТАН ТАБИҒАТЫ

*(5-сынып)*

Мақсаты: білімдік-тақырып бойынша жан-жақты мәлімет бере отырып, мәтіннің негізгі идеясын түсіндіру. Септік жалғауларын қорытындылау; дамытушылық-оқушылардың сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеу мәдениетін, ойлау, есте сақтау және танымдық қабілеттерін дамыту, жетілдіру, сауатты жазуға және сөйлеуге үйрету; тәрбиелік-табиғатты аялауға, қорғай білуге, тазалығын сақтауға тәрбиелеу.

Түрі: аралас, дәстүрлі сабақ.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын тест, сергіту.

Көрнекілігі: табиғаттың суреті, кеспелер, жұлдызша.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Кіріспе.

Сұрақ-жауап:

-Балалар, бүгін нешесі?

-Аптаның қай күні?

-Қазір қай жыл мезгілі?

-Қыс айларын атап шығындар.

-Бүгін ауа райы қандай?

(Оқушылардың жауабын тыңдау)

II. Үй тапсырмасын тексеру.

а) Сөздік диктант жазу. (Мұғалім сөздерді орыс тілінде оқиды).

ә) Өткен тақырып бойынша сұхбат құрастыру.

(Оқушылар жұппен сұхбат құрады)

III. Жаңа сабақ.

- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақстанның табиғаты».

IV. Жаңа мәтінмен танысу. Мәтінді түсініп оқу. Мазмұнын түсіндіру.

1. Жаңа сөздермен таныстыру. Сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.

2. Оқушылар жаңа сөздерді тізбектеп айтып шығады және сөз тіркесін құрайды.

3. Әр түрлі әдістер арқылы жаңа сөздерді пысықтау.

V. Жаңа тақырыпты пысықтау.

1-тапсырма.

Дәптермен жұмыс. Сөздерге тиісті тәуелдік жалғауын қойып жазу.

Мысалы: Қазақстан, Отан, туған жер, ел.

2-тапсырма.

Мәтінге сұрақ қою.

-Табиғат дегеніміз не?

-Біз не істеуіміз керек?

-Серуенге шыққанда не істейміз?

-Елімізге қандай үлес қосуымыз керек?

VI. Білімдерін бекіту. Кеспелердегі сұрақтарға жауап.

VII. Сабақты қорытындылау. Сергіту.

Сүйейік, табиғатты, аялайық!

Біз де одан жақсылықты аямайық!

Анадай табиғаттың аясында

Жадырап ластамай-ақ дем алайық!

( Оқушылар хормен оқиды)

VIII. Үй тапсырмасын беру.

IX. Оқушылардың білімін бағалау.

X. Рефлексия: сабақты оқушылармен бірге қорытындылау.

А.ҚҰМАРҒАЛИЕВА,  
Богдановка негізгі орта мектебі.

Орал облысы,  
Теректі ауданы,  
Богдановка ауылы

## **МЕНИҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІМ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙДІ? СЕПТІК ЖАЛҒАУЫ. ЖІКТІК ЖАЛҒАУЫ**

Мақсаты: тақырыпқа сай жаңа сөздерді меңгеру, мемлекеттік тілді қадірлеуге, өзге тілдерге құрметпен қарау сезімдерін ояту. Берілген диалогті өз ойларынша жалғастырып, өзара сөйлесу. Септік, жіктік жалғауларын меңгерту.

Оқушылардың жазу, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, жаңа сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрай білуге үйрету.

Оқушыларға қазақ тілін меңгерте отырып, Отанын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: білім дағдыларын қалыптастыру.

Әдісі: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, аударма, сөздік, ереже.

Көрнекіліктер: жекеше карточкалар, интерактивті такта, слайдтар.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Үй жұмысын тексеру: 3-тапсырма, 8-бет, әңгімелеу.

Жаңа сабақ: Менің отбасы мүшелерім қай тілде сөйлейді? Септік жалғауы. Жіктік жалғауы.

Септік категориясы  
(Категория склонения)

Септіктер (Падежи)	Сұрақтары (Вопросы)	Жалғаулары (Окончания)
1. Атау (Именительный)	кім? не? (кто? что?)	-
2. Ілік (Родительный)	Кімнің? ненің? (чей? Чья? чье? кого? чего?)	
3. Барыс (Дательно- направительный)	Кімге? неге? қайда? (кому? Чему? Куда?)	
4. Табыс (Винительный)	Кімді? нені? (кого? что?)	
5. Жатыс (Местный)	Кімде? неде? қайда? қашан? (у кого? в ком? у чего? в чем? на чем? где? когда?)	
6. Шығыс (Исходный)		
7. Көмектес (Творительный)		

4. Табыс (Винительный) Кімді? нені?(кого? что?)

-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, --н

5. Жатыс (Местный) Кімде? неде? қайда?  
қашан?( у кого? в ком? у чего? в чем? на чем? где?  
когда?) -да, -де, -та, -те, -нда, -нде

6. Шығыс (Исходный) Кімнен? неден? қайдан?(от  
кого? у кого? от чего? из чего? откуда?) -дан, -ден,

-тан, -тен, -нан, -нен

7. Көмектес (Творительный) кіммен? немен?(с кем?  
с чем? как?) -мен (менен), -бен (бенен), -пен (пенен)

Жіктік жалғау - баяндауышқа ғана тән жалғау. Жіктік  
жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады.

Жіктеу категориясы - қазіргі қазақ тілінде тек  
етістікке ғана тән қасиет емес, баяндауыш болып  
қызмет атқара алатын өзге де сөз таптарына, соның  
ішінде есімдерге де тән қасиет.

	Жекеше	Көпше
1-жақ	оқушы-мын, мұғалім-мін	оқушы(лар)-мыз, мұғалім(дер)-біз
2-жақ	оқушы-сың, мұғалім-сің. оқушы-сыз, мұғалім- сіз	оқушы(лар)-сындар, мұғалім(дер)-сіңдер. оқушы(лар)-сыздар, мұғалім(дер)-сіздер
3-жақ	оқушы, мұғалім	оқушы(лар), мұғалім(дер)

Тапсырмалармен жұмыс.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздер мен  
жалғауларды қойыңдар.

Мәтінмен жұмыс: 2-тапсырма. 8-бет. Диалогті өз  
ойларынша жалғастырып, өзара сөйлесу.

III. Бекіту жұмыс:

1. Кестені толықтыру. (Слайд)

2. Әр оқушы жекеше карточкамен айналысады.  
(10 минуттай.)

3. Ауызша: 9- бет, 4- тапсырманы орындау.

Білім бағалау.

Үйге: мысал келтіру.

5-тапсырма. 9-бет. Шағын мәтін құру.

**Г.МҰҚАНОВА,**  
**№ 17 орта мектебі.**  
Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы

## СУСЫНДАР

Мақсаты: Сусындарға не жататынын, олардың адам ағзасына пайдасы барын түсіндіру. Сұрақтарға дұрыс жауап беруге дағдыландыру. Тіл дамыту, ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Сөздік қорын байыту. Мәнерлеп оқу дағдысын дамыту. Әңгімелер айту: Тамақтану әдебін сақтауға, мәдениеттілікке баулу, ұлттық тағамдар (қымыз) туралы, оның пайдасы туралы айту.

Көрнекіліктер: компьютер, интерактив тақта, суреттер, слайдтар, көрме.

Түрі: аралас сабақ.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- амандасу;
- сабаққа бейімдеу.

II. Фонетикалық жаттығуларды өткізу.

1-слайд: I дыбысына жаңылтпаш.

2-слайд: I әріпіне сөздер.

3-слайд: Y дыбысына жаңылтпаш.

4-слайд: Y әріпіне сөздер.

III. Үй тапсырмасын тексеру.

IV. Сұрақ-жауап.

- Балалар, қазір қай жыл мезгілі?

5-слайд: «Қыс» суреті.

- Қыс айлары қандай?

6-слайд: -Қыста не жауады?

1. Слайд бойынша берілген сөйлемдерді аудару /сөйлем мүшесіне талдау/. *Мектептің іші таза. Баланың іші ауырды. Мектептің қасын тазаладық. Қыздың қасы қара.* Омоним сөздерге көңіл аудару.

7-слайд: -Балалар не істейді?

8-10-слайд: (Қармен ойнайды. Аққала жасайды. Шаңғы тебеді. Хоккей ойнайды. Шанамен сырғанайды.)

11-слайд: - Қыста күн қандай?

Қыста аяз болады, сондықтан жылы киім кию керек.

- Қандай жылы киімдерді білесіңдер?

12-слайд: - Қыста қандай мереке болады?

13-слайд: - Жаңа жылда кімдер келеді?

14- слайд: - Аяз ата балаларға не әкелді?

- Сен қай айда тудың?

- Сен қыста тудың ба?

Оқулықпен жұмыс.

Жұмбақ: Дәмді, дәмді тағамдарды жинайды.

Қонақтарды көңілді сыйлайды.

Ол не ?

Вкусные, вкусные блюда собирает,

Гостей от души встречает.

15-слайд: 1-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс.

Дастарқандағы азық-түлік атауларын ата.

- Не қатты?

- Не жұмсақ ?

- Дүкеннен не сатып аласың?

V. Сабақтың мақсатын, барысын түсіндіру.

16-слайд: - Балалар, бүгін біз сабақта «Сусындар» туралы айтамыз, сөйлемдер құрастырамыз, сұрақтарға дұрыс жауап беруге, әңгімені толықтырып жазуға

үйренеміз.

-Қандай сусындарды білесіңдер?

17-слайд: қымыз - кобылье молоко;  
шұбат - верблюжье молоко.

18-слайд: В Аравии считают, что верблюжье молоко оказывает на человека тонизирующее действие, укрепляет нервную систему. Местные врачи утверждают, что на бедуина, выросшего на верблюьем молоке, не распространяются многие болезни.

19-слайд: Қымыз-квашенное молоко кобыл (приготовленное специальным способом) высокопитательный диетический напиток с тысячелетней целебной репутацией. Кобылье молоко и приготовленный из него қымыз показаны больным и здоровым, старикам и детям. Издавна его называли богатырским напитком, эликсиром бодрости, здоровья и долголетия. Қымыз с успехом используются для профилактики и лечения туберкулеза, желудочно-кишечных и сердечно-сосудистых болезней, при авитаминозе, нарушениях обмена веществ и при заболеваниях нервной системы.

VI. Жаңа сабақ. 20-слайд: Сөздік жұмысы:

*Жылы- теплый (-ая, -ое, -ые);*

*Суық - холодный (-ая, -ое, -ые);*

*Ыстық - горячий (-ая, -ее, -ие);*

*Ас дәмді болсын! - Приятного аппетита!*

Жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру. *Жылы сүт, ыстық шай, суық су, ыстық нан, жылы шырын... Әлия жылы сүт ішті. Әжем ыстық нан пісірді...*

Тапсырмалармен жұмыс. Айтылым.

3-тапсырма.

1. Ыстық.

2. Ыстық су.

3. Өте ыстық су.

VII. Сергіту сәті. Дәптермен жұмыс. Үлгі бойынша сөйлем жаз.

21-слайд: *Желтоқсанның сегізі.*  
*Сынып жұмысы.*  
*4-тапсырма.*

4-тапсырма. Өңгімені толықтырып жазу.

*Әлия әжесімен базарға барды. Олар базарға 12-ші автобуспен барды. Базардан алма, жүзім, алхоры сатып алды. Дүкеннен нан, торт, қант алды. Олар үйге келді.*

22-слайд:

VIII. Сабақты қорытындылау.

Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып айту.

*Мен жылы ... іштім.*

*Мен ... шай іштім.*

*Сен ... нан сатып алдың.*

*Сен қатты ... жедің.*

*Дүкенде ... , ... , ... бар.*

*Менің шешем ... , әкем ... сатып алды.*

2-тапсырма. Жолдасыңа бұйрық бер, жауап ал.

23-слайд: Нан туралы қандай мақал білесіңдер?

*Ас атасы-нан.*

Суреттер бойынша еске түсіру.

Ә.Бостубаевтың өлеңі.

*...Нан исі*

*Есіңде болсын, балам,*

*Нан-қастерлі тағам.*

*Қоқымын оның шашпа,*

*Жерге түссе, баспа.*

IX. Үйге тапсырма беру.

X. Сабақты бекіту. -Сабақта не туралы айттық?

**Д.КӨПШІЛБАЕВА,**  
**№90 мамандандырылған**  
**мектеп-лицейі.**  
 Алматы қаласы

## СҮТ ТАҒАМДАРЫ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты:	Білімділік: оқушылардың сүт туралы білімдерін толықтыру, сүт тағамдары туралы, олардың ненің сүтінен жасалатынын айта алуға үйрету, тақырыпқа қатысты белсенді сөздік қорын меңгерту, лексика-грамматикалық білімдерін кеңейту. Дамытушылық: ойлау қабілеттерін, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Тәрбиелік: сүт тағамдарының пайдасын түсіне білуге тәрбиелеу.
Сабақтың түрі:	аралас сабақ.
Сабақтың әдіс-тәсілдері:	Сыни тұрғыдан ойлау, оқытудағы жаңа тәсілдер – диалогтік тәсіл, оқу үшін және оқыту үшін бағалау, жұптық жұмыс, жеке жұмыс, топтық жұмыс.
Пәнаралық байланыс:	орыс тілі, әдебиет.

Көрнекіліктер:	суреттер, интербелсенді тақта, ұнтаспа, үлестірмелі кеспелер, бағалау фишкалары, бағалау парағы		
Формативті бағалау түрі:	өте жақсы	жақсы	қанағаттандырарлық

### Мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері

Уақыты	Жұмыс түрлері	Мұғалімнің ролі	Оқушының ролі
3 мин.	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық тренинг. «Шаттық шеңбері» Фонетикалық жаттығу. Мақал Ат адамның қанаты, Ас адамның қуаты.	Мұғалім оқушыларды топқа бөледі, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады, оқушылардың назарын сабаққа аударады.	Оқушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады, түске қарай топқа бөлінеді, мақалды оқып, аударады, сөздерге сұрақ қояды, «ас» сөзін тәуелдейді, «қуаты» сөзіне дыбыстық талдау жасайды.
8 мин.	Үй тапсырмасын тексеру. 1.Өткенді пысықтау. 2.Үлестірмелі кеспелермен жұмыс. Тиісті –ны,-ні,-ды,-ді,-ты, ті жалғауларын жалға: I нұсқа алма... қарбыз... көже... сүт... нан... тоқаш... айран... балмұздақ... кофе... пияз...	Мұғалім өткен сабақтардан әр топқа сұрақтар қояды, үйге берілген мәтінді, диалогты сұрайды, жазбаша жұмыстарын тексереді, берген жауаптарына тиісті бағалау фишкаларын беріп отырады, табыс септігінің жалғауларын қайталауға үлестірмелі кеспелер таратады.	Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап береді, үйге берілген мәтінді, диалогты жатқа айтады, кеспеде берілген сөздерге тиісті табыс септігінің жалғауларын жалғап жазады, өзін-өзі тексеріп бағалайды.
5 мин.	алма... қарбыз... көже... сүт... нан... тоқаш... айран... балмұздақ... кофе... пияз...	Мұғалім өткен сабақтардан әр топқа сұрақтар қояды, үйге берілген мәтінді, диалогты сұрайды, жазбаша жұмыстарын тексереді, берген жауаптарына тиісті бағалау фишкаларын беріп отырады, табыс септігінің жалғауларын қайталауға үлестірмелі кеспелер таратады.	Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап береді, үйге берілген мәтінді, диалогты жатқа айтады, кеспеде берілген сөздерге тиісті табыс септігінің жалғауларын жалғап жазады, өзін-өзі тексеріп бағалайды.
3 мин.	Тиісті –ны,-ні,-ды,-ді,-ты,-ті жалғауларын жалға. II нұсқа. шие.. бәліш... ботқа..сәбіз... палау..құлпынай... котлет...кәмпит... бауырсақ...лимон...	-Өткен сабақта не туралы өттік? -Сен сүт ішесің бе? -Сүт қандай болады? -Сен сүтті жақсы көресің бе? -Сүт тәтті болу үшін не қосуға болады? -Бал қосқанда сүттің дәмі өзгере ме ? -Түсі өзгере ме? -Ас ішкенде не деп айту керек?	Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап береді, үйге берілген мәтінді, диалогты жатқа айтады, кеспеде берілген сөздерге тиісті табыс септігінің жалғауларын жалғап жазады, өзін-өзі тексеріп бағалайды.

5 мин.	Қызығушылықты ояту. «Миға шабуыл» стратегиясы.	1.Әр топқа сөзжұмбақ таратады. 2.Суреттерді көрсетіп, сүт тағамдарын айтызады.	Сөзжұмбақты топпен шеше отырып, жаңа тақырыпты анықтайды, суреттер бойынша сөйлейді.
3 мин.	1. Сөзжұмбақ шешкізу. 2. Суреттермен жұмыс.		
1 мин.	Сөздікпен жұмыс. «Дауыстап оқу» стратегиясы.	Сүт тағамдары-молочные продукты Жасалады-изготавливается Қымыз-кумыс Шұбат-шубат Айран-кефир Қаймақ-сметана Ірімшік-сыр Құрт-курт Май-масло Балмұздақ-мороженое	Сөздерді дауыстап оқып,сөз тіркесі немесе сөйлемдер құрастырады.
3 мин.			
	Сергіту сәті.	Ұнтаспаны қосады.	Сергітуді кимылмен орындайды.
	Оқулықпен жұмыс. 4-тапсырма.	Оқушылардың дұрыс оқуына бағыт-бағдар береді, сұрақты дұрыс қоя білуге үйретеді.	Суретке қарап отырып, сөйлемдерді толықтырып оқиды, сұрақтар қояды. -Қымыз ненің сүтінен жасалады? -Түйенің сүтінен не жасалады?

	АКТ-ны қолдану 3-тапсырма.	Ұнтаспаны қосады Тапсырманы 2 рет тыңдағып, не туралы екенін, қандай сөйлемдер есте қалғанын сұрайды.	Ұнтаспада берілген мәтінді тыңдайды, есте қалған сөйлемдерін айтады.
	Мәтінмен жұмыс. 3-тапсырма.	Мәтіннің дұрыс аударылуын қадағалайды.	Мәтінді бір сөйлемнен оқып аударды.
	№1 жұмыс дәптерлеріндегі 3-тапсырманы жаздырту. 19-бет.	Сұрақтарға жазған жауаптарын оқытады, барлық оқушының жұмыс істеуін қадағалайды.	№1 жұмыс дәптеріндегі берілген 3-тапсырманы орындайды, берілген сұрақтарға жауап жазады.
	Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.	Үш деңгейлік тапсырмалар таратады: I деңгей 1.«Шұбат» сөзіне дыбыстық талдау жаса. 2. Сұраққа жауап бер: Сүт қандай болады? Сенің сүйікті тағамың қандай? II деңгей. 1. Берілген сөйлемдерді аяқта: Қымыз түйенің ----- ---. Сиырдың сүтінен -----. Сүт тағамдары денсаулыққа ----- . 2. Сұраққа жауап бер:	Әр оқушы өз деңгейіне қарай берілген тапсырмаларды алып, I-тапсырманы дәптерлеріне жазбаша орындайды, 2-тапсырма бойынша сұрақтарға ауызша жауап береді.



	<p>«Сөзден сөздер құрастыру» ойыны.</p> <p>Сабакты қорыту. Топтық жұмыс. Берілген сұрақтарға тиісті сөздерден сөйлем құрау.</p> <p>1. Шұбат түйенің сүтінен жасалады.</p>	<p>Сүт тағамдары денсаулыққа ----- .</p> <p>2. Сұраққа жауап бер: Сен үйде кімге көмектесесің? Түйенің сүтінен не жасалады?</p> <p>Ш деңгей</p> <p>1. «Дайындау» етістігін жікте. Сұраққа жауап бер: Сүт тағамдары туралы әңгімеле, өз ойыңды айт.</p> <p>Әр топқа 3 түрлі сөз таратады:</p> <p>1-топқа «балмұздақтар»</p> <p>2-топқа «денсаулыққа»</p> <p>3-топқа «жасалады» (бал, мұз, дақ, балмұздақ, ақ, аз, ал). (денсаулық, сау, ақ, ау, ал, қас). (ас, жаса, ал, ала, алды, сал, жас, жасыл)</p> <p>Бірнеше сөздер жазылған парактар таратады. Не? Ненің? Несінен? Не істейді?</p>	<p>Әр топ берілген сөздерден бірнеше сөздер құрастырып жазады.</p> <p>Берілген флипчартқа сұрақтарға жауап беретін тиісті сөздерді ретімен жапсырып, сөйлемді табады, тактаға іледі.</p>
--	---	---	--

	<p>Бағалау.</p> <p>Үйге тапсырма. 1.5-тапсырма, 35-бет.</p> <p>2. Жаңа сөздерді жазу және жаттау.</p> <p>3. №1 жұмыс дәптеріндегі 19-беттегі тапсырмаларды аяқтау.</p> <p>Рефлексия.</p>	<p>Бағалау парағы, бағалау фишкалары бойынша қорытынды бағаларын қояды.</p> <p>Тапсырманың орындалу жолын түсіндіреді.</p> <p>-Балалар, бүгін не туралы білдік? - Сабакта сендерге не ұнады? -Не түсініксіз болды?</p>	<p>Бағалау фишкаларын санайды.</p> <p>Оқушылар күнделіктеріне жазады.</p> <p>Сабактан алған әсерлерін стикерлерге жазып, көңіл-күй смайликтеріне жапсырады.</p>
--	--	--	---



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

*Бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға алдымен табандылық қажет.*

*Әл-ФАРАБИ*

**А.МҰХАМЕДЬЯРОВА,  
№5 ЖББ орта мектебі.**

Қарағанды облысы,  
Қарқаралы ауданы,  
Егіндібұлақ селосы

## **АНА ТІЛІ – АРЫҢ БҰЛ!**

*Тілім менің- қазынам, қасиетім,  
Қасиетім бар әлем бас иетін.  
Тілі жоқтың түрі жоқ, түбірі жоқ,  
Бола көрме, ана тіл, қасіретім.*

- Құрметті ұстаздар мен оқушылар! «Ана тілі – арың бұл!» атты тілдер мерекесіне арналған сайысқа қош келдіңіздер.

Ана тілі – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте, - деп Қадырағамыз жырлағандай,  
әр адам ең бірінші өз ана тілін білуі керек.

Біздің ана тіліміз- қазақ тілі. Қазақ тілі- мемлекеттік тіл болып үлкен мәртебеге ие болды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1989 жылдың 20 қаңтарындағы Жарлығына сәйкес 22-қыркүйек «Қазақстан халықтарының тілдері» күні ретінде аталып келеді. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, себебі әр ұлттың тілі–оның бақыты, тірегі. Бүкіл түркі елдеріне ардақты ағартушы, ғұлама

ғалым ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады» деген сөзінде үлкен мән жатыр. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі-тіл, бірі-ділің жүректегі», -деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай кез келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Біздің Отанымыз – Қазақстан.

-«Ана тілі – арың бұл!» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Сайыскерлерімізді бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыру.

*Кім білімді, өнерпаз, білейікші,  
Оқушылар алғыр деп жүрейікші.*

*Әділқазылар алқасына әділдікті,*

*Сайыскерлерге сәттілік тілейікші, -*

деп сайыскерлерімізді қошеметпен ортаға шақырамыз.

«Ана тілі – арың бұл!» атты сайысымыз 5 кезеңнен тұрады:

1. «Жорға» сайысы.
2. «Бірге ойланайық».
3. «Сөзден сөз тудыру».
4. «Мақалдың жалғасын тап».
5. «Өз өнері».

Бірінші кезең (3-слайд). «Жорға» сайысы бойынша сұрақтарға жауап беру.

1. ҚР-ның мемлекеттік тілі қай тіл? (Қазақ тілі)
2. Қазақ тіліндегі әріптердің реті бойынша орналасу жиынтығын не дейміз? (Әліпби)
3. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің авторы кім? (Ыбырай Алтынсарин)

4. Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр? (Көз-қорқақ, қол-батыр)

5. Жылататын да, жұбататын да не? (Тіл)

6. Оттан ыстық не? (Отан)

Сүйемін өз тілімді – ана тілім,  
Бесікте жатқанымда берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан

Құлағыма сіңірген таныс үнін.

Екінші кезең (16 слайд)

«Бірге ойланайық» сайысының тапсырмалары.

Берілген өлеңдердің жалғасын табу.

*Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,*

*Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.*

*Білмеймінтойғаныма, тоңғаныма,*

*Жылқыойнап, биеқашқан, тай жарысқан?*

*Абай Құнанбайұлы.*

*Желсіз түнде жарық ай,*

*Сәулесі суда дірілдеп,*

*Ауылдың жаны - терең сай,*

*Тасыған өзен гүрілдеп.*

*Абай Құнанбайұлы.*

*Ғылым таппай мақтанба,*

*Орын таппай баптанба.*

*Құмарланып шаттанба*

*Ойнап босқа күлуге...*

*Абай Құнанбайұлы.*

Үшінші кезең «Сөзден сөз тудыру» (23-слайд)

Қ А З А Қ С Т А Н – қазақ, қаз, ақ, зат, тас..., т.б.

Төртінші кезең. «Мақалдың жалғасын табу» (25-слайд)

1. *Мектеп - кеме,*

*Білім - теңіз.*

2. *Аталар сөзі - ақылдың көзі.*

3. *Өнерлі өрге – жүзеді.*

4. *Еңбек етсең ерінбей,*

*Тояды қарның тіленбей.*

5. *Жері байдың - елі бай.*

6. *Кітап - білім бұлағы.*

7. *Ас - адамның арқауы.*

8. *Еріншектің ертеңі бітпес*

9. *Тіл тас жарады -*

*Тас жармаса бас жарады.*

10. *Батыр туса ел ырысы,*

*Жаңбыр жауса жер ырысы.*

Бесінші кезең. (46-слайд) «Өз өнерім» сайысы.

Тіл туралы өлеңдер мәнерлеп оқу.

Әділқазыларға сөз берейік (сайыстың қорытындысы жасалып, сайыскерлеріміз марапаталады).

- Тіл-ұлттық қазынамыз, байлығымыз. Оны қадірлеп, атадан балаға жеткізу-біздің міндетіміз. Ана тіліміздің мәртебесі биіктей берсін! Бүгінгі тілдер мерекесіне арналған «Ана тілі-арың бұл» атты сайысымыз аяқталды.



**Ш.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**  
№27 мектеп-лицейі.  
Астана қаласы

## **ДИКТАНТ ТҮРЛЕРІ**

**Диктант** – орфографиялық сауаттылықты тексеруге арналған жазу жұмысының бір түрі. Диктанттың бірнеше түрі бар.

**Әріп диктанты** – оқушылардың естіген, үйренген дыбыстарының әріптік таңбасын қаншалықты меңгергенін байқау үшін жазылады. Буын диктанты – сөзді буындап оқуға, оны жаттап алуға көмектесу, сөздерді тасымалдай білуге үйрету сияқты жұмыс түрлерін қамтиды.

**Сөздік диктант** – өтілген жаңа сөздер алынады. Әріпті тастап кетпей, артық әріп қоспай немесе әріптердің орынын ауыстырмай, әрбір сөздің мағынасын түсініп, қатесіз, көркем жазуға дағдыланады.

**Терме диктант** – фонетика, грамматиканы пысықтау үшін өте қажет. Оқушылар мәтінді түгел жазбай, мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады.

**Көру диктанты** - бұл диктант түрі оқушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға

берілген өлеңдерді алуға болады.

Диктант мәтіндері үзіліс кезінде тақтаға немесе алдын ала аумақты қағазға жазылып қойылады. Оларды оқушылардың 2-3 рет оқып шығуына, асықпай көріп, жадында сақталуына 1-2 минут уақыт беріледі. Содан кейін мұғалім оны жауып қояды. Оқушылар тақтадан оқыған мәтінін есіне түсіріп, дәптерге жазады.

**Өздік диктантын** оқушылар өтілген материалдарға байланысты әріптер мен буындарды, сөз бен сөз тіркестерін және жекелеген сөйлемдер мен жаттап алған өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді естеріне түсіріп, ойлана отырып өз бетінше жазады.

Диктанттың бұл түрінің өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы зор. Мұғалім өздік диктанты қай күні болатынын, нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын ала ескертіп қояды.

**Шығармашылық диктант-үйрету** диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін арттыру көрсеткіші. Бұл диктанттың көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқты басқа диктанттарға ұқсамайтын өзгешеліктері болады.

**Ескерту диктанты** - көлемі, орфографиялық емле, сөздік қоры жағынан бақылау диктантына жақын келеді. Мұнда осы уақытқа дейінгі өтілген барлық материал түгел қамтылып, оқушыларды бақылау диктантына тікелей әзірлейді.

**Графикалық (сызба)диктант** - сөйлемдегі сөздердің байланысын сызба арқылы көрсету, керісінше, берілген сызба бойынша сөйлем құрау сияқты түрлі вариантта жүргізуге болады.

**Бақылау диктанты** - бұрын өтілген материалдарды оқушылар қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейінің қандай екенін анықтау мақсатымен жүргізіледі. Бақылау диктанты белгілі бір тарауды оқып бітіргеннен кейін және тоқсанның, жылдың аяғында өкізіледі.

Диктант түрлері белгілі бір грамматикалық ережеге сай жүргізіледі. Ең алдымен, ережені түсіндіріп алып, содан кейін ережеге сай келетін сөйлемдер айтылып, оқушыларға жаздыру керек. Бұл түсіндірме бойынша диктантты есту арқылы және көру арқылы жазатын, теріп жазатын, шығармашылық қабілеттерін шыңдайтын, т.б. түрлері бар.

Қазақ тілі пәнінен білім, білік, дағдыны үнемі есепке дыбыстарының отыру-бастауыш мектептегі оқу процесінің ең қажетті бөлігі.

тоқсан	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
Жұмыс түрлері	1.Әріп диктанты. 2.Бақылау диктанты.	1.Шығармашылық диктант. 2.Бақылау диктанты.	1. Терме диктанты. 2. Буын диктанты. 3.Көру диктанты. 4. Бақылау диктанты.	1.Өзіндік диктант. 2.Графикалық диктант. 3.Бақылау диктанты.

2-сынып. 15-20сөз

I тоқсан.

### 1. Әріп диктанты.

*Отбасы*

*Ата, әже, әке, ана, көке, апа, аға, әпке, іні, сіңлі, қарындас, бауыр, немере, жиен, шөбере.* (15 сөз)

Грамматикалық тапсырма:

Қазақ тіліне тән дыбыстардың астын сызындар.

### 2. Бақылау диктанты.

*Киімдер*

*Құлақшын, тымақ, бөрік, тақия, сәукеле, бөкебай, күрте, жейде, кимешек, камзол, көйлек, шалбар, белбеу, ішік, тон, қолғап, шұлық, байпақ, мәсі, бәтеңке.*

(20 сөз)

*Тымақ, бөрік, тақия, сәукеле, камзол, мәсі – ұлттық киімдер.*

Грамматикалық тапсырма:

Дауысты дыбыстардың астын сызындар.

II тоқсан.

### 1. Шығармашылық диктант.

*Ойыншық*

1. *Балалар, ойнады, ойыншықпен.*  
2. *Қуыршақты, Айжан, киіндірді.*  
3. *Сыйлады, Алдиярға, робот, әкесі.*  
4. *Машина, Мақсат, жүргізді.*  
5. *Барамын, ойыншықтар, мен, дүкеніне.* (17 сөз)

Грамматикалық тапсырма:  
Орны ауысқан сөздермен сөйлем құрап,  
жазындар.

## 2.Бақылау диктанты.

Жануарлар

*Төрт түлік мал: түйе, жылқы, қой, сиыр.*

*Түйенің төлі – бота. Жылқының төлі – құлын.*

*Қойдың төлі – қозы. Сиырдың төлі – бұзау. (19 сөз)*

Грамматикалық тапсырма:  
Дауыссыз дыбыстардың сөздердің астын  
сызындар.

III тоқсан.

1.Терме диктант.

*Апта күндері*

*Бір аптада жеті күн болады. Бірінші – дүйсенбі,  
екінші – сейсенбі, үшінші – сәрсенбі, төртінші  
– бейсенбі, бесінші – жұма, алтыншы – сенбі,  
жетінші – жексенбі. Мен тоғызыншы қаңтарда  
тудым. (23 сөз)*

Грамматикалық тапсырма:

Нешінші? деген сұраққа жауап беретін сөздерді  
теріп жазындар.

## 2. Буын диктант.

*Гүл*

*Бақбақ, бәйшешек, жауқазын, жұпаргүл,  
күнбағыс, қызғалдақ, қырмызыгүл, лалагүл,  
меруетгүл, меңдуана, нәркес, раушангүл, түймедақ,  
шегіргүл, інжугүл.*

(15 сөз)

Грамматикалық тапсырма:  
Сөздерді буынға бөліп жазындар.

## 3. Көру диктанты.

Диктант тақтаға жазылады, мұғалім дауыстап  
оқиды, оқушылар 2-3 мәрте оқып, естеріне  
сақтайды. Сосын мәтін өшіріледі.

*Оқу құралдары*

*Кітап оқу үшін керек.*

*Өшіргіш өшіру үшін керек.*

*Сызғыш сызу үшін керек.*

*Дәптер жазу үшін керек.*

*Түрлі-түсті қарындаштар сурет салу үшін  
керек.*

(23 сөз)

Тапсырма:

Сөйлемдерді толықтырып жазындар.

Кітап ...

Өшіргіш ...

Сызғыш ...

Дәптер ...

Түрлі-түсті қарындаштар ...

## 4. Бақылау диктанты.

Тыныс белгілеріне назар аударындар!

*Кітап дүкені*

*Кітап – білім бұлағы. Кітап – шебер ұстаз,  
тілсіз мұғалім. Кітап – адал дос.*

*Кітап – асыл қазына. Кітап – оқығандікі, білім  
то-қығандікі. (18 сөз)*

Грамматикалық тапсырма:

*Кітап* сөзіне фонетикалық талдау жасаңдар.

IV тоқсан.

### 1. Өзіндік диктант.

*Демалыс*

*Демалыс, алма, кітап, қыз, оқушы, бауырсақ, сынып, үй, кемпірқосақ, тон.*

*Керекті сөздер: үлкен, таза, жылы, қызық, сары, әдемі, қызыл, дәмді, тәртіпті, көңілді.*

Тапсырма: берілген сөздермен сөз тіркестерін байланыстырып жазыңдар.

### 2. Графикалық диктант.

«Бағдаршам»

\_\_\_\_\_ ?  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ .  
\_\_\_\_\_ .

Что это?

Это – светофор.

У светофора три цвета.

Я всегда смотрю на светофор

Грамматикалық тапсырма:

«Бағдаршам» сөзіне фонетикалық талдау жасау, буынға бөліп, буын түрлерін жазыңдар.

### 3. Бақылау диктанты.

*Тазалық*

*Таңертең ерте тұрамын. Бетімді, қолымды сабынмен жуамын. Тісімді тазалаймын. Шашымды тараймын. Киім ауыстырамын. Төсегімді жинаймын. Мен ұқыпты баламын, тазалықты сақтаймын.*

(20 сөз)

Грамматикалық тапсырма:

Жіңішке сөздердің астын бір сызықпен, жуан сөздердің астын екі сызықпен сызыңдар.

Сыныптан тыс шара

**М.ӘБЖАНОВА,**

**Балкашин №1 орта мектебі.**

Ақмола облысы,

Сандықтау ауданы,

Балкашин ауылы

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ БИІК БОЛСЫН!

Мақсаты: оқушыларды ұлтжандылыққа, адамгершілікке, Отанды сүюге тәрбиелеу; оқушыларға азаттығымыздың қалай келгендігін түсіндіре отырып, өз елін, жерін сүюге, қадірлей білуге баулу. Оқушы бойында патриоттық сезімін қалыптасуына ықпал жасау.

Түрі: тарихи-танымдық тәрбие сағаты.

Оқыту әдсі: әңгімелесу, пікір алысу.

Көрнекілік: слайдтар, дербес компьютер.

Пәнаралық байланыс: тарих пәні, әдебиет.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Өнұран орындау.

*Тәуелсіздік бізге оңай келмеді,*

*Туымызды бізге ешкім бермеді.*

*Ел тізгінің қолына алу жолында,*

*Қыршын кетті талай қазақ ерлері.*

Ой ашар:

1. Балалар біз қандай елміз? (Тәуелсіз)
2. Қай жылы тәуелсіздік алдық? (1991 жылы 16 желтоқсанда)

3. Тәуелсіздік дегенді қалай түсінесіздер.

4. Егемен елдің ерекшелігі неде? (Шекарасы, Елбасы, ұлттық рәміздері, Ата заңы, өзіндік экономикасы шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы, салт-дәстүрі болады.)

5. Қазақ елінің іргесі қай жылдардан қаланды деп ойлайсыздар, ол кезде қазақ елді кім басқарды?

- Иә, балалар, XV ғасырдың II жартысында Жәнібек, Керей хандарымыз қазақ елін құрып, біздің ата-бабаларымызды бір тудың астына біріктіріп, ел шекарасын белгіледі. Қазақ елі құрылды. Кейіннен бірнеше хандар елімізді басқарды. Алдарыңызда қазақ елінің алғашқы сол кездегі картасы. Осы қазақ елін құрған хандарымыздың ерен еңбегі бүгінгі таңда еленіп, ҚР Тұңғыш Президенті мұражайының алдындағы саябаққа биіктігі 12 метрлік ескерткіш орнатылды. Жобаның авторы астаналық жас мүсінші- Ринат Әбенев. Ескерткіштің ашылу салтанатында Н.Ә.Назарбаев: «Елорда тұрғызылған Керей мен Жәнібек хандардың еңселі ескерткіші-мызғымас мемлекетімізге арналған мәңгілік белгі» деген болатын. Сонымен бірге, Есілдің сол жағалауындағы екі көшеге Жәнібек пен Керей аты берілді.

Дегенмен, 1991 жылы егемендік, тәуелсіздік алдық деп қайталап отырмыз. Сіздер үшін бұл түсініксіз жайт болып отыр. Иә, осы аралықта сан ғасырлық тарих. Үлкен шежіре жатыр.

Слайд (Желтоқсан оқиғасы)

Ой қозғау.

I. «Тарихы мол сан тарау»

Егемендік –ел болудың белгісі,

Басқы жұртпен тең жұлдызы, тең күші.

«Егемендік» деген сөзден естілер,

Ата-жұрттың арғысы мен бергісі.

Тәуелсіздік алғаннан соң елдің биік рухын бейнелейтін «Тәуелсіздік монументі» алматыдағы республика алаңына орнатылды. Ескерткіштің жобасын жасаған сәулетші-Тимур Сүлейменов. Сонымен, біз тәуелсіз елміз, азат елміз, егемен елміз. Ал, тәуелсіз елдің өзіндік ерекшелігі, байлығы болады. Бізде не бар екенін топтастырып көрейік.

1) Біздің басқару жүйеміз қандай? Біздің Тұңғыш Президентіміз туралы кім не біледі?

2) Еліміздің ұлттық рәміздеріне тоқталайық.

Ту-елдіктің белгісі. Авторы-Ш.Ниязбеков. 1992 жылы Ту бекітілді. Көгілдір түсті, жиегінде оюмен безендірілген, ортасында күн және қыран бейнеленген.

3) Елтаңба-бейнесі. Авторлары- Ш.Уәлиханов, Ж.Мәлібеков.

4) Әнұран-Отанымыздың салтанатты үні, өр үні, өміршен үні. Оның қалықтай көтерген әуенінде туған жердің рухы мен сазы шымырлай шалқиды. Кеудені мерейлі қуанышқа бөлейді, арманында аялай самғатады.

5) 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда біздің қоғамымызда өзгерістерге, талаптарға сай толықтырылған қазіргі Ата заңымыз қабылданды.

6) «Мен-қазақпын» әні орындалады.

- Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

- Қазақстан көп ұлтты мемлекет.

Халқының саны-16млн 9600.



Жалпы халықтың 63%-ын қазақтар құрайды.

7) «Түркі халықтарының ішіндегі ең бай, бейнелі тіл-қазақ тілі».

Қазақ тілі-1990 жылдан бастап мемлекеттік мәртебеге ие болды. 2001 жылы наурызда Тіл туралы Заң қабылданды.

8) Діні–Ислам. Ислам дінінің негізін салушы-Мұхаммед Пайғамбар. Ислам дінінің негізгі Сауд Арабиясында қаланды. Қазіргі таңда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Бас мұфти Ержан қажы Малжағыұлы.

9) Валютамыз-теңге. «Валюта» *бага* дегенді білдіреді. Әр елдің өз бағасы бар. АҚШ-та доллар, Ресейде-рубль.

10) 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құралды.1992-1998 жылдар аралығында Қарулы Күштер қайта құрылып, 1999 жылы түбегейлі тұрақтандырылды. Бүгінгі таңда бас қолбасшы – Президентіміз Н.Ә.Назарбаев.

11) 1997 жылы Елорда Ақмола қаласына көшірілді, 1998 жылы Астана деген ат берілді. Стамбулда өткен түркі тілдес халықтар Саммитінде Астана 2012 жылға Түркі әлемінің астанасы деп жарияланды. Елордамызда Астанасы әлемге паш ететін монументтер көрініс тапты. Соның бірі-«Қазақ елі» монументі, биіктігі- 91 м. Ұшар басындағы салмағы 2,5 тонна алтын жалатылған самұрық құс орнатылған. 1990 шаршы метр кеңістікке созылған мәрмәр тастан жасалған. Бас сәулетші-Саматбек Бөкебай. Ал «Бәйтерек» монументінің биіктігі-97м. Шарының диаметрі-22 м. «Аялы алақан» композициясы 2 кг алтыннан, 6 кг күмістен құйылған.

Ол әлемінің жеті кереметінің бірі- Эйфел мұнарасы нысаны қатарына қосылған. Міне, осындай біздің сүйікті астанамызда кеше ғана әлемді аузына қаратқан Еуропадағы Қауіпсіздік және БІнтымақтастық Ұйымына мүше елдердің Саммиті болып өтті. Саммит сөзі-«Шың» дегенді білдіреді. Дәлірек айтсақ, елдердің басшыларының бас қосуы деген түсінікті береді. Саммитте 13 бөлімнен тұратын Астана декларациясы (жарғы) қабылданды. 56 елден келген елбасылары мен өкілдері бірауыздан ЕҚЫҰ шеңберіндегі өткір мәселелерді бір ізге түсіріп, бейбіт түрде шешу мәселелерін бекітті.

«Мен елімнің ұланымын» тақырыбына ой-толғау жазу.

- Біз-тәуелсіз елміз. Тәуелсіздігімізге 24 жыл толды. Бұл-үлкен мәртебе. Үкімет Тәуелсіздігіміздің 24 жылдығына дайындық жоспарын жасауда. Біз-осы тәуелсіз елдің ұланымыз, болашағымыз. Елімізді, жерімізді сүйеміз. Ендеше, елімізге арналған жүрекжарды өлеңдерің мен шығармаларыңды оқи қойыңдар.

Ой қорыту.

Оқушылар бүгінгі сабақтан алған білімдеріне сүйене отырып, өз ой-пікірлерін әңгімелейді.

Тәуелсізбін, егеменмін, азатпын,  
Туды міне, ел аңсаған азат күн!  
Елдің туын биік ұстар әрқашан,  
Болашағы сендерсіңдер қазақтың!  
«Елім менің» әні орындалады.



## ДОСТЫҚТЫ БАҒАЛАЙ БІЛ

(6-сынып)

Мақсаты: білімділік- «Достық» тақырыбынан алған білімдерін пысықтау; дамытушылық-жақсылық жасай білуге, адамгершілік жолына баули отырып, әдептілігін, инабаттылығын дамыту; тәрбиелік-досқа деген мейірімділік, кішіпейілділік, сыйластық қарым-қатынасын қалыптастыру.

Көрнекілігі: үлестірме қағаздар, плакаттар, интерактивті тақта, мәтін, слайдтар.

Түрі: жарыс сабағы.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, жаттығу, қайталау, ізденіс, талдау, жүйелеу, сын тұрғысынан ойлау.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды түгелдеу және сабаққа даярлықтарын тексеру.

II. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

- Балалар, бүгін біз бір тақырыпты әңгімелейміз. Ол тақырып жасырылып тұр.

- Тақтаға қараңдаршы, дұрыс сөзді табыңдар.

Д Т О Ы С Қ

- Иә, яғни, бүгін біз «Достық» туралы тақырыпты қамтимыз.

- Достықты қалай түсінесіңдер?

- Иә, достық-татулық, мейірімділік, сыпайылық.

Әрбір адамның досы бар. Досың болса, онымен әңгімелесесің, бірге сабақ дайындайсың, бірге

ойнайсың. Қиын кезде досың саған қол ұшын береді. Жақсы дос өз-өзін дұрыс ұстай білетін, достарына үнемі көмектесіп жүретін бала. Достық туралы көптеген мақал-мәтелдер бар. Мәселен,

Жүз теңгең болғанша

Жүз досың болсын

Жаманмен жолдас болсаң,

Кесірі жұғар.

Жақсымен жолдас болсаң,

Несібі жұғар.

Сұрақ-жауап:

- Балалар, сендердің достарың бар ма?

- Олар қандай?

- Достық дегенді қалай түсінесіңдер?

- Шын досты қалай білуге болады?

- Достары көп болу үшін адам қандай болуы қажет?

III. Сайыс.

Балалар, қазір сабағымызды жарыс түрінде өткіземіз.

1-топ «Тапқырлар», 2-топ «Алғырлар»

1-топ «Тапқырлар»

Ұраны:

«Өнер-білім, бәрі де

Оқуменен табылған.»

Жетістікті тағдыр емес

Білім ғана анықтар

2-топ «Алғырлар»

Ұраны:

Өнеріміз сайыста

Жетелейді алысқа.

Бүгінгі күннің жеңісі

Достық болып қалады.

- Балалар, біз сабақтың аяғына дейін «Достық» үйін салуымыз керек. Үй салу үшін бізге кірпіштер керек.

Біздің кірпіштер – ол достыққа қатысты сөздер. Әр орындаған тапсырмалардан кейін үйдің кірпіштерін қалап отырамыз. (ұпай беріп отыру)

IV. «Сөзжұмбақ» сайысы. Сын есімдерді қазақ тіліне аударып, сөзжұмбақты шешу. (тігінен шешу) (әр командаға 1 ұпай беру)

V. Мәтінмен жұмыс. (әр командаға бір ұпай беру)

*Достықты бағалай біл*

Самат досы Әлиге бірнеше рет өтірік айтты. Мұны білген Әли:

- Бұлай жасауға болмайды, Самат. Саған ешкім сенбейтін болады, - деді.

- Мен енді өтірік айтпаймын. Мені кешірші, - деп жалынды досы.

- Мен саған сене алмаймын, - деді Әли.

- Сеніңіз, мен уәде беремін, - деді Самат.

- Уәде – қасиетті серт. Ал, сертті әрқашан ұстау керек. Шын достар өтірік айтпайды.

- Мен енді алдамаймын. Дос болып қалайықшы, - деді Самат.

- Жақсы. Достықты бағалай біл, - деді Әли.

1. Жаңа сөздерді тыңдаймыз, мұғалім оқиды.

Сөздік:

достық- дружба;

өтірік - ложь;

өтірік айту– солгать, обмануть;

өтірік айтпау- не обманывать;

ешкім- никто;

сенбеу- не верить;

уәде беру- дать обещание;

жалыну- умолять;

шын – настоящий;

бағалау- ценить;

серт- клятва;

қасиетті- святой.

2. Өздері жаңа сөздерді оқиды, мұғаліммен бірге, жеке, сөз тіркестерін құрастырады, сөздік дәптерге жазады.

Мәтінмен жұмыс.

1. Мұғалім мәтінді оқиды, түсінгендерін сұрайды.

2. Өздері жеке, рөлге бөліп оқиды, аударады.

1. Мәтін бойынша 1-топ 2-топ бір-біріне сұрақ қояды.

- Самат Әлиге бірнеше рет не айтты?

- Әли Саматқа қандай кеңес берді?

- Самат жасаған ісіне ұялды ма?

- Самат Әлиден нені сұрады?

- Әли Саматқа не деді?

- Достықты бағалай біл дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Жазбаша жұмыс. «Сауатты болу мақсатым». (әр командаға 2 ұпай беру)

1-топ. «Тұлпарлар»

1) *Қасиетті сөзіне* морфологиялық талдау жасаңыз.

2) *Достар* сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

2-топ. «Алғырлар»

1) Достықты сөзіне морфологиялық талдау жасаңыз.

2) *Өтірік* сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

VI. «Мақал-мәтелдер» сайысы. Қай топ мақал-мәтел көп біледі, сол топ жеңімпаз.

VII. Капитандар сайысы. (ұпай беру)

1- топ сұрақтары:

1. Сын есім аудармасы.

2. Сын есім нені білдіреді?

3. «Чуткий сын» аудармасы.

4. Дара сын есімге мысал келтір.

5. Сын есім тұлғасына қарай неше түрге бөлінеді?


2-топ сұрақтары:

1. Сын есім сұрақтары.
2. Сын есім мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?
3. «Вежливый мальчик» аудармасы
4. Күрделі сын есімге мысал келтір.
5. Сын есім құрамына қарай неше түрге бөлінеді?

VIII. «Венн» диаграммасы. Айырмашылығы, ортақ белгісі. (ұпай беру)


1-топ. Достық

2-топ. Жолдастық



IX. Сұхбаттасу. Өзі туралы, досы туралы әңгімелесу. (өз тобында) (ұпай беру)

X. Үй салу. (Ұпай беру)



- Енді біз үйдің шатырын қоюымызға болады. «Достық»-«Дружба»

- Достықты құру үшін біз қандай қасиеттерге ие болуымыз керек?

XI. Қорытынды. - Балалар, біз сабақта не істедік? Сонымен, балалар, қалай ойлайсындар, бүгінгі сайыста кім жеңді? (ұпай жиналған 2-топтың ыдыстарын көрсету, егер екі топтың ұпайлары бірдей болса, «Достық» жеңеді.

XII. Бағалау. Үйге тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар.

A1. Берілген сызбалар бойынша 3-4 сөз тіркесін құраңдар.

- Есімдік + зат есім
- Сын есім + зат есім
- Зат есім + етістік
- Сан есім + зат есім

A2. Берілген сөздерді аударып, сөйлемдер құрастырындар. *Оқу озаты, түйдей құрдас, ақкөңіл, сенімді, қадірлейді.*

B1. Сөз тіркестерінен сөйлем құрастырындар. *Жақсы дос, оқу озаты, үлкендерді сыйлайды, ол ұқыпты, түйдей құрдас, ұзын бойлы, мінезі шапшаң, бірге оқимыз.*

B2. Кестедегі достық туралы мақал-мәтелдерді табындар.

жаман	күлме	достың	аяғым
досы	таяғым	азбен	келер
заттың	досы	ескісі	артық
жаман	жақсы	жолдастан	басына
жаңасы	көппен	аттан	сыйлас
сырлас	артық	досыңа	жақсы

C1. «Телефон арқылы досыңмен сөйлесу» тақырыбына диалог құрастырындар.

C2. «Менің досым» тақырыбына шағын шығарма жазып келу.

Д.ЖАНАБЕКОВА,  
Казанка орта мектебі.  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Жамбыл ауданы

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

*(Тапқырлар сайысы)*

Мақсаты: өзге ұлт өкілдерін мемлекеттік тілді қадірлеуге, сыйлауға баулу, өз ойын қазақ тілінде неғұрлым жетік, еркін білдіруге дағдыландыру.

Түрі: сайыс.

Көрнекілігі: кеспе қағаздар, суреттер, тіл туралы қанатты сөздер, өлең шумақтары.

Әдісі: іздендіру, шығармашылық.

*-Қазақстан елім менің,  
Қазақстан жерім менің.  
Саған арнап айтылады,  
Әнім менің.  
Әнұран.*

Сабақтың барысы:

-Сәлеметсіздер ме! Құрметті қонақтар мен қолдаушы әріптестер. Бүгін біз Мемлекеттік тіл мерекесін атап өтпекшіміз. Сіздер білесіздер, біздің жеріміз өте кең, онда әр ұлттың өкілдері тұрады және олардың бәрінің өз ана тілдері бар. Олардың басым көпшілігі өз ана тілінде сөйлейді. Өз тіліне үлкен құрметпен қараған адамдар өзге ұлттың да ана тіліне құрметпен қарайды. Ал біздің Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте ортақ тіл, барлық халықты мекен еткен жеріне деген сүйіспеншілікті дарытатын мақтаныш туғызатын қазақ тілі. Бұл

біздің мемлекетімізді күшейтеді.

— Армысындар, халайық!

Бармысындар, халайық!

— Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар.

Тапқырлар сайысы басталады.

Көргендер де арманда,

Көрмегенде де арманда,

Қызықтан тыс қалмаңдар!

Сайысқа 4 ойыншыдан тұратын екі топ қатысады.

-Ау, халайық, тыңдаңыздар, анау жаққа қараңыздар!

Келе жатқан бұл кімдер екен?

Қарсы алайық! Бекер қарап тұрмаңыздар!

Сайыстың кезеңдері: I. Таныстыру.

«Жас қыран» тобы өздерін таныстырады.

«Жас ұлан» тобы өздерін таныстырады.

-Әр сайыстың төрешісі болады,

Әр тартыстың нәтижесі шығады.

Әділ баға беретін қазылармен

Танысқымыз келеді де тұрады!

Олай болса, әділқазылармен таныс болайық!

«Жас қыран» тобының ұраны:

Ардақтайық ана тілді!

4-сынып оқушысы өлең оқиды:

Қазақстан туы.

*Ақ ниеті –алтын күн,*

*Асқақ арман-қыраны.*

*Жалауы бұл халқымның*

*Мәртебесі, мақтаны.*

«Жас ұлан» тобының ұраны:

Құрметтесек, ана тілді құрметтейік!

4-сынып оқушысы өлең оқиды:

Туған елім.  
Туған өлке-кең далам,  
Мәңгілік бақыт орнаған.  
Сайрандаймыз саянда,  
Ерікті ұлан –біз балаң.

II. Өз сыңарыңды тап.  
ел-таң-ба, мем-ле-кет, тә-уел-сіз, та-ту, ән-ұр-ан,  
ас-та-на, дос-тық, ме-ре-ке.

1-сынып оқушысы «Менің Отаным» өлеңін оқиды:

Отан –менің ата-анам,  
Отан –досым, бауырым.  
Отан-менің бар қалам,  
Отан-туған ауылым.

3-сынып оқушысы:

Отан  
Отан-туған үйіміз,  
Отан-туған жеріміз,  
Отан –ортақ үйіміз,  
Отан-көңілді ән, күйіміз.

III. Алты сөз тауып жаз.

с	ж	м	е	м	л	е	к	е	т
о	т	а	н	п	з	е	ж	и	л
ә	н	ұ	р	а	н	т	а	н	п
п	з	ы	е	л	т	а	ң	б	а
т	ә	у	е	л	с	і	з	ю	е

IV. Сөзжұмбақты шешу.

Анастасия «Государственный язык» атты өлеңді жатқа оқиды.

*Государственный язык с детства уважаем  
И старательно его в школе изучаем.  
Хоть и трудно нам пока, мы не унываем  
И уже не мало слов по-казахски знаем.*

V. Пирамида ойыны. (моншақты толтыру)  
Оқушылар би билейді.

Мұғалім: -Сонымен, балалар, тапқырлар сайысы аяқталды. Ойынның қорытындысын шығару үшін сөзді әділқазылар алқасына береміз. Әділқазылар қорытынды шығарып, жеңген топты марапаттау қағаздарымен мадақтайды.

Мінекей, осылайша бүгінгі біздің сайысымыз аяқталды. Барлық қатысқан оқушыларға алғысымды білдіремін. Осы сайыста сендер өздеріңнің алған білімдеріңді, өнерлеріңді көрсете білдіңдер. Сайыс болғаннан кейін жеңген де болады, жеңілген де болады. Келешекте білімдеріңді одан әрі шындап, биіктерден көрінетіндеріңе тілектеспін!

Мемлекеттік тілімізді құрметтесек орнымыздан тұрайық,

Елордамыз көркейсін десек қолымызды көтерейік.

Қазақстан Республикасы– тәуелсіз десек қол соғайық.

Ынтымағы мен бірлігі жарасқан ел десек қол ұстасайық.

Осымен келесі көріскенше қоштасайық. Сау болыңыздар!



**И.ҚАЗЫМБЕК,**  
**№8 орта мектебі.**  
Ақмола облысы,  
Атбасар ауданы

## ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ

Мақсаты: оқушылар Ыбырай Алтынсаринның өмірі мен шығармашылығы туралы қосымша және архив материалдарын қолдана отырып, өз бетінше қорытынды жасап, ойларын ашық айтады, тұжырым жасайды, бірлесе жұмыс жасай отырып, бір-бірінің пікірін тыңдайды, жауаптарды талдайды, бағалайды, ұлтының ардақты ұлдары туралы өз ойларын ортаға салады.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, әңгімелеу, талдау, сұрақ-жауап, тұжырымдау, сараптау, қорытындылау, бекіту, т.б.

Көрнекілігі: ағартушының портреті, сабаққа байланысты сызбалар, кестелер, слайдтар, т.б.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың сабаққа әзірлігін қалыптастыру.

II. Өткен тақырыпты бекіту мақсатында кодты-графикалық диктант жүргізу.

III. Жаңа тақырыптың мақсаты мен барысын айту және түсіндіру.

-Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз ерекше. Бұл сабағымызды қазақ халқының белгілі ағартушысы, ұлт ұстазы атанған, қазақ көркем сөзінің биік

шыңындағы жалпы әдебиет әлеміндегі қайталанбас тұлғалардың бірі-Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына арнамақпыз. Сабағымыздың эпиграфы ретінде мына өлең жолдарын алдым. Олай болса, осы өлең жолдарымен бүгінгі сабағымызды бастайық:

*«Ұлы есімің өшпес мәңгі санадан,  
Бір өзіңе басын иген сан адам,  
Сен қалдырған болашаққа, ұрпаққа,  
Еңбегіңнен қуат алам, нәр алам.  
Сөнбес жұлдыз мәңгі қалар санада,  
Қазақ елі басын иген данаға...»*

...Алтынсарин Ыбырай атамыз аудармашы, жазушы, ақын, ағартушы-ұстаз, қазақ халқының тұңғыш ұлттық педагогикасының негізін салушы, қазақ тіліндегі, яғни, ана тіліміздегі тұңғыш оқулықтардың авторы. Қазақ тілінде тұңғыш мектеп ашқан. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы. Бір сөзбен айтқанда Ұлтымыздың ұстазына айналған жан.

IV. Балалар, бізге тақтада Ыбырайдың атасы Балғожа бидің жазған мына хаты берілген. Олай болса, осы екі өлеңге талдау жасайық:

1. /Үміт еткен/ көзімнің нұры,/ балам,/11а  
/Жаныңа/ жәрдем берсін/ Хақ тағалам./11а  
/Атаң мұнда/ анаңмен /есен-аман,/11б  
/Сүйініп/ сәлем жазды/ бүгін саған../11б

Шумақ-1  
Тармақ-4  
Бунақ-3

Буын -11.

Қара өлең ұйқасы-(а, а,б, б.)

Арнау өлең.

V. Сөзжұмбақты шешу:

Сөзжұмбақ сұрақтары: Кілт сөзі «Балғожа»

1. Ыбырай әдебиеттің ішінде қай әдебиетке ерекше көңіл бөлді?

2. Ыбырай халық игілігі балалардың болашағы үшін қандай іспен айналысты?

3. Ыбырай өлеңдері көбінесе қай бағытта келеді?

4. 8-қаңтарда 14 оқушы қабылданған мектеп қай жерде ашылды?

5. «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы қай қалада басылып шықты?

6. Торғай жерінің қазіргі атауы қандай?

7. Ыбырайдың азан шақырып қойылған аты кім?

VI. Слайтпен жұмыс, глоссарийді сәйкестендіру.

V. Жұпқа ортақ тапсырма осы тақырыпқа сай эссе 5-жолды өлең жазу.

Синквейн әдісімен жұмыс.

Мысалы:

1.1-зат есім

2.2-сын есім

3.3-етістік

4.4-сөзден құралған бір сөйлем

5.1-синоним

1. Ыбырай

2. Ойшыл, танымал

3. Ашты, танылды, айтты

4. Ыбырай-халықтың біртуар ұлы.

5. Ағартушы.

II. 1. Ақын.

2. Әйгілі, ардақты

3. Туды, жырлады, танылды

4. Торғайда мектеп ашқан ұстаз.

5. Пәлсафашы.

(Әр топтан бір бала 5 жолды өлеңдерін оқиды)

VII. Балалар, бүгінгі сабақта біз ұлт ұстазы, дала қоңырауы атанған, қазақ көркем сөзінің әлеміндегі қайталанбас тұлға-Ыбырай Алтынсарин туралы біраз ой толғадық, оның өмірі мен шығармашылығы жайлы біраз мәлімет білдік. Енді, балалар, қиялдарыңызға ерік беріп, бүгінгі алған деректер мен мәліметтерге сүйене отырып, ұлт ұстазы атанған Ыбырай туралы өз ойларыңызды мына қағаздардың беттеріне түсірсеңіздер. Оның аты аталғанда көз алдымызға не келеді соны тезірек бейнелеңіздер.

(Балалар Ыбырайды суреттейді және суреттерін қорғайды)

Оқушылар Ыбырай ата жайлы ойларын қорытады.

VIII. Сабақты сұрақ-жауап әдісі бойынша пысықтау, қорытындылап, бекіту.

IX. Кодты-графикалық диктант жазу барысындағы жұмыстарын ескеру. Кері байланыс ұйымдастыру. Қабырғада ілінген пайыздар тұсына оқушылардың баруын сұраймын және сол арқылы бағалаймын.

X. Үйге тапсырма: Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығы және «Даланың дара ұстазы» тақырыбына эссе жазу.





**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнур ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 08.12.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 5000. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№12, 2015 ж., 144 бет, Алматы.